кейбіреулер: «Иман өз ішінде артады» деп есептеген. Бұл көзқарас иманды күш-қуат пен әлсіздік тұрғысынан бағалауға негізделген. Ал біз айтамыз: Бұл арту мен кему – иманның өзіне емес, оның белгілеріне, сипаттарына және нәтижелеріне қатысты. Өйткені иманның негізі – жүрекпен бекіту (тасдиқ), ал тасдиқтың өзі бөлшектенуді де, дәрежеленуді де қабылдамайды. Егер бір нәрсе өзінің түп негізі жағынан бөлінбейтін болса, онда ол арту мен кемуді де қабылдамайды. Арту мен кему тек туынды сипаттар мен амалдарға тән. Сондықтан иманның артуы деп айтылған нәрсе – оның әсерінің күшеюі, жүректе орнығуы, күмәннің азаюы және нәпсіге үстемдік етуі болып табылады. Бұл – әллі сүннет көзқарасы. Ал харижилер мен мұғтәзилер иманды амалмен өлшеп, үлкен күнә жасаған адамды иманнан шығарады. Біз үшін дұрыс жол – иманды оның шынайы хақиқаты бойынша бағалау, ал амалды – иманның кемелдігі мен көрінісі деп тану. Өйткені адамда иман бар бола тұра, әлсіздік немесе нәпсіге еру себебімен кейбір амалдарды орындамауы мүмкін. Бұл жағдайда иман жойылмайды, тек оның нұры мен әсері әлсірейді. Әшғарилердің көпшілігі: «Иманның артуы – жүректегі сенімнің күшеюі» деп есептеген. Олар иман артқан сайын, жәннатқа кіру мүмкіндігі де артады деп ойлаған. Алайда бұл пікірде дәлдік жоқ. Себебі жәннатқа кіру – иманның бар болуына байланысты, ал артықшылық пен дәрежелер – амалға байланысты. Алла Тағала: «Аллаға және Оның Елшісіне иман келтірген-

дер» деп айтқанда, иманның өзін шарт етіп қойды. Ал иманнан кейін келетін сауап пен дәрежелер – басқа дәлелдер арқылы бекітіледі», – деп иманның артуы мен кему мәселесін түсіндіреді [5: 71-72б.].

Иманның артып кемуі ғасырлар бойы мұсылмандар арасында пікір алуандығын тудырған тақырыптардың бірі. Оған қатысты имам Әбу Ханифа: «Иман амалдан бөлек болғандықтан, артып-кемімейді. Өйткені, иманның артуы тек күпірдің кемуімен, иманның кемуі де тек күпірдің артуымен жүзеге асады. Бір кісінің бір уақытта әрі мүмин әрі кәпір болуы мүмкін емес, бұл қате түсінік», – дейді [7; 9б.].

Алғаш кәләм еңбектері жазылып бастағаннан бері иман тақырыбы аясында иманның тақлиди, истилдәли, тахқиқи болып үш түрлі дәрежеге бөлінетіндігі баяндалып келеді. Мутәкәллим ғалымдардың ұстанымы бойынша, әрбір саналы мұсылманға ең төменгі деңгейдегі тақлиди иманнан жоқ дегенде, «ижмәли» дәлелге негізделген «истилдәли» иман деңгейіне көтерілу міндетті болады. Мұсылмандар арасында пікірталастарға себеп болған иман «тақлиди» иман – дәлел-дәйексіз, білімсіз құры еліктеушінің иманы. Ондай иман иесінен не үшін мұсылмансың, деп сұралса, ата-анам, ата-бабам мұсылман дегеннен басқа айтар жауабы да, дәлел-дәйегі де болмайды. Сондықтан ондай иманға әркез қауіп төніп тұрады, кезкелген уақытта күмән ұялауы мүмкін. Сондықтан да, ғалымдарымыз дін-иманның негіздері мен дәлелдерін үйренбей, білмей өмір бойы «тақлиди»

иманмен жүрген мұсылман күнәһар болады деген. Дегенмен, жалпы әһлі сүннет ғалымдары тақлиди иманның қабыл болатындығына бір ауыздан келіскен [8: 36–38]. Бірақ оның қабыл болуының бір шарты бар. Ол – «тақлид» табанды болу керек деген шарт. Егер «тақлиди» иманда табандылық болмаса, ондай солқылдақ, күмәншіл иман қабыл болмайды.

Тақлиди иман жайында Ш. Мәржәни: «Шындыққа соқыр ілесу жараспайды; Хикметті адам Алланың бар және жалғыз екеніне дәлел келтіре алатын адам», – деп, тақлиди иманды тәуекелді, әлсіз иман деп сипаттайды [9; 27б.].

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, Ш. Мәржәнидің осы тұста жәдидшіл деп аталуын дұрыс деп таппағанымызды алға шығаруды жөн көрдік. Араб тілінен енген «жәдид» сөзі бұрын болмаған, жаңа бір көзқарас шығару болғанымен, Мәржәнидің дінге қатысты еңбектеріне талдау жасай келе біз оның ақидада Матуриди мектебін толық ұстанғандығын, ал фикһта Ханафи мәзһабын ұстанушы екеніне анық көз жеткіздік. Осыған орай, біз Мәржәни өз уақытында матуруди сенімді мектебін қайта жандандырып, өзін реформатор ретінде көрсеткенін байқауға болады. Ш. Мәржәнидің ақида саласында айтқан барлық ойлары одан алдын да матуруди ғалымдары айтқан ойлар екені анық байқалады. Имам Мәржәни – пікірталаста өте мықты, ойшыл, терең түсінікті, шешен тілді, әрі логика мен дәлелге сүйенетін ғалым. Өз кезегінде жаратылыстану

ғылымдары мен діни ілімдерді топтастыру арқылы дін мен ғылымды ақиқат жолында тең ұстауды қалыптастырған тұлға.

Бұл зерттеуде Шиһабуддин Мәржәнидің иман түсінігі және оны рационалды тұрғыдан негіздеу әдісі Матуриди–Ханафи ақидасы аясында талданды. Зерттеу нәтижелері Мәржәнидің иманды соқыр сенім ретінде емес, ақылмен танылып, дәлел арқылы жүрепкеп бекітілетін саналы сенім деп қарастырғанын көрсетті. Ол иманның мәнін жүректегі тасдиқпен шектеп, амалды оның құрамдас бөлігі емес, иманның жемісі мен кемелдену көрсеткіші ретінде бағалады. Бұл ұстаным үлкен күнә жасаған мұсылманды күпірлікке шығармайтын, діни төзімділікке негізделген көзқарасты қалыптастырады.

Мәржәни өз пікірталастарында надандық пен фанатизмнен аулақ бо-

лып, қарсыласының сөзін толық қабылдап, кейін ғылыми дәлелдермен жауап қайтарған. Мақаламызда көрсеткен «хикмату бәлиғә» еңбегіндегі жауаптары оның осы сипатына дәлел. Қандайда бір тақырыпқа өз ойын білдерер алдын жан-жақты зерттеп, басқа да пікірлерді толық беріп, кейіннен өз ойын ұсынады. Оның мақсаты жеңу емес, шындықты табу және мұсылман әлемін жалған сенуден ояту болғандығы өз еңбектерінде айқын көрініс табады. Мақалада Маржаниді негіз етуіміз – күніміздегі кей діни мәселелерде классикалық еңбектерге сүйене отырып мәселенің жаңа шешімін іздеуге үндеу. Мақалада ақида ілімінің бастапқы мәселесі саналатын иман бөлімін қарастыру арқылы, ғалымды таныстырып, кейіннен жаңашыл көзқарастағы ғалымдарды зерттеушілерге сеп болу.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әкімханов А.Б. Әбу Мансур әл-Матуриди және оның «иман» мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары, Алматы, Нұр-Мұбарак баспасы, 2019 жыл, 292 бет.
2. Мулла Али Қари. (2020). Дауул мағали ли бәдил әмәли. – Каир: «Дәру лубәб». – 99
3. Әкмалуддин Мухаммед Әл-Бәбәрти әл-Ханафи (2009). Шарху Уасыяти Әби Ханифа. – Каир, «Дарул фатх». –155.
4. Әбу-л-Муғин ән-Нәсафи. (2011). Табсиратул әдиллә. – Каир: «әл-Мактабатул Азһария лит турос». – 2/1011.
5. Шиһабуддин Мәржәни., Хикматул балига әл-жәнния фи шарх әл-акаид әл-ханафийа. –Типография Вячеслава, 1888 – 168 б.
6. Ат-Тафтазани. Шархул Ақайд ән-Нәсафия. – Каир, 1939.
7. Имам Ағзам Әбу Ханифа., Фикһ әл-әкбәр., ауд: Саид М. Тарази. дай:Д. Серікбайұлы. – Алматы, 2000.
8. Сирожиддин әл-Ғазнауи (2009). Шарху ақидатул имам әт-Тахауи. – Каир: «Дарат әл-караз». – 202.
9. Ибраһим Рашид әл-Мәражи., аль-Хикма аль-балига аль-жәнния фи шарх әл-акаид аль-ханафийа. – Бейрут: «дәрул мәликия». – 2024. – 559б.

10. Имам Муслим., Сахих Муслим. – Рияд: «бәйт әл-әфкәр әд-дәулия ли ән-нәшр уәттәузиғ». – 2011. 1473 б.

## REFERENCES

1. Akimhanov A.B., Abu Mansur al-Maturidi zhane onni «iman» maselelerine qatysty gylymi tujyrymdary, Almaty, Nur-Mübarak baspasy, 2019, 292.
2. Mulla Ali al-Qari. (2020). Daw' al-Ma'ali li-Bad' al-Amāl. Cairo: Dar al-Lubab. 99 p.
3. Akmal al-Din Muhammad al-Babarti al-Hanafi. (2009). Sharh Wasīyyat Abi Hanīfa. Cairo: Dar al-Fath. 155 p.
4. Abu al-Mu'in al-Nasafi. (2011). Tabsirat al-Adilla. Cairo: Al-Maktaba al-Azhariyya li al-Turath, vol. 2, p. 1011.
5. Shihabuddin al-Marjani. (1888). Al-Ḥikma al-Bāligha al-Janniyya fi Sharh al-'Aqā'id al-Hanafīyya. Kazan: Vyacheslav Typography. 168 p.
6. At-Taftazani. (1939). Sharh al-'Aqā'id al-Nasafīyya. Cairo.
7. Abu Hanifa al-Nu'man (Imam A'zam). (2000). Al-Fiqh al-Akbar. Translated by Sa'id M. Tarazi; edited by D. Serikbayuly. Almaty.
8. Siraj al-Din al-Ghaznawi. (2009). Sharh 'Aqīdat al-Imam al-Ṭahawī. Cairo: Darat al-Karaz. 202 p.
9. Ibrahim Rashid al-Maraji. (2024). Al-Ḥikma al-Baligha al-Janniyya fi Sharh al-'Aqā'id al-Hanafīyya. Beirut: Dar al-Malikiyya. 559 p.

### Авторлар туралы мәлімет:

Акимханов Аскар Болатбекович – PhD, қауымд. профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің аға оқытушысы, (Алматы, Қазақстан, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

Купешова Гүлнұр Қуанышқызы – PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің оқытушысы, (Алматы, Қазақстан, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).

### معلومات عن المؤلفين:

أكیمخانوف أسكر – حاصل علی درجة الدكتوراه (PhD)، أستاذ مشارك، محاضر أول في جامعة نور-مبارك المصرية للثقافة الإسلامية، (ألماطي، كازاخستان. e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

كوبيشوفا غولنور قوانيشقىزي – طالبة دكتوراه (PhD)، محاضرة في جامعة نور-مبارك المصرية للثقافة الإسلامية، (ألماطي، كازاخستان، e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).

### Information about authors:

Akimhanov Askar – PhD, Associate Professor, Senior Lecturer at the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

Kupeshova Gulnur – PhD doctoral student, Lecturer at the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).

**Информация об авторах:**

Акымханов Аскар Болатбекович – PhD, ассоциированный профессор, старший преподаватель Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, (Алматы, Казахстан, e-mail: akimhan.ilyas@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-1835-0597>).

Купешова Гульнур Куаньшыкызы – докторант PhD, преподаватель Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак, (Алматы, Казахстан, e-mail: gulnur.kupeshova@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7487-8324>).

Т.О. Аманқұл<sup>1</sup>, Н. Дәуренбек<sup>1</sup>, Қ.С. Бағашаров<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
 Алматы, Қазақстан

## ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ МҰРАГЕРЛІК НОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ БИЛЕР СОТЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

### Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ даласындағы мұрагерлік институтының тарихи қалыптасуы, оның ислам шарифатымен өзара ықпалдасуы және билер сотының практикасында көрініс табуы кең көлемде қарастырылады. Зерттеуде ең алдымен Құран мен сүннетке негізделген ислам мұрагерлік құқығының негізгі қағидалары баяндалып, әйелдер мен балалардың мұраға қатысу құқығы, фард үлестерінің белгіленуі, өсиет шектеулері және жетім-жесірдің ақысын қорғау сияқты маңызды аспектілер талданады. Осыдан кейін көшпелі қазақ қауымында қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сүйенген мұрагерлік тәртібі – кенже ұлдың қара шаңырақты мұрагерлеуі, қыз баланың жасау арқылы енші алуы, әмеңгерлік институтының рөлі және рулық мүлікті сақтаудың маңызы – салыстырмалы түрде зерттеледі. Билер сотының мұрагерлік дауларды шешу тәжірибесі арқылы шарифат нормаларының қандай жағдайларда қолданылып, қалай бейімделгендігі анықталады. Мақала қазақтың құқықтық мәдениетінде исламдық құқық пен дәстүрлі адаттың бірін-бірі толықтыра отырып дамығанын, олардың ортақ құндылықтары мен кейбір айырмашылықтары қоғамның құқықтық санасына ұзақ мерзімді әсер еткенін көрсетуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері тарихи құқықтық тәжірибені қазіргі заманда түсіну үшін маңызды ғылыми маңызға ие.

**Кілт сөздер:** ислам мұрагерлік құқығы, әдет-ғұрып құқығы, билер соты, мұрагерлік институты, қазақ қоғамы, шарифат нормалары, Жеті жарғы, жетім-жесір құқығы, мұра үлесі.

Аманқол Тимур<sup>1</sup>, Даворник Нарол<sup>1</sup>, Қ.С. Бағашаров<sup>1</sup>  
 1 Ғылыми институтының тарихи қалыптасуы, оның ислам шарифатымен өзара ықпалдасуы және билер сотының практикасында көрініс табуы кең көлемде қарастырылады. Зерттеуде ең алдымен Құран мен сүннетке негізделген ислам мұрагерлік құқығының негізгі қағидалары баяндалып, әйелдер мен балалардың мұраға қатысу құқығы, фард үлестерінің белгіленуі, өсиет шектеулері және жетім-жесірдің ақысын қорғау сияқты маңызды аспектілер талданады. Осыдан кейін көшпелі қазақ қауымында қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сүйенген мұрагерлік тәртібі – кенже ұлдың қара шаңырақты мұрагерлеуі, қыз баланың жасау арқылы енші алуы, әмеңгерлік институтының рөлі және рулық мүлікті сақтаудың маңызы – салыстырмалы түрде зерттеледі. Билер сотының мұрагерлік дауларды шешу тәжірибесі арқылы шарифат нормаларының қандай жағдайларда қолданылып, қалай бейімделгендігі анықталады. Мақала қазақтың құқықтық мәдениетінде исламдық құқық пен дәстүрлі адаттың бірін-бірі толықтыра отырып дамығанын, олардың ортақ құндылықтары мен кейбір айырмашылықтары қоғамның құқықтық санасына ұзақ мерзімді әсер еткенін көрсетуге бағытталған. Зерттеу нәтижелері тарихи құқықтық тәжірибені қазіргі заманда түсіну үшін маңызды ғылыми маңызға ие.

**Кілт сөздер:** ислам мұрагерлік құқығы, әдет-ғұрып құқығы, билер соты, мұрагерлік институты, қазақ қоғамы, шарифат нормалары, Жеті жарғы, жетім-жесір құқығы, мұра үлесі.

المعايير الإسلامية للميراث في السهوب الكازاخية وممارسات محاكم البيلا

### الملخص

تتناول هذه المقالة بالتفصيل تطور مؤسسة الميراث في السهوب الكازاخية عبر التاريخ، وتفاعلها مع أحكام الشريعة الإسلامية، وكيف انعكس ذلك في ممارسات محاكم القضاة (بيلا). يوضح البحث أولاً المبادئ الأساسية للمواريث في الإسلام اعتماداً على القرآن والسنة، مثل حق النساء والأطفال في الميراث، وتحديد الأنصبة المفروضة

(الفرائض)، وضوابط الوصية، وحماية حقوق اليتامى والأرامل. ثم تُدرَسُ – بصورة مقارنة – الأعرافُ الموروثة في المجتمع الكازاخي التقليدي، مثل توريث البيت الكبير للابن الأصغر، ونيل الفتاة نصيبها من خلال جهاز الزواج، ودور نظام الزواج بأرملة الأخ، إضافة إلى أهمية الحفاظ على ممتلكات العشيرة. ومن خلال تحليل أحكام محاكم البيبل ep في قضايا الميراث، يتبيّن كيف طُبِّقت قواعد الشريعة، وفي أي الظروف تم تكييفها مع الواقع العرفي. تهدف المقالة إلى بيان أنّ الثقافة القانونية الكازاخية تطورت من خلال التكامل بين الشريعة الإسلامية والعادات المتوارثة، وأنّ القيم المشتركة والاختلافات المحدودة بينهما قد تركت أثرًا طويل المدى على الوعي القانوني للمجتمع. وتكتسب نتائج البحث أهمية علمية لفهم التجربة القانونية التاريخية في سياقها المعاصر.

**الكلمات المفتاحية:** الفقه الإسلامي في الميراث، القانون العرفي، محاكم البيبل، مؤسسة الميراث، المجتمع الكازاخي، أحكام الشريعة، «جتي جارغي»، حقوق اليتامى والأرامل، أنصبة المواريث.

**T. Amankul<sup>1</sup>, N. Daurenbek<sup>1</sup>, K. S. Bagasharov<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national university  
Almaty, Kazakhstan

## ISLAMIC INHERITANCE NORMS IN THE KAZAKH STEPPE AND THE JUDICIAL PRACTICE OF THE BIYS

### Abstract

This article offers an in-depth examination of the historical development of the inheritance institution in the Kazakh Steppe, focusing on its interaction with Islamic inheritance law and its reflection in the judicial practice of the biy courts. The study begins with an outline of the fundamental principles of Islamic succession as established in the Qur'an and Sunnah, including fixed heir shares, the affirmation of women's and children's rights to inheritance, limitations on bequests, and strong emphasis on protecting widows and orphans. It then provides a comparative analysis of the customary Kazakh system of inheritance, which evolved within a nomadic socio-economic structure: the special role of the youngest son as the keeper of the ancestral home, the treatment of daughters' dowries, the function of levirate marriage (amengerlik), and mechanisms for preserving clan property. Particular attention is given to the cases in which biy courts applied Sharī'a principles when resolving inheritance disputes, adapting them to local traditions. The findings demonstrate that Islamic law and Kazakh customary practices did not conflict fundamentally; rather, they formed a complementary legal synthesis that reinforced societal values such as justice, kinship cohesion, and communal responsibility. The study provides valuable insight into the evolution of Kazakhstan's legal culture.

**Keywords:** Islamic inheritance law, customary law (adat), biy courts, inheritance institution, Kazakh society, Sharī'a norms, Zheti Zhargy, rights of widows and orphans, inheritance shares.

Т.О. Аманкул<sup>1</sup>, Н. Дауренбек<sup>1</sup>, К.С. Бағашаров<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Казахстан

## ИСЛАМСКИЕ НАСЛЕДСТВЕННЫЕ НОРМЫ НА КАЗАХСКОЙ СТЕПИ И ПРАКТИКА СУДА БИЕВ

### Аннотация

В данной статье подробно исследуется историческое формирование института наследования в казахской степи, его взаимодействие с нормами исламского наследственного права и отражение этих норм в практике биевых судов. В первой части рассматриваются ключевые положения исламского наследования, основанные на Коране и сунне: фиксированные доли наследников, расширение прав женщин и детей, строгие предписания относительно защиты сирот и вдов, а также ограничения завещания. Затем проводится сравнительный анализ адатной системы наследования, сложившейся в кочевом казахском обществе: роль младшего сына как наследника родового очага, предоставление приданого девушкам, обычай амэнгерства и механизмы сохранения родового имущества. Особое внимание уделяется судебной практике биев, которые в ряде случаев опирались на шариатские нормы при разрешении наследственных споров, адаптируя их к местным условиям и традициям. Исследование показывает, что исламское право и адат не противостояли друг другу, а, напротив, формировали взаимодополняющую правовую систему, в которой усиливались ценности справедливости, семейной солидарности и социальной ответственности.

**Ключевые слова:** исламское наследственное право, адат, суд биев, институт наследования, казахское общество, нормы шариата, Жеты Жаргы, права сирот и вдов, наследственные доли.

### Кіріспе

Қазақ қоғамының құқықтық мәдениеті ғасырлар бойы дәстүрлі әдет-ғұрып (адат) нормалары мен ислам шариғаты қағидаттарының өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасты. Қазақ хандығы дәуірінен бастап, әсіресе XV–XVIII ғасырларда, ислам діні халықтың рухани өміріне ғана емес, құқықтық сана-сезіміне де әсер ете бастады [1, 1б.]. Дегенмен, шариғат қағидаттары толық көлемде ендіріле қоймай, көптеген салт-дәстүрлік құқық нормалары сақталып қалды. Мұрагерлік құқығы – осы өзара

ықпалдастық айқын көрінетін салалардың бірі болды. Ислам мұрагерлік құқығы (фикһ ғылымындағы «ильм әл-фараид» деп аталатын пән) мұра мәселелерін Құран мен сүннет негізінде егжей-тегжейлі реттейді [3]. Ал қазақтың көшпелі қоғамында қалыптасқан мұрагерлік тәртібі рулық-патриархалдық құрылым талаптарына бейімделген әдет заңдарына сүйенді [3].

Бұл зерттеу мақаласының мақсаты – Қазақ даласындағы мұрагерлік институтының тарихи тәжірибесін талдап, дәстүрлі билер соты ше-

шімдерінде ислам шарифатының мұрагерлік нормалары қаншалықты қолданылғанын анықтау. Мақалада алдымен ислам мұрагерлік құқығының негізгі қағидалары қарастырылады. Содан кейін қазақ қоғамындағы дәстүрлі мұрагерлік тәртібі сипатталып, оның шарифат нормаларымен ұқсастықтары мен айырмашылықтары ашып көрсетіледі. Үшінші бөлімде билер сотының практикасы талданып, онда шарифат ережелерінің қолданылу дәрежесі мен ерекшеліктері талқыланады. Зерттеу барысында Құран Кәрімнің аудармасы негізге алынып, ислам құқықтанушы ғұламалары – имам әл-Кәсани («Бадаиғ әс-санаи»), Ибн Құдама («әл-Муғни») және т.б. еңбектерінің тұжырымдары ескерілді. Сондай-ақ Ә.Марғұлан-ның «Қазақ қоғамының тарихи-мәдени дәстүрлері», С.Зимановтың «Билер институты – қазақтың дәстүрлі құқығының негізі» сияқты зерттеулеріндегі деректер және «Жеті жарғы» заңдар жинағындағы мұрагерлікке қатысты қаулылар пайдаланылды. Аяттар араб тілінде түпнұсқада беріліп, мағынасы қазақша түсіндірілді.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі Қазақстанның құқықтық мәдениетінде тарихи тәжірибенің ізі сақталып отырғандығына байланысты арта түседі. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі құқық пен исламдық құқық арасындағы сабақтастықты және олардың қазіргі құқықтық санаға ықпалын көрсетіп, заңнаманың эволюциясын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

## Ислам мұрагерлік құқығының негізгі қағидалары

Ислам құқық жүйесінде мұрагерлік (мұра) мәселесі Құран аяттарымен тікелей реттелген маңызды салалардың бірі саналады [12, 16.]. Мұсылманның дүниеден өткеннен кейін қалдырған мұрасы алдымен белгілі бір тәртіппен бөлінуі керек: ең әуелі мәйітті жерлеу және жаназаға байланысты шығындар алынады, содан соң марқұмның қарыздары өтеледі. Егер марқұм өсиет (васият) қалдырған болса, ол шарифат бойынша тек жалпы мүліктің үштен біріне дейінгі бөлігі шегінде орындалады. Яғни, өсиет етілген мүлік барлық мұраның 1/3 бөлігінен аспауға тиіс, әрі өсиет заңды мұрагер болып табылатын туыстарына емес, тек бөгде адамға немесе қайырымды істерге арналса ғана орындалуы шарт. Бұдан кейін қалған мүлік шарифат белгілеген заңды мұрагерлер арасында бөліске түседі [5, 7, 330.].

Ислам мұрагерлік құқығының басты ерекшелігі – әйелдерге де, еркектерге де нақты үлес беруі және жалпы мұрагерлік үлестердің Құран арқылы бекітілуі. Құранның «Ниса» сүресінде Алла Тағала мұрагерлік туралы былай бұйырады:

«لِّلرِّجَالِ نَصِيبٌ مِّمَّا تَرَكَ الْوَالِدَانِ وَالْأَقْرَبُونَ وَلِلنِّسَاءِ نَصِيبٌ مِّمَّا تَرَكَ الْوَالِدَانِ وَالْأَقْرَبُونَ مِمَّا قَلَّ مِنْهُ أَوْ كَثُرَ ۗ نَصِيبًا مَّفْرُوضًا»

(Мағынасы: «Әке-шешелері және жақын туыстары қалдырған мұрадан ер кісілерге тиесілі үлес бар. Әке-шешелері және жақын туыстары қал-

дырған мұрадан әйелдерге де тиесілі үлес бар. Аз болсын, көп болсын – [әр мұрагерге] белгіленген үлес (несібе) бар» [4, 4:7]. Бұл аят исламға дейінгі дәстүрде кең тараған әйелдерді мұрадан шеттету ғұрпын өзгертіп, әйел баласына да құқықтық үлес тиесілі екендігін ашық жариялады [3]. Исламға дейін араб қоғамында мұра негізінен тек ер адамдарға – соның ішінде әке жағынан ең жақын ағайын-туыстарына (асаба деп аталады) ғана қалдырылып, қыз балалар мен ана жақ туыстары көбіне мұрагерліктен тыс қалған еді [3]. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) келген соң түскен бұл Құран аяты әйелдерге тиесілі ақыны белгілеу арқылы әділетті бөліс принципін орнықтырды.

Ислам мұрагерлік құқығында ер мұрагердің үлесі әйел мұрагердің үлесінен әдетте екі есеге артық болады деген қағида бар [4, 4:11]. Мысалы, марқұмның балалары – ұлдар мен қыздар болса, онда «ер балаға екі қыздың үлесі мөлшеріндей үлес тиесілі» деп бекітілген. Бұл ереже жанұядағы ер адамның материалдық жауапкершілігінің ауыр болуымен түсіндіріледі: исламда ер адам өз отбасыны (әйелін, балаларын) толық қамсыздандыруға міндетті, ал әйел алған мұрасын өз қалауынша жеке пайдалануға ерікті. Алайда мұрагерлік үлестегі бұл айырмашылық барлық жағдайларда бірдей емес екенін де айту керек. Кей жағдайларда әйелдер мен ерлер тең үлес алуы мүмкін – мәселен, марқұмның әке-шешесі мұрагер болса, әкеге де, шешеге де баласының артында қалған мұраның алтыдан бір бөлігі тиесілі (әр-

қайсысына 1/6) деп шариғат бекітеді [4, 4:11]. Сол сияқты, марқұмның жұбайы – күйеуі немесе әйелі – заңды мұрагер болып табылады және олардың да үлесі нақты көрсетілген (балаларының бар-жоғына байланысты жұбайы 1/4 немесе 1/8 үлес алады). Құранда: «Егер ер кісі баласыз қайтыс болса, артында қалған жұбайы (әйелі) мұраның төрттен бірін алады, ал балалы болса – сегізден бірін алады», «әйел қайтыс болса, күйеуі баласы жоқ жағдайда мұраның жартысын, ал баласы бар жағдайда төрттен бірін алады» деп бұйырылған [4, 4:12].

Шариғат белгілеген осы фард үлестер (нақтыланған үлестер) мұрагерлердің белгілі бір санатына беріледі: бұларға марқұмның жақын туыстарынан – әке-шешесі, жұбайы, балалары (ұл-қыз), сондай-ақ белгілі жағдайларда бауырлары, әжесі, атасы және т.б. жатады. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, қызы болса – оған мұраның 1/2 немесе 2/3 бөлігі; анасы – 1/6; жары – 1/4 немесе 1/8; әкесі – 1/6 (сонымен қатар қалған бөлігі де әкеге беріледі, себебі ол ер туысы ретінде асаба саналады) деген секілді мөлшерлер бар. Осындай нақты үлестерді бөліп бергеннен кейін, мұраның қалған бөлігі (асаба принципі бойынша) ер жақ жақын туысқа тиесілі болады. Ислам мұрагерлік құқығының жүйесінде осы екі категория – Құранмен үлесі бекітілген мұрагерлер (әһл әл-фараид) және қалғанына таласушы ер туыстар (асаба) – бірін-бірі толықтыра отырып, үйлесімді жұмыс істейді [3].

Айта кетерлігі, ислам шариғаты қайтыс болған адам тірі кезінде

өз мұрагерлерін мүлдем мирассыз қалдыруына жол бермейді. Әр мұрагерге Құран белгілеген міндетті үлесті бермеу – күнә әрі заңға қайшы іс. Тіпті біреуге қосымша сый-таралғы бергісі келсе де, адам баласы мұны өмірде теңдей жасауға ұмтылуы керек деп түсіндіріледі. Ханафи мәзһабы ғұламасы имам әл-Кәсани «Бадаиғ әс-санаида»: «Әке тірі кезінде балаларына сый таратса, ұл-қызына тең беруі тиіс» деп жазғаны белгілі [6]. Ал Ибн Қудамә өзінің «әл-Муғни» еңбегінде Пайғамбар заманындағы бір оқиғаны келтіреді: соғыста шейіт болған Саъд ибн Рабиғдің артында қалған мұрасын қыздары мен жұбайына бермей, ағасы түгел иемденіп кеткенде, Мұхаммед Пайғамбар (с.ғ.с.) ол кісіні шақырып: «Екі қызына мұраның үштен екі бөлігін, жұбайына сегізден бірін бер, қалғанын өзің ал» – деп үкім еткен екен. Осы оқиғадан соң аталмыш мұрагерлік үлестер туралы Құран аяты түскені риуаят етіледі [11, 9, 6б.]. Бұл тарихи прецедент ислам мұрагерлік құқығының бұрынғы дәстүрді өзгертіп, әділдік пен отбасы мүшелерінің құқын қорғауды мақсат еткенінің айқын дәлелі болып табылады [3].

Мұрагерлік құқық – ислам ғылымдарының ішіндегі діннің негізгі рүкіндерінен кейінгі ең маңызды ғылымдардың бірі [9, 29, 136б.]. Жалпы, исламдағы мұрагерлік жүйе отбасы мүшелерінің құқықтарын теңдей сақтауды, әсіресе бұрын құқығы тапталған жесірлер мен жетімдердің ақысын жеместікті көздейді. Құрандағы мұра аяттары түскен кезде арабтың кейбір дәстүрлері өзге-

ріске ұшырады: енді әке тек үлкен ұлына не ағайындарына бар мүлік-ті қалдырып, қыздарын немесе алыс туыстарын мұрадан мүлде айырмауы керек еді. Ислам әйелдің мәртебесін көтеріп, оны отбасының ішкі мүшесі деп таныды және ерлермен бірге жақын туыс ретінде қарастырды [3, 1б.]. Пайғамбар хадисінде: «Мұрагерлік ілімін үйреніп, оны халыққа үйретіндер» [10, 5293] делінген, өйткені мұнда әділеттілік пен Құдайдың бұйрығы бар. Сол себепті мұсылман құқықтанушылар мұрагерлік ғылымын (фараид ілімі) зерттеуді әрбір қоғам үшін маңызды санаған [12, 1б.].

Қорыта айтқанда, ислам мұрагерлік құқығы негіздері мұра қалдырушының қарыздары мен өсиеттерін өтеген соң, қалған дүние-мүлкін Құранда бекітілген үлестер бойынша ең жақын туыстарына (ері/әйелі, ата-анасы, балалары, қажет жағдайда басқа да туыстары) әділетті тарауға саяды [7, 5, 85б.]. Бұл жүйе ер адамдардың отбасын асырау міндетіне орай үлесін көбірек алуын қамтамасыз етсе де, жалпы алғанда, бұрынғы рулық-патриархалдық тәртіпте қорғалмай келген әйел, бала, жетім, жесір секілді топтардың да құқықтарын заңдастырып, мұраны тек «еркектердің еншісі» болудан шығарды. Келесі бөлімде осы исламдық қағидаттардың қазақ даласындағы дәстүрлі мұрагерлік тәртіппен қалай үйлескенін не үйлеспегенін қарастырамыз.

### Қазақ даласындағы дәстүрлі мұрагерлік тәртібі

Қазақ қоғамының дәстүрлі мұрагерлік жүйесі көшпелі өмір салтының экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктеріне негізделген әдет құқығы ережелерінен құралды. Патриархалдық отбасы құрылымында негізгі мұрагерлер әдетте ер адамдар – әсіресе ұл балалар болып саналды. Дәстүрлі түсінік бойынша, үйдің ең кіші ұлы – *кенже* – ата-анасының шаңырағында қалып, оларды бағып-қағатын болғандықтан, әке мүлкінің негізгі бөлігі кенже ұлға қалатын [8, 3б.]. Қазақта «кенже ұл – қара шаңырақ иесі» деген түсінік осыдан шыққан. Шыныда да, әйгілі зерттеуші Н.И. Гродековтың жазуына қарағанда, қазақ әкесі тірісінде балаларын бөліп шығарып, әр ұлын үйлендіріп жеке отау қылғанда малының бір бөлігін енші ретінде үлестірген. Бұл енші – ұлдың өз отбасы шаруашылығын бастауына берілген мүлік (мал, дүние-жиһаз). Әр ұлдың еншісіне әкесінің дәулетіне қарай белгілі көлемде мал-мүлік тиген, әсіресе бұл үлес ұлдарына қалыңмал төлеуге (қалыңмал құрауға) жеткілікті болуына мән берілген. Үлкен ұлдар еншісін алып бөлек шаңырақ көтерген соң, әке қолында ең кіші ұлы қалған. Әке өзінде және бәйбішесінде күнкөріске жеткілікті үлесті ғана қалдырып, қалған негізгі мүлікті балаларға бөліп бере бергенімен, кенже ұлға жеке енші бермей, оның үлесін кейінге сақтап отырған. Мұның себебі – әкешеше қартайғанда кенже баласының қолында болады, сол себепті ата мұраның соңғы және ең үлкен бөлігі

кенже ұлдың үлесіне тиген. Осылайша, әке өлген соң қара шаңырақ кенже ұлға қалып, басқа ағайындар оған тиіспейтін дәстүр орныққан. Кенже бала сол шаңырақтың иесі ғана емес, әке борыштары болса, соны өтеуші де болып есептелген: әкенің барлық қалған қарыз-міндеттері кенже мұрагерге ауысқан. Ал үлкен ұлдар әке өмірден өткенге дейін өз үлестерін (малын) алып қойғандықтан, олардың әке қарызына жауаптылығы болмаған. Осы тұрғыдан қазақтың дәстүрлі мұрагерлік құқығы «әмбебап мұрагерлік» принципіне сүйенген деуге болады: барлық түпкілік мұраның жүгін көтеруші бір адам (кенже ұл) болып, қалған мұрагерлер өз үлестерін бөлек бұрын алып қойғандықтан, негізгі мирас сол кенжеде шоғырланған. Зерттеушілер Д.Фокс және Н.И.Гродеков атап өткендей, бұл жағдайда кенже ұл барлық құқықтар мен міндеттердің толық мұрагері ретінде саналса, басқа балалары әкесінің қарыздарын төлеуге міндетті болмаған. Қарыз беру мәселесінде билер соты дәл осы әдет-ғұрыпты басшылыққа алып, несие берушілердің үлкен ұлдарына қоятын талап-арыздарын қанағаттандырмаған жайттары тіркелген [8, 4б.].

Әдет құқығы бойынша, балалары өсіп, үйленіп, жеке шаңырақ көтергенде еншісін алған соң, әке тірі кезінде қалған мүлікті қалай басқарса да, ұлдардың минималды құқығын бұзбауы тиіс болған. Мысалы, әкенің барлық мал-мүлкін өз қалауымен бір баласына қалдырып, өзгелерін үлестен айыруына жол берілмеген. Халықтың үлкендері мұндай жағдай-

да «ақсақалдар кеңесін» шақырып, әділдікпен бөлісуді қадағалайтын еді. Егер әке кейбір баласына тиесілі малын бермей кетсе, дәстүр бойынша ол балаға жақсы ат немесе түйе беріп разы етуге тиіс болған, әйтпесе баланың өз үлесін даулап алуға хақы бар. Бұл жерде айта кететін тағы бір маңызды жайт – қазақ қоғамында балаларына мұраны көбіне олар кәметтік жасқа толып, үйленген соң тірі кезінде бөліп беру (енші беру) кең тараған. Сондықтан кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазақ дәстүрінде жеке дара «мұрагерлік құқығы» қалыптаспаған деуге болады, өйткені әке дүниесін бір адамның түгел мұраға алуы сирек, әдетте тірісінде әр баласына үлестіріп кеткен. Дегенмен, әке енші үлесті өзі белгілегенде де, салт бойынша жеребе әділдігі сақталуы қадағаланғаны байқалады. Бұл тәртіп көшпелі қоғамда мүліктің ұрпақтан-ұрпаққа әділетті бөлінуін қамтамасыз етіп, жақын туыстар арасындағы алауыздықты болдырмауды көздеді [8, 5б.].

Қазақтың әдет-ғұрып құқығында ұлдардың құқықтары қыз балаларға қарағанда кеңірек болғаны белгілі. Дәстүр бойынша, қыз бала жат жұрттық саналғандықтан, әкенің міндеті – қыздарын тұрмысқа ұзатқанда қажетті жасау-жабдығын (мүлкін) дайындап беру. Әкесі қызын тұрмысқа берерде мал-мүлкінен мөлшерлеп дүние (жасау) беріп, тиісті қалыңмалын алғаннан кейін, ол қыз әке мұрасынан үлес талап ете алмайтын. Яғни, тұрмысқа шыққан қыздарға жасауы берілген соң, олар әке-шешесінен тікелей мұрагерлікке

ие болу құқығынан дәстүрлі түрде айырылған. Бұл ереже «қыздың қалыңмалы – оның еншісі, жасауы – берген үлесі» деген түсінікпен астасып жағыр. Сол себепті тұрмыс құрған қыздар әке мұрасын бөлуге қатыспай, негізінен ұлдар арасында үлес бөлінген. Алайда тұрмысқа шықпаған (бойдақ) қыздардың жағдайы басқа болған: күйеуге тимей ата-анасы қайтыс болса, ондай қыз балаларға мұрадан белгілі бір үлес тиетін. Әдетте, үйде қалған бойжеткен қызға ұлдың жарты үлесі мөлшерінде мұра беру дәстүрі бар еді деп жазады зерттеушілер. Мәселен, бір әулетте ешқашан тұрмысқа шықпаған әпке-қарындас болса, ағайындары оның үлесін ұмыт қалдырмай, әр ұлдың еншісінен жарты мөлшерді оған кесіп берген. Студенттерге арналған оқулықтардың бірінде: «Әкесі қыздарын жасауымен күйеуге бергеннен кейін, қыздардың мұраға таласы болмаған. Тұрмыс құрмаған қыздары болса, оларға ұлдарының жарты үлесі берілген» деп атап көрсетілген. Бұл – қазақтардың бойдақ қыздың да нәпақасыз қалмауын көздейтін әдет заңының бір мысалы. Яғни, ислам шарияты сияқты дәл үлестер бекітпесе де, қазақ дәстүрі тұрмысқа шықпаған қызды белгілі дәрежеде мұраға ортақтастырып, оның жасауын беруді ағайындарға міндеттеген.

Сонымен бірге, қазақ салтында жесір әйелдің құқықтары да қарастырылған. Егер ері қайтыс болса, оның жесірі екі түрлі жолдың бірімен өз тағдырын шешкен: қайтыс болған күйеуінің аға-інісі, туыскандарының біріне тұрмысқа шығып, сол әулетте

қалған немесе әменгерліктен бас тартып, өз еркімен басқа ерге шыққан (не тұрмыс құрмай қалған). Әменгерлік деп аталатын бұл құбылыс – еріөлгенде жесірді күйеуінің туыс-туғандарына қосу дәстүрі – көне түркі-моңғол тайпаларынан бері жалғасып келген институт еді. Қазақта «әменгер» сөзі «өлген адамның жесірін алуға құқықты ағайыны, мұрагері» деген мағынаны білдіреді. Әменгерлік институты бір жағынан қайтыс болған адамның отбасын сырт адамға жібермей, шаңырақты сақтап қалу ниетінен туса, екінші жағынан, мұрагерлік тәртіппен де тікелей байланысты болды: жесірін алған туысы өлген кісінің шаруашылығын, мал-мүлкін де өз қолына алып, балаларын жетімсіретпей өсірген. Дәстүрлі қоғамда жесірді рулық қауымнан тыс адамға бермеуге тырысқан, себебі ол кетсе бірге оның бала-шағасы мен дүние-мүлкі де басқа руға ауысады деп санаған. Сондықтан әменгерлік бойынша, ең алдымен, марқұмның туған ағасы немесе інісі, олар жоқ болса, жақын немере ағайындары (кейде тіпті әкесі тірі болса, әкесі де алуы мүмкін) жесірге үйленуге құқылы болған. Кей өңірлерде әменгерлік жас айырмашылығына қарамаған: жесір қалған әйел қайын ағасына не қайын інісіне қарауға тиіс, ол тым кішкентай болса, соны күтетін де ғұрыптар кездескен. Дегенмен, қазақ қоғамында жесір әйелдің әменгерді таңдауға белгілі дәрежеде еркі болған. Мысалы, егер бір әменгерді қаламай басқа бір туысқа шығамын десе, бұрынғы күйеуінің ағайындары одан қалыңмалға төленген малдың жар-

тысын мөлшерлеп алып, таңдаған адамына қосқан. Ал егер жесірдің кәмелетке толған балалары болып, өзі сол балаларының қасында қалғысы келсе, екінші рет күйеуге шықпай, балаларының шаңырағын өзі басқаруына да рұқсат етілген (бұл жағдайда ол өлген күйеуінің үйінде балаларымен бірге тұрып, отау иесі саналған). Жесір басқа рудан біреуге тұрмысқа шыққысы келсе, онда жаңа күйеуі бұрынғы күйеуінің туыстарына қалыңмал төлеуге қосымша, елден кеткен ер адамның «орны» үшін құн төлеуге міндеттелген. Яғни, жат жұртқа кететін жесірдің артында қалған балалары мен малының өтеуі секілді ақы алынған. Әменгерлік салты кейде қайтыс болған күйеуінің атастырған қалыңдығына да жүргізілетін: егер жігіт қалыңдығымен үйленбей жатып өлсе, оның туған бауыры немесе туысы сол қызға үйленуге құқылы болған (бұған қыздың келісімі де қажет еді). Мұның бәрі бір жағынан рулық меншікті сыртқа жібермеу амалы болса, екінші жағынан, ислам шариғатында тыйым салынбаған (яғни жаиз) әрекет болғандықтан, қоғамда қолдау тапқан. Әйткенмен, кейбір діндарлар жесірді еркінен тыс зорлап әменгерлікке салуды айыптағаны мәлім. Мәселен, діндар Шорман молда «әменгерлік – жесірді мәжбүрлеп қосу болғандықтан, шариғаттағы «зұлымдық істерге» жатады» деп кескен деген дерек бар [1, 5-6б.]. Демек, әменгерліктің өзі шариғатқа толық қайшы емес (ислам көп әйел алуды және қайынаға-абысын арасындағы некені жоққа шығармайды), бірақ жесірді

зорлап қосу, не әйелдің келісімін елемей қинау шарифат тұрғысынан дұрыс болмаған. Қазақ арасында да, әсіресе XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында, діни білімі бар адамдар әмеңгерлікті жұмсартуға, жесірдің таңдау еркін құрметтеуге шақырғаны белгілі.

Дәстүрлі мұрагерлік тәртіпте жесір әйел мен жетім балалар материалдық жағынан қорғансыз қалмауы үшін қоғам жауапкершілігі ерекше болды. «Ерінен айырылған әйелдің де, жетім қалған баланың да ақысын жіберме» деген қағида халықтың санасына сіңген. Әдет заңдары бойынша, егер әкесіз қалған жетім ұл ер жетпей тұрып шешесі басқа күйеуге кетсе (әмеңгерліктен бас тартып), баланың мұрасын бөтен қол сұқпас үшін туыстары қамқорлыққа алған. Жетімнің кәмелетке толғанда өз үлесін алуға қақысы барын билер ерекше назарда ұстаған. Тіпті жетімнің мал-мүлкін басқарушы туысы оны жеп қойса немесе дұрыс қарамаса, «жетім ақысы» деген ауыр күнәға қалатынын ескертіп, қоғамдық айып салған. Бұл да шарифаттағы «жетім малын жеуге тыйым салу» бұйрығымен астасып жатыр [4, 4:10].

Қорыта келгенде, қазақ даласындағы дәстүрлі мұрагерлік жүйе рулық-қауымдық қатынастарды сақтауға қызмет етті. Мұра негізінен әулет ішінде (аталас туыс арасында) қалатындай тәртіппен бөлінді: ұрпақтан-ұрпаққа мал-мүліктің берілуінде ер балалар шешуші рөл атқарды, қыз балалар жасау алып, басқаның қолына шығумен өз еншісін алатын деп есептелді, ал әулеттің не-

гізгі қарашаңырағы мен қалған мүлік кенже ұлға қалып, сол арқылы әке мұрасы әрі қарай бөлшектенбей сақталды. Дегенмен, бұл жүйеде де әлеуметтік әділеттілік өз заманындағы өлшеммен қарастырылды: тұрмысқа шықпаған қыздың үлесі, жесірдің мал-мүлкі мен қамқорлығы, жетімдердің ақысы белгілі деңгейде қамтамасыз етілді. Ислам шарифатымен салыстырғанда, қазақтың әдет құқығы әйелдердің мұрагерлік үлесін шектегені рас, бірақ толықтай мұрасынан айырып қарамады – мұны бойдақ қызға үлес беру, жесірді әмеңгерлік арқылы асырау сияқты институттардан көруге болады. Шарифатқа қайшы келетін тұстары да жоқ емес еді: мысалы, исламда бірнеше әйел алуға ең көп төртке дейін ғана рұқсат етілсе, қазақ дәстүрі байлығы жетсе одан да көп алуына шек қоя қоймаған (әрине, іс жүзінде төрттен көп әйел алу өте сирек болған). Бірақ, әдет заңы әр әйелдің жеке мүлкін (жасауы мен өз алдына босағаға шығарғанда берген малы) бөлек санап, оған күйеуі тиіспеуін қамтамасыз еткен. Мысалы, байының тоқалына дейін әрқайсысы бөлек отау болып, өз шаруасын өздері жүргізген, ол үйдің дүние-мүлкіне бәйбіше де, күйеу де араласпаған – бұған заң тыйым салған. Бұл да шарифаттағы «әйелдің жеке мүлкіне қол сұғылмайды» деген қағидамен үндес еді. Егер күйеуі қайтыс болса, қазақ дәстүрінде бәйбіше (үлкен әйел) негізгі шаңырақты өз қолына алып қалатын да, тоқалдары балаларының қасында жеке отау болып қала берген. Кедей отбасы болса, кіші әйелдің кейде тіпті үлкен үйге кіріп, күң ста-

тусына түскені де болғаны айтылады [8, 5б.]. Мұның барлығы дәстүрлі қоғамдағы көп әйел алу, мирас қалдыру мәселелерінің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Жалпы, қазақтың мұрагерлік тәртібі өз дәуірі мен қоғамының талаптарына сай әрі рулық бірлікті сақтайтындай қалыптасты. Онда ислам шариятының да ықпалы біртіндеп байқалғанын жоққа шығаруға болмайды: әсіресе, «Жеті жарғы» заңдар жинағында және XIX ғасырдағы билер сотының тәжірибесінде әйелдер мен жетімдердің ақысын қорғау, өсиетпен дүние бөлу сияқты исламнан келген жаңалықтар көрініс тапты. Мұның нақты мысалдарын келесі бөлімде талдаймыз.

### **Билер соты және шарият нормаларының қолданылуы**

Қазақ қоғамында билер соты – дәстүрлі әділқазылық жүйе – құқықтық дауларды шешудің негізгі тетігі болды. Би – ата жолымен қалыптасқан әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін, шешендігімен, тапқырлығымен танылған турашыл тұлға. Қазақтың атакты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды кемеңгерлері ел ішіндегі жер дауы, жесір дауы, құн дауы секілді күрделі мәселелерді әділ шешіп, қоғамдағы құқық пен тәртіпті қамтамасыз етті. Билер соты жазылған заңдардан гөрі ауызша дәстүр мен әділет принциптеріне сүйенді. Дегенмен, XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басына қарай қазақ даласында мұсылмандық қағидалар да құқықтық рәсімдерге біршама енгені байқалады [14, 12-13б.]. Бұл әсіресе

отбасы-некелік, мұрагерлік істерде көрінді. Билер кейбір дауларда шарият үкімдерін де ескеріп отырған.

Тәуке ханның тұсында дүниеге келген «Жеті жарғы» заңдар жинағы – қазақтың әдет құқығын жүйеленген маңызды ескерткіш». Жеті жарғы» (жеті қаулы) дәстүрлі заңның жеті бөлімнен тұратыны белгілі. Зерттеуші Т.И.Сұлтановтың деректеріне сүйенсек, Жеті жарғының бөлімдері мыналар: 1) жер және жайылым, су пайдалану құқығы; 2) жесірлер мен жетімдердің мүліктік әрі жеке құқықтарын, сондай-ақ оларға туысқауымның қамқорлық міндеттерін реттеу; 3) әйелдердің құқығы мен некелік қатынастар; 4) ұрлық пен қарақшылыққа қарсы жазалар; 5) кісі өлтіру және оған қолданылатын құн заңдары; 6) әскери міндеттемелер мен ел қорғанысы; 7) рулар және жеке адамдар арасындағы дау-шарды шешу ережелері. Көріп отырғанымыздай, бұл бөлімдердің кейбірі (атап айтқанда 2 және 3-бөлімдер) исламның отбасы-мұрагерлік құқықтарымен тікелей байланысты мәселелерді қамтыған. Жесірдің жеке құқығы мен жетімнің үлесін қорғау – шариятта ерекше мән берілген жайттар (Құранда: «Жетімнің малына жақындамаңдар» [4, 4:10] деп бұйырылуы тегін емес). Жеті жарғы да жетім-жесір мәселесін бірінші қатарда көрсетіп, қауымға олардың ақысын қорғау жүктелетінін анықтаған. Сол сияқты некелік қатынастарда Жеті жарғы көп әйел алады шектеуді көздеме де, бірінші әйелдің (бәйбішенің) құқығын жоғары қойып, тоқалдардың құқықтық орнын айқындаған. «Ердің үшке дейін

әйел алуға хақы бар, бірақ олардың әрқайсысын бөлек үй қылып, тиісті мал-мүлкін бөліп беруі керек» деген тәрізді қағида болғаны айтылады (мұнда исламдағы төртке дейінге рұқсат принципінен сәл өзгешелеу рұқсат барын байқаймыз).

Билер соты шешімдерінде шариғат заңдарын тікелей қолдану көбіне даудағы тараптар талап еткенде немесе мәселенің әдет жолында шешімі күңгірт болғанда орын алғанға ұқсайды. Мысалы, атақты Қазанғап би бір дауда Құран аятын дәлелге келтіріп, шешім шығарған деседі: екі әйелі бар адамның бірі қайтыс болып, балалары қалғанда, тірі әйелі барлық мал-мүлікке ие болмақшы болған екен. Сонда би: «Құдай заңы бойынша, өлген әйелдің мұрасы алдымен балаларына тиесілі, ал күйеуі қалғанын ғана алады» деп үкім шығарған деседі (бұл – Құрандағы ерлі-зайыптылардың үлесі туралы 4:12 аятқа сәйкес келеді). Тағы бір дерекке қарағанда, ері өлген бір бәйбіше өз ұлдарын ертіп барып, қайныларынан (күйеуінің ағайындарынан) мал-мүлкін даулапты. Дауды билер қарағанда, шариғат бойынша әйеліне сегізден бірі, әр баласына ұлға – екі, қызға – бір үлес тиеді деп бөліп берген екен. Мұндай мысалдар шариғат ілімін меңгерген қазылардың (билердің) болғанын көрсетеді. XIX ғасырда Ресей отарлығы күшейгенде қазақтар арасында екі түрлі жүйе болды: біріншісі – ресми билер соты (1868 жылғы Реформа бойынша «халық соты» деп аталды) әдет құқығы бойынша шешім етті, екіншісі – қазылар соты деп те

аталатын бейресми діндар молдалар кейбір істерде шариғатқа сай төрелік айтты [2, 86.]. Әсіресе, мұсылманша неке қию, талақ айту, неке бұзу, мирас бөлісу секілді отбасылық істерде кейбір қазақтар қазы-молдаларға жүгінгені бар. Бірақ тұтас халық деңгейінде алғанда, шариғат үкімдерін толық енгізіп, әдет заңын ығыстыру іске аса қойған жоқ. Қазақтың оқыған зиялыларының өзі XX ғасыр басында екіге жарылды: бір тобы (мысалы, Б. Құдайбердіұлы) «қазаққа шариғат заңын енгізсек, әділдік орнайды, өтірік-талас тыйылады» десе, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан «шариғат қатып қалған, заманға бейімделмейді, ал қазақтың әдет құқығы өміршең еді» деп, ескі билер заңын мақтады. 1917 жылға дейін жалғасқан бұл «адат пен шариғат» таласы Кеңес өкіметі орнағанда маңызсыз қалды, себебі жаңа билік діни заңды да, рулық дәстүрді де бірдей ысырып тастап, мүлде басқа социалистік құқық жүйесін енгізді. Әйтсе де, қазіргі күні Қазақстанның кейбір заңгер-тарихшылары билер соты тәжірибесін, соның ішінде адалдық, әділдік, ашықтық принциптерін қазіргі сот жүйесінде пайдалану мүмкіндігін қарастыруда [15, 1306.]. Бұл – тарихи құқықтық мәдени мұраның үлгісі ретінде бағаланатын құбылыс.

Мұрагерлік мәселесіне оралсақ, билер сотында көбіне әдет заңымен шешім шығарылғанымен, шариғат нормалары да ескерусіз қалмаған. Мысалы, жоғарыда айтылған өсиет (wasiyat) институты. Исламда марқұм өз мүлкінің үштен біріне дейінгі

бөлігін ерекше өсиет етіп қалдыра алатынын айттық. Қазақтың әдет құқығында дәстүрлі түрде өсиетке жол берілмеген – мұра тек жақындарына тиесілі деп саналған. Алайда XIX ғасырда кейбір деректер қазақтар арасында өсиет жасау да орын алғанын көрсетеді. «Амалсыз ханға да баратын» заман туа бастағанда, кейбір ауқатты қазақтар мал-мүлкінің бір бөлігін хатпен белгілеп кетуді әдетке енгізген. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларында, мысалы, бір бай баласы жоқ болып, бар малын жартылай мешіт-медресеге, жартылай жиендеріне қалдырам деп хат жаздырып, мөр басып кеткені айтылады. Мұндай жағдайлар көбейгенде, билер кеңесе келе: «Өсиет еткені – өзі біледі, бірақ жалпы мұраның үштен бірінен аспасын, одан көп болса жарамсыз» деп пәтуа беріпті делінеді. Байқасақ, бұл тура исламдағы 1/3 өсиет ережесін қайталайды. Осындай шариғат ықпалымен енген норма Жеті жарғыда да көрініс тапқан: «Кісінің жалпы малының үштен бір бөлігіне дейін ғана өз ықтияры бойынша (өсиет бойынша) жұмсауға еркі бар» деп көрсетілген. Бұл – әдетте болмаған жаңалық. Сондай-ақ Жеті жарғыда жетім-жесірдің ақысы үшін бүтін бір бөлім арнаулы исламиет әсерін аңғартады.

Билер соты шешімдерінде кейде тікелей Құран сөздерін дәлел ретінде айтқан оқиғалар мұрагерлік дауында да кездеседі. Солардың бірі – қыздардың мұрагерлігі жайы. Исламның ықпалымен XIX ғасырда кей аймақтарда ағайынды жігіттер әкесінің артында қалған қарын-

дастарына малын тең бөліп бермесе де, азды-көпті енші беріп келген. Егер қарындастары мүлде үлессіз қалдырса, молдаға немесе биге жүгініп, шариғат бойынша ақымыз бар деп дауласа алған. Мұндайда бидің әділдігі сыналған. Кей жағдайларда, өкінішке қарай, «бұл біздің салт, қызға үлес жоқ» деп қайырған жағдайлар да болды. Бірақ уақыт өте келе, әсіресе кеңес заманында, әйелдің мұрагерлік құқы толық заңдастырылып, қазақ халқы да соған үйренді.

Бүгінгі Қазақстан Республикасының заңдары зайырлы сипатта болғандықтан, тікелей шариғат заңдары қолданылмайды. Дегенмен, қазіргі құқық жүйесінде еркек пен әйелдің тең мұрагерлік құқы бар екені – бір жағынан тарихи әділеттіліктің орнауы деуге болады. Бүгінде балаларының барлығына мүлкін тең бөлу – заң талабы. Бұл исламның негізгі әділет принципіне сай келуімен қатар, дәстүрлі қазақ қоғамындағы «енші беру» институтының жаңғырған түрі іспетті. Халық жадында сақталған «жеті атасын білмеген – жетесіз», «жетімнің көз жасы жібермейді», «қыздың қалыңмалы өз еншісі» сияқты көптеген нақылдар мен ұғымдар қазіргі жұрттың да санасына әсер етеді. Мұның өзі бұрынғы құқықтық мәдениеттің бүгінге рухани әсерінің мысалы.

### Қорытынды

Жоғарыдағы талдаудан байқағанымыздай, Қазақ даласындағы мұрагерлік құқық нормалары екі үлкен арна – дәстүрлі әдет құқығы мен ислам шариғатының тоғысында да-

мыды. Ислам мұрагерлік құқығы әйелдер мен балалардың да мұраға заңды үлес алу құқын бекітіп, әділ бөлудің Құдай берген үлгісін ұсынса, қазақтың рулық-қауымдық дәстүрі мүлікті негізінен әулет шеңберінде сақтап, ер ұрпақтың жауапкершілігіне жүктеуді көздеді. Осы екі жүйе өзара ықпалдасып, қазақ қоғамында өзіндік құқықтық тәжірибе қалыптасты. Билер соты – сол тәжірибенің жарқын көрінісі. Билер шешімдері көбінесе ата-баба жолына сүйенгенімен, уақыт өте келе шариғат үкімдерін де назарға алып, құқықтық нормаларды халықтың имандылық түсініктерімен байытып отырды.

Ислам шариғаты мен қазақ дәстүрі негізінен бір-бірін толықтырғанын айтуға болады. Екеуінің де түп мақсаты – отбасының тұтастығын, ата мұраның әділ бөлініп, ұрпақ жалғастығын қамтамасыз ету. Мысалы, шариғат жетім мен жесірдің хақысын жеп қоймауды қатаң ескертсе, қазақ дәстүрі де оларды қорғауды қауымға міндеттеген. Шариғат өсиетке белгілі шек қойса, қазақ қоғамы да оны бірте-бірте қабылдап, үштен бірден асыруға тыйым салған. Әйелдердің мұрагерлік алу құқығы шариғаттан келген жаңалық болса, дәстүр оны толық күйінде бірден енгізбесе де, бойдақ қызға үлес, жесірге енші беру секілді өзіндік жолдарын қалдырды.

Дегенмен, қайшылықсыз болды деуге де болмайды. Айталық, әменгерлік институты шариғатта парыз етілмеген, бірақ қазақ арасында ол кең тарады және кейде жесірлердің еркі шектелді. Бұл тұрғыда кейбір

қазақ молдалары шариғат заңдарын алға тартып, әменгерліктің аса қатаң түрлерін сынады. Сол сияқты polygamу мәселесінде ислам төрт әйелге дейін шектеу қойса, қазақ ішінде бай-шонжарлар одан көп те алған жағдайлар кездескен – бұл да шариғат талабынан ауытқу еді. Алайда халықтың басым бөлігі үшін көп әйел алу сирек құбылыс болғанын ескерсек, бұл айырмашылық кең таралмаған деуге болады.

Қорыта айтқанда, Қазақ даласындағы мұрагерлік құқық дәстүрі мен билер соты тәжірибесі – халқымыздың құқықтық мәдениетінің бай мұрасы. Ислам шариғаты қазақтың әдет заңдарын қатайтпай, қайта оны гуманистік тұрғыдан толықтырды: жетім-жесірге қамқорлық, мұраны әділ бөлу, туыстық ақыны сақтау секілді ұстанымдарды берік енгізді. Ал билер сол принциптерді жергілікті жағдайға бейімдеп, көшпелі өркениеттің құқықтық негіздерін ғасырлар бойы сақтап қала алды. Бүгінгі таңдағы құқықтық реформаларда осы тарихи тәжірибенің озық үлгілерін ескеру маңызды. Мысалы, билер сотының татуластыру, әділдікке ашық қызмет ету, көпшілік алдында жауап беру сынды қасиеттері қазіргі сот медиациясы мен халық соттары жүйесіне ұқсас тұстары көп. Сондай-ақ отбасылық мұра мәселелерінде қазақтың «енші беру» дәстүрі мен шариғаттың мұрагерлік әділет қағидатын ұштастыра отырып, қоғамдағы үлкендердің өз еркімен мүлкін бөліп беру мәдениетін қалыптастыру – отбасы ынтымағын нығайтуға қызмет етері сөзсіз.

Түйіндесек, қазақтың құқықтық мәдениеті – төл дәстүр мен әлемдік өркениет (ислам) ықпалының синтезі. Мұрагерлік құқығындағы сабақтастық бұған дәлел бола алады. Исламдық мұрагерлік нормалары мен билер соты тәжірибесін зерттеу біз-

ге ата заңдарымыздың негізінде әділет пен адамгершілік жатқанын аңғартады. Бұл сабақ бүгінгі ұрпақтың да құқыққа деген көзқарасын дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді деп сенеміз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Abdimomynov N., Askarbekkyzy N., Baktykhozhaev Zh., Imanbayev K., Kosherbayev S. Islamic Obligation in Kazakh Customary Law (For Example, the Institution of Family and Marriage). – 2015. – 8st.
2. Ablaeva E. B. Правовая система Казахстана в ордынский период. – Алматы, 2019.
3. Amjad Hayat, PhD. Suspicions of Orientalists about Women Inheritance and Their Encounter in the Light of Islam. – Islamabad, 2020. – 15 st.
4. Анарбаев Н., Әкімханов А. Құран Кәрім: қазақша түсіндірмелі аударма. – Алматы, 2021. – 612б.
5. Әл-Кәсәни. Бәдәиғ әс-санаиғ фи тәртиби әш-шараиғ.– Каир, 1910. – 396б.
6. Estate Division and the Sunna of Equal Treatment of Children in Gift Giving. SeekersGuidance. Режим доступа: <https://seekersguidance.org> (оқылған күні: 15.11.2025).
7. Ибн Мәудәд әл-Мусули. Әл-Ихтияр ли тағлили әл-мухтар.– Каир, 1937. – 132б.
8. Kazakh Inheritance Law and Its Difference from Other Legal Systems. Utkelbayeva Z., Rifai J. A. Sh. – 2020. – 9 st.
9. Әбу Бәкір әс-Сарахси. Әл-Мәбсут.– Ливан: Дар әл-Ма’риф, 1995. – 140б.
10. Әбу әл-Қасим әт-Табарани. Әл-Муғжам әл-әусат.– Каир: әл-Әзһар, б.ж. – 1273б.
11. Ахмад ибн Мухаммад ибн Қудама. Әл-Муғни.– Эр-Рияд, 1997. – 608б.
12. Науменко О. В. Наследование в мусульманском праве. – Москва, 2010. – 4ст.
13. Құран Кәрім. Қазақша аудармалар сериясы (Х. Алтай, Н. Анарбаев және т.б.). – Алматы, 2021.
14. Senior Capstone, Zhan Gaziz. The Last Word of the Biy: Colonialism and Adat in the Middle Zhuz of the Kazakh Steppe. – 2025. – 49st.
15. Академик Зиманов: ғұлама ғалым және ел азаматы»: республикалық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2021. – 132б.

## REFERENCES

1. Abdimomynov, N., Askarbekkyzy, N., Baktykhozhaev, Zh., Imanbayev, K., & Kosherbayev, S. Islamic Obligation in Kazakh Customary Law (For Example, the Institution of Family and Marriage). 2015. – 8 st.
2. Ablaeva, E. B. The Legal System of Kazakhstan during the Golden Horde Period. Almaty, 2019. – 13st.

3. Amjad Hayat, PhD. Suspicions of Orientalists about Women's Inheritance and Their Encounter in the Light of Islam. Islamabad, 2020. – 15st.
4. Anarbayev, N., & Akimkhanov, A. The Noble Qur'an: Explanatory Translation into Kazakh. Almaty, 2021. – 612 st.
5. Al-Kasani. Bada'i al-Sana'i fi Tartib al-Shara'i. Cairo, 1910. – 396 st.
6. Estate Division and the Sunna of Equal Treatment of Children in Gift Giving. SeekersGuidance. Available at: <https://seekersguidance.org> (accessed: 15.11.2025).
7. Ibn Mawdud al-Mawsili. Al-Ikhtiyar li-Ta'lil al-Mukhtar. Cairo, 1937. – 132st.
8. Utkelbayeva, Z., & Rifai, J. A. Sh. Kazakh Inheritance Law and Its Difference from Other Legal Systems. 2020. – 9st.
9. Abu Bakr al-Sarakhsi. Al-Mabsut. Lebanon: Dar al-Ma'rifa, 1995. – 140st.
10. Abu al-Qasim al-Tabarani. Al-Mu'jam al-Awsat. Cairo: Al-Azhar, n.d. – 1273st.
11. Ahmad ibn Muhammad ibn Qudamah Al-Mughni. Riyadh, 1997. – 608st.
12. Naumenko. O. V. Inheritance in Muslim Law. Moscow, 2010. – 4st.
13. The Qur'an. Kazakh translations (H. Altay, N. Anarbayev, and others). Almaty, n.d.
14. Senior Capstone, Gaziz, Zhan. The Last Word of the Biy: Colonialism and Adat in the Middle Zhuz of the Kazakh Steppe. 2025. – 49st.
15. Academician Zimanov: Scholar and Citizen of the Nation: Proceedings of the Republican Scientific Conference. Almaty, 2021. – 132st.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Аманқұл Темур Оралбайұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының Қауымдастырылған профессоры (м.а), PhD доктор. (Алматы, Қазақстан. e-mail: amankul\_2007temur@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0009-3050-6209>)*

*Дәуренбек Нарұл – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті Дінтану және мәдениеттану кафедрасының «7M02205 – Исламтану» білім бағдарламасы, 2 курс магистранты, (Алматы, Қазақстан, әл.почта: naruldaurenbek00@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0000-5847-5824>)*

*Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы, PhD, қауымдастырылған профессор (Алматы, Қазақстан, e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0051-9163>).*

#### **معلومات عن المؤلفين:**

*أمانقۇل تيمور أورالبايولوي – أستاذ مشارك قائم بالأعمال، دكتوراه (PhD)، قسم دراسات الأديان والثقافة، كلية الفلسفة والعلوم السياسية، جامعة الفارابي الكازاخية الوطنية (ألماتي)، كازاخستان، e-mail: amankul\_2007temur@mail.ru :e-mail ORCID ID : <https://orcid.org/0009-0009-3050-6209> .*

*داورينبک نارول – طالب ماجستير في السنة الثانية في برنامج «7M02205 – الدراسات الإسلامية»، قسم دراسات الأديان والثقافة، كلية الفلسفة والعلوم السياسية، جامعة الفارابي الكازاخية الوطنية (ألماتي)، كازاخستان، e-mail: naruldaurenbek00@mail.ru :e-mail ORCID ID <https://orcid.org/0009-0000-5847-5824> .*

*باغاشاروف قدايبردي صابر جان أوغلي – محاضر، دكتوراه (PhD)، أستاذ مشارك، قسم دراسات الأديان والثقافة، جامعة الفارابي الكازاخية الوطنية (ألماتي)، كازاخستان، e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID <https://orcid.org/0000-0003-0051-9163> .*

**Information about authors:**

*Amankul Temur Oralbayuly – Acting Associate Professor, PhD, Department of Religious and Cultural Studies, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan e-mail: amankul\_2007temur@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0009-3050-6209>).*

*Daurenbek Narul – 2nd-year Master’s student of the educational program «7M02205 – Islamic Studies», Department of Religious and Cultural Studies, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: naruldaurenbek00@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0000-5847-5824>).*

*Bagasharov Kudaiberdi Sabyrzhanuly – Lecturer, PhD, Associate Professor, Department of Religious and Cultural Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0051-9163>).*

**Информация об авторах:**

*Аманкул Темур Оралбайұлы – ассоциированный профессор (и.о.), PhD, кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: amankul\_2007temur@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0009-3050-6209>).*

*Дауренбек Нарұл – магистрант 2 курса образовательной программы «7M02205 – Исламоведение» кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, эл. почта: naruldaurenbek00@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0000-5847-5824>).*

*Бағашаров Құдайберді Сабыржанович – преподаватель кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, PhD, ассоциированный профессор (Алматы, Казахстан, e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-0051-9163>).*

FTAMP/SRSTI/ГРНТИ 21.15.47

<https://doi.org/10.63727/ris202584-5>

Б.К. Бейсенбаев<sup>1</sup>, Б.О. Курбанов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан

## ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

### Аңдатпа

Мақалада Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің негізгі принциптері, соның ішінде теориялық және практикалық оқытудың интеграциясы мен ислами білім берудің түрлі модельдері қарастырылған. Ислами білім беру жүйесін талдау мақсатында PRISMA әдіснамасына негізделген 2014-2024 жылдар аралығындағы жарияланымдарға жүйелі шолу жүргізілді. Зерттеу нәтижелері шетелдік және Қазақстандағы ислами білім беру жүйелерін салыстыру арқылы олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ислами білім беру жүйесін жүзеге асыруға байланысты мәселелер, атап айтқанда, діни білім беру мекемелері үшін мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілерді жаңарту қажеттілігі талқыланды. Зерттеу нәтижелері зайырлы білім беру жағдайында ислами оқытудың мүмкіндіктерін одан әрі зерттеу қажеттігін айқындайды.

**Түйінді сөздер:** ислами білім беру, діни білім беру, кредиттік-модульдік оқыту, білім беру бағдарламалары.

ب. ك. بيسينبايف<sup>1</sup>، ب. و. قربانوف<sup>2</sup>

<sup>1</sup>المركز الدولي للحوار بين الأديان والمذاهب

<sup>2</sup>الجامعة الوطنية الأوراسية ل. ن. غوميليف

أستانا، كازاخستان

### تطور نظام التعليم الإسلامي: الجوانب النظرية والتطبيقية

#### الملخص

تتناول هذه المقالة المبادئ الأساسية لنظام التعليم الإسلامي في جمهورية كازاخستان، بما في ذلك تكامل التعليم النظري والتطبيقي، وكذلك النماذج المتنوعة للتعليم الإسلامي. ولغرض تحليل نظام التعليم الإسلامي، أُجريت مراجعة منهجية للمنشورات الصادرة خلال الفترة 2014–2024، استنادًا إلى منهجية PRISMA. وقد أتاحت نتائج الدراسة تحديد أوجه القوة والقصور في أنظمة التعليم الإسلامي من خلال المقارنة بين التجارب الدولية وتجربة كازاخستان. كما نوقشت القضايا المرتبطة بتطبيق نظام التعليم الإسلامي، ولا سيما ضرورة تحديث

الأطر التنظيمية والقانونية الحكومية الخاصة بالمؤسسات التعليمية الدينية. وتؤكد نتائج البحث الحاجة إلى مواصلة دراسة إمكانات التعليم الإسلامي في سياق نظام التعليم العلماني.  
الكلمات المفتاحية: التعليم الإسلامي، التعليم الديني، التعليم القائم على النظام الائتماني-الوحداني، البرامج التعليمية.

**B.K. Beisenbayev<sup>1</sup>, B.O. Kurbanov<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> International Center for Interfaith and Interreligious Dialogue

<sup>2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Astana, Kazakhstan

## DEVELOPMENT OF THE ISLAMIC EDUCATION SYSTEM: THEORETICAL AND PRACTICAL ASPECTS

### Abstract

The article examines the key principles of the Islamic education system in Kazakhstan, including the integration of theoretical and practical instruction and various models of Islamic education. To analyze the Islamic education system, a systematic review of publications from 2014 to 2024 was conducted based on the PRISMA methodology. The research findings made it possible to identify the strengths and weaknesses of Islamic education systems by comparing international and Kazakhstani experiences. In addition, issues related to the implementation of the Islamic education system are discussed, particularly the need to update state regulatory and legal frameworks governing religious educational institutions. The results of the study highlight the necessity of further research into the possibilities of Islamic education within the context of secular education.

**Keywords:** Islamic education, religious education, credit-modular learning, educational programs.

**Б.К. Бейсенбаев<sup>1</sup>, Б.О. Курбанов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Международный центр межконфессионального и межрелигиозного диалога

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва  
Астана, Казахстан

## РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ИСЛАМСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

### Аннотация

В статье рассматриваются основные принципы системы исламского образования в Казахстане, включая интеграцию теоретического и практического обучения, а также различные модели исламского образования. С целью анализа системы исламского

образования был проведён систематический обзор публикаций за период 2014–2024 годов на основе методологии PRISMA. Результаты исследования позволили выявить преимущества и недостатки систем исламского образования в зарубежных странах и в Казахстане на основе их сравнительного анализа. Кроме того, обсуждаются проблемы, связанные с реализацией системы исламского образования, в частности необходимость обновления государственных нормативно-правовых актов, регулирующих деятельность религиозных образовательных учреждений. Полученные результаты подчёркивают необходимость дальнейшего изучения возможностей исламского образования в условиях светской системы образования.

**Ключевые слова:** исламское образование, религиозное образование, кредитно-модульное обучение, образовательные программы.

### Кіріспе

Қазақстандағы колледж медреселерде білім беру жүйесі қазіргі заманғы білім беру стандарттарына сәйкес ұйымдастырылған. Бұл оқу орындары исламдық білімнің негізгі бағыттарын (фиqh, хадис, ақида, араб тілі) және заманауи пәндерді (құқық, экономика, ақпараттық технологиялар), сондай-ақ жалпы білім беру пәндерін (10-11 сынып) үйлестіру арқылы интеграцияланған білім беру моделін ұсынады. Мұндай құрылым исламдық құндылықтарға негізделген білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Ислами білім беруді институционализациялау үдерісі 2007 жылы алғашқы медреселердің ашылуымен басталды. 2015 жылдан бастап аталған оқу орындары колледж мәртебесін иеленді. Бұл олардың жалпы білім беру жүйесіне интеграциялануына және діни білім беру құрылымдарын заманауи білім беру әдістемелерімен үйлестіруге ықпал етті [1]. Қазақстанда 2007-2012 жылдары аралығында жалпы саны тоғыз медресе ашылып, ислами білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуіне айтарлықтай ықпал етті. Бұл медреселер тек діни білім берумен шектел-

мей, мәдени және тарихи алмасудың маңызды орталықтарына айналды. Олар Қазақстанның исламдық дәстүрлері мен өзге мәдениеттердің өзара ықпалдастығын айқындайтын білім беру және зерттеу алаңдары ретінде қызмет атқарды [2]. 2015–2016 оқу жылынан бастап медреселер колледж мәртебесіне ие болды, бұл олардың оқу бағдарламалары мен білім сапасын айтарлықтай жаңартуға мүмкіндік берді. Медреселерде «0112000 – Исламтану» мамандығы «0112013 – Имам-хатиб» және «011202 3 – Ислам негізінің мұғалімі» және «0113000 – Теология» мамандығы «011301 3 – Теолог» және «011302 3 – Араб тілін зерттеу теологі» біліктіліктері бойынша мамандар даярлауға мүмкіндік берді. Оқу мерзімі білім беру деңгейіне байланысты төмендегідей белгіленді:

- Жалпы орта білім беру негізінде – 2 жыл 10 ай;

- Негізгі орта білім беру негізінде – 3 жыл 10 ай.

Бұл өзгерістер медреселердің институционалдық дамуын қамтамасыз етіп, олардың білім беру жүйесіне интеграциялануын жеделдетті. Сонымен қатар, бұл реформалар медреселердегі білім беру сапасын арт-

тыруға, олардың академиялық және әдістемелік базасын жетілдіруге мүмкіндік берді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы бойынша өзгерістер (1-сурет) исламтану мамандығы бойынша білім беру стандарттарын жүйелеуге, оның академиялық мәртебесін бекітуге және исламдық білім беру жүйесін Қазақстанның жалпы білім беру жүйесімен үйлестіруге ықпал етті. Аталған нормативтік-құқықтық база исламтану саласындағы кадрларды даярлау жүйесін жетілдіруге бағытталған ма-

ңызды қадам болып табылады. Сонымен қатар, ол исламдық білім берудің ұлттық және халықаралық деңгейде танылуына ықпал етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда діни білім беру ұйымдарының оқу бағдарламалары, кадрлық құрамы және инфрақұрылымы жаңартылып, дін саласындағы кәсіби мамандарды даярлауға арналған нормативтік құжаттар мен құқықтық актілер қайта қаралуда. Бұл өзгерістердің негізгі мақсаты діни білім беру жүйесін заманауи талаптарға сәйкестендіру, соның ішінде салалық біліктілік шеңберін, білім беру бағдарламаларын және біліктілік сыныптауышын жаңарту [3].

Исламтану		0112000		0114
	Имам хатиб	011201 3		0114
	Ислам негізінің мұғалімі	011202 3		0114
Теология		0113000		0114
	Теолог	011301 3	2372	0114
	Араб тілін зерттеу теологі	011302 3	2372	0114

a)

022 Гуманитарлық ғылымдар (тілдерден басқа)				
0221 Дін және теология				
02210100 Исламтану	4502210103 Имам-хатиб**		0221	2636-2
	4502210104 Ұстаз**		0221	2636-9
	4502210105 Исламтанушы		0221	
02210200 Теология	4502210201 Теолог		0221	2636-1
	4502210202 Ислам теологі		0221	2636-1
02210300 Хадистану	4502210302 Хадистанушы		0221	2636-9

б)

Ескерту: а) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы. б) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 23 тамыздағы № 217 бұйрығы.

### Сурет 1 а, б – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы

Бұл өзгерістер колледж-медресе түлектерінің алдағы уақытта жоғары оқу орындарында берілетін біліктілікке сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Осы ретте білім беру жүйесінің сапасын арттыру мақсатында түлектердің біліктілігін толыққанды сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуі қажет. Аталған реформалардың нәтижесінде діни білім беру мекемелерінің оқу бағдарламалары мен біліктілік талаптарының қазіргі заманғы білім беру жүйесіне және халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттілігі айқындалуда. Бұл бағыттағы жаңғырту шаралары дін саласындағы мамандарды даярлау сапасын жетілдіруге және олардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Соның нәтижесінде колледж-медресе түлектері теологиялық білімнің жоғары деңгейінде дайындалып, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар ретінде қызмет етуге мүмкіндік алады. Бұл өзгерістер олардың кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, исламдық білім беру жүйесінің жалпы сапасын жақсартуға және оның ұлттық білім беру жүйесіне тиімді интеграциялануына ықпал етеді.

### Әдістеме

Бұл бөлімде зерттеуге негіз болған дереккөздерге, жарияланымдарды іріктеу критерийлеріне жүйелі шолу берілген. Жүйелі шолу PRISMA әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Осы талаптарға сәйкес, талдау үшін Scopus және Google Scholar дерекқорындағы мақалалар ғана қарастырылды [4]. Әдебиеттерді іздеу кезеңі 2014-2024 жылдар аралығын қамтыды. Бұл уақыт шеңбері негізгі ғылыми тенденциялар мен зерттеу саласындағы соңғы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді (2-сурет).



Сурет 2 – PRISMA диаграммасы

Деректерді талдау нәтижесінде қорытынды іріктемеде N=10 мақала болды. Зерттеу шолу процедурасының анықтығы мен қайталануын қамтамасыз ету үшін PRISMA әдістемесі қолданылды. Барлық таңдалған N = 10 мақалалар 1-кестеде келтірілген.

**Қазақстанда ислами білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттап өткен ғалымдар**

Авторлар, жыл	Ислами білім беру жүйесі -	Артықшылығы	Кемшіліктері
Yemelianova, G. M. (2014). [5]	-	Қазақтың этникалық және исламдық рәміздерінің қоғамдық өмірге енуі, сондай-ақ мешіттер, медреселер мен исламдық білім беру мекемелерінің көбеюімен сипатталатын исламның айтарлықтай жаңғыруы.	Этникалық қазақ элитасының жанама және ішінара салафизациялануының қазақтың мемлекеттік құрылымы мен қоғамына тигізетін ықтимал зардаптары.
Nadirova, G., Kaliyeva, S., Mustafayeva, A., Kokeyeva, D., Arzayeva, M., & Paltore, Y. (2016). [6]	Тепе-теңдікті сақтау, діни және зайырлы білімнің үйлесімді өмір сүруіне ықпал етуді және заманауи қоғамның мәселелерін бір мезгілде шешуді көздейді.	Ислам ілімдері арқылы рухани бірегейлік пен мәдени мұраны нығайту.	Зайырлы біліммен ықтимал қақтығыстар және исламның әртүрлі түсіндірмелерін үйлестірудегі қиындықтар.
Seytov, M. (2020). [7]	Қазақстандық исламдық білім беру жүйесі үлкенге құрмет пен адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеп, қоғамды бірлікке шақырады.	Заманауи қоғамдағы интеграциясы мен тиімділігіне ислам дінінің ықпалы.	Қазіргі зайырлы дәуір мен тарихи сілкіністердің әсерінен туындаған қиындықтар.
Muratkhan, M., Kalmakhan, Y., Tussufkhan, I., Akimkhanov, A., & Samet, O. (2021). [8]	Исламдық білім беру жүйесі арқылы қазақы болмысты нығайтып, қоғамдағы білім деңгейін арттыру.	Мәдени сабақтастықты дамытады.	Білім беру мазмұнының кеңеюіндегі ықтимал шектеулер мен басқа білім беру жүйелерінен оқшаулану қаупі.
Begalinova, K. K. (2022). [9]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі отандық тәжірибені нығайту арқылы мәдени даму мен діни төзімділікті арттыруға ықпал етеді.	Ислам университеттерінің құрылуы исламтану саласында мамандандырылған кадрлар даярлауды қамтамасыз етіп, ғұламалардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға елеулі үлес қосады.	Экстремистік ұйымдардың ықпалынан қорғау және дәстүрлі ислам ілімдерін заманауи білім беру стандарттарымен үйлестіретін теңгерімді оқу бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі.

Alpyspaeva, G., & Abdykarimova, Sh. T. (2022). [10]		Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі қоғамға жақын болу, моральдық мәселелерге назар аудару.	Ескірген оқыту әдістері сияқты кемшіліктерге тап болып, кеңестік саясат кезеңінде оның құлдырауына әкелді.
Mustafayeva, A., Paltore, Y., Pernekulova, M., & Meirim, I. (2023). [11]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі рухани вакуумды жоя отырып, мәдени жаңғыру мен рухани өзін-өзі тануға ықпал етеді.	Кеңестік атеизмнің ондаған жылдарынан кейін ұлттық бірегейлік пен діни құндылықтарды қалпына келтіруге ықпал етті.	Радикалдық ағымдардың күшеюі және әртүрлі діни идеологияларды біріктірудегі қиындықтар.
Weisenbayev, B., Almukhametov, A., & Мухаметшин, P. M. (2024). [12]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі мәдени бірегейлікті нығайта отырып, дәстүрлі ілімдерді заманауи құрылымдармен үйлесімі.	Зайырлы біліммен ықпалдасу, ислам ілімдерін заманауи білім беру тәжірибесімен ұштастыру.	Жаһандануға бейімделу және білім беру сапасын қамтамасыз ету сияқты қиындықтар, бұл тұрақты даму мен білім беру тиімділігін арттыруға бағытталған ұлттық стратегияларды қажет етеді.
Zholmukhan, T., Kayrbekov, N., & Ibrahim, M. (2023). [13]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі діни және ұлттық бірегейлікті нығайтып, адамгершілік құндылықтарды дамытуға ықпал етеді.	Діни білім Қазақстандағы ұлттық бірегейлік пен реформаларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.	Зайырлы қоғамда діни білімнің ықпалының төмендеуіне әкелетін секуляризация мен білім беру үлгілері арасындағы бәсекелестікке байланысты бірқатар қиындықтар
Shanbayeva, A., Kantarbayeva, Z., & Mahoney, J. B. (2024). [14]	Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесінің рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.	Мәдени мұраны сақтау, оқытудың заманауи әдістерін, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану.	Деструктивті діни ағымдармен, радикализммен және экстремизммен байланысты проблемалар, білім беру бағдарламаларын жетілдіру.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – жаңа буын мамандарын даярлауда ислами білім беру жүйесінің рөлі мен тиімділігін талдау. Ислами білім беру жүйесін практикада қолдануды зерттеу барысында келесі зерттеу сұрақтары тұжырымдалды:

1) Колледж-медреселердегі ислами білім беру бағдарламаларының қазіргі жағдайы?

2) Медресе-колледждерде исламдық білім беру мамандарын даярлаудың тиімді моделі?

## Нәтижелер

Колледж-медреселерді оқу бағдарламалары мен оқу жоспары исламдық білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие процесінің ерекшелігі оның мәдени-ағарту қызметімен тығыз байланыста жүзеге асырылуымен анықталады. Бұл жүйенің негізгі мақсаты – мұсылман мәдениетін Қазақстан қоғамына интеграциялау, сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен мәдениет негізінде жастарға ислам құндылықтарын насихаттау. Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесі қоғамның рухани дамуына елеулі ықпал етіп, ислам мәдениетін дәріптеу мен оны қазақ мәдениетімен үйлестіру бағытында маңызды рөл атқарады [12]. Сонымен қатар колледж-медреселердің оқу бағдарламалары теологиялық және зайырлы білім арасындағы балансты сақтауға негізделген. Бұл интеграцияланған тәсіл студенттерге дәстүрлі діни білім алумен қатар, заманауи білім беру стандарттарына сәйкес кәсіби дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. 2015 жылдан бастап медреселердің колледж мәртебесіне көшуі білім беру реформасының маңызды кезеңі болды, бұл оқу бағдарламаларына елеулі құрылымдық өзгерістер енгізуге ықпал етті. Сонымен қатар, еліміздегі колледждерде білім беру жүйесіне сызықтық, модульдік және кредиттік-модульдік оқыту жүйелерін енгізу оқу процесін басқарудың жаңа моделін қалыптастырды. Бұл өзгерістер білім беру жүйесінің икемділігін арттырып, білім алушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын жетілдіруге және оқыту сапасын жақсартуға мүмкіндік

берді. Қазақстанда ислами білім беру ислам дінінің түрлі аспектілерін зерттейтін ғылымдар кешені ретінде қарастырылады. Негізінен бұл салаға келесі негізгі пәндер жатады:

- Құран және оның тәпсірі;
- Хадис және оның түсіндірмесі
- Хадис ілімдері;
- Ислам сенім негіздері (ақида);
- Фикһ және оның методологиясы

(усул әл-фикһ).


Сонымен қатар, Мысырлық зерттеуші Хоссам Жабер өз еңбегінде [15] ислами білімдерді төрт негізгі ғылыми бағытқа бөліп көрсеткен (3-сурет). Олар:

- Дереккөз ғылымдары: Құран және оның тәпсірі, сондай-ақ хадис пен оның түсіндірмесі (Шурух әс-Сунна).

- Мақсатқа жету ғылымдары: Ақида, Фикһ және Ахлақ.

- Қосалқы ғылымдар: Құран ілімдері (тәпсір негіздері), Хадис ғылымы және Фикһ негіздері.

- Ғылымның өзегі: Ислам ғалымдарының өмірбаяны, оның ішінде Пайғамбардың (ﷺ) сирасы және тарихи қиссалар.



Сурет 3 - Хоссам Жабердің исламдық білімді игерудің төрт негізгі ғылыми бағыты

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [15].

Сондай-ақ Ислами білімдер исламдық дүниетанымды жан-жақты түсіндіруді мақсат етеді. Ислами білім араб тілі грамматикасы (наху және сарф), жаратылыстану ғылымдары, тарих және әдебиет сияқты қосымша салалармен тығыз байланысты. Со-

нымен қатар Ислами білім беру жүйесі ислам шарияты ғылымдарын үйретуге негізделген. Бұл ғылымдар негізгі (Илм әл-Аслия) және қосалқы (Илм әл-Әлат) болып екі үлкен санатқа бөлінеді (2-кесте) [16].

Кесте 2

### Исламдық білім беру ғылымдары

Негізгі (әл-Аслия)	Қосалқы (әл-Әлат)
Құран және оның тәпсірі Хадис және оның түсіндірмесі Ислам ақидасы Ислам фикһі	Құран ілімдері Араб тілі Фикһ негіздері Хадис терминологиясы Фикһ қағидалары
Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [16]	

Осылайша, бұл модельдер исламдық білім беру жүйесінің эволюциясын сипаттап, оның қазіргі уақытқа дейін қалай жүзеге асырылып келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстандағы колледж-медреселер оқу бағдарламаларын әзірлеу ба-

рысында әлемдік деңгейдегі исламдық білім беру мекемелерінің тәжірибесіне сүйенеді. Атап айтқанда, әл-Азхар университеті (Египет) және Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті (Қазақстан) сияқты жетекші оқу орындарының бағдарламалары

негізге алынған. Колледж-медреселер осы университеттердің оқу бағдарламаларын зерттей отырып, үздік тәжірибелер мен әдістемелерді енгізу арқылы өздерінің білім беру жүйесін жетілдірген. Бұл тәсіл оқу үдерісінің ғылыми-теориялық және әдістемелік негіздерін нығайтып, студенттерге исламдық және заманауи білім салаларын үйлестіре отырып, кешенді білім алуға мүмкіндік береді.

Білім беру реформасы аясында медреселерде діни білім беру мен заманауи ғылым салаларын біріктіруге ерекше назар аударылды. Бұл тәсіл білім алушыларға жан-жақты білім алуға және олардың кәсіби құзыреттерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Аталған реформалар діни білім беру мазмұнын жаңартуға, исламдық білім беру жүйесін мемлекеттік білім

беру стандарттарына сәйкестендіруге, колледж-медреселерде жалпы білім беру сапасын арттыруға ықпал етті. Осы өзгерістер Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. 2024-2025 оқу жылы колледж-медреселердің оқу бағдарламалары бірнеше негізгі саланы қамтиды (3-кесте), олардың әрқайсысы исламдық білімді терең және жан-жақты меңгеруге бағытталған. Бұл құрылым діни және зайырлы білімнің үйлесімділігін қамтамасыз етіп, исламдық білім беру мекемелерінің білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ТжКОБКБ білім беру бағдарламаларының реестріне [17] ендірілген.

Кесте 3

### Колледж-медреселердің оқу жұмыс бағдарламаларының кәсіптік модульдері


Кәсіптік модуль атаулары	Сипаттамасы
Ислам тарихы	исламның тарихын, мәдениетін және өркениеттік аспектілерін қамтиды. Исламның шығу тарихы, оның алғашқы таралуы, маңызды тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы мәліметтер беріледі. Сондай-ақ ислам әлеміндегі мәдени және өркениеттік жетістіктер де қарастырылады.
Қазақ салт-дәстүрі	Қазақстандағы исламдық білім мен қазақ халқының дәстүрлері арасындағы өзара байланыс зерттеледі. Қазақтың тарихи тамыры мен дәстүрлі құндылықтары, исламның қазақ қоғамына ықпалы мен қазақ мәдениетіндегі исламдық элементтер талқыланады.
Құран Кәрім	тәжүидке (Құранды дұрыс оқу өнері), сүрелер мен дұғаларды оқуға, сондай-ақ тафсирге (Құранды тәпсірлеу) арналған. Құранның мәтінін дұрыс оқу және оның мағынасын терең түсіну үшін қажетті дағдылар мен тәсілдер үйретіледі.
Араб тілі	Араб тілінде жазу, оқу, тыңдау және сөйлеу дағдылары дамытылады. Араб тілі исламдық білімнің негізі болғандықтан, оның грамматикасы мен лексикасы исламдық мәтіндерді түсіну және оқыту үшін өте маңызды.
Фиқһ және методология	ислам фиқһын (ислам құқығын) зерттейді және пәтуалар мен ислам құқығының дамуы сияқты тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, ислам заңдары мен оның қоғамдағы практикалық қолданылуы туралы да білім беріледі.

Ислам ақидасы	исламдық сенім, этика және тасаууф (сопылық) мәселелері қарастырылады. Бұл бөлім исламның негізгі сенім жүйесін, адамның рухани өмірі мен ислам философиясын зерттейді.
Хадис терминологиясы	хадис терминологиясын меңгеруге, хадис мәтіндерін түсінуге және хадистерді оқуға арналған. Хадистер Пайғамбар Мұхаммедтің (ﷺ) сөздері мен іс-әрекеттерін қамтитын исламдық дереккөздер болғандықтан, оларды дұрыс түсіну маңызды.

Медресе-колледждерде қолданылатын оқу модульдері бір-бірімен тығыз байланысты, олар исламдық білімнің әртүрлі аспектілерін жан-жақты ашуға және білім алушылардың кәсіптік пәндерді толыққанды меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл кредиттік-модульдік жүйе білім алушыларға тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды да игеруге бағытталған.

## Талқылау

Колледж-медреселерде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) бекіткен оқулықтар тізіміне сәйкес исламтану білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады (4-сурет). Барлық медресе-колледждерде білім беру процесі осы бекітілген оқулықтар негізінде ұйымдастырылады.



Сурет 4 – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) бекіткен исламтану білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға арналған оқулықтардың хронологиялық дамуы

Зерттеуде мәліметтерді талдай отырып, ҚМДБ талаптары мен қажеттіліктеріне сәйкес колледж-медресе мамандарын даярлау моделін әзірлеу тиімділігі мен заманауи озық технологияларды қолданудың маңыздылығы

анықталды. Бұл модель мамандарды даярлауға қажетті әдістерді, оқу-әдіс-темелік және бағдарламалық қамтамасыз етуді қамтып, ислам ғылымдары саласында қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыратын компо-

ненттер жиынтығын ескере отырып құрастырылуы тиіс деген қорытындыға келдік. Исламтану мамандарын даярлаудың исламдық ғылымдарды оқыту моделін әзірлеу барысында келесі кезеңдер жүзеге асырылды:

- ҚМДБ тарапынан мамандарға қойылатын негізгі талаптар мен ұсыныстарды айқындау;

- нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау және оларды модельді құру барысында негізге алу;


- модельдің негізгі мақсатын, құрылымын және функционалдық элементтерін анықтау;

- исламдық білім беру ғылымдарын оқу процесіне енгізудің теориялық негіздерін, оқу-әдістемелік және ақпараттық-бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу;

- компоненттерді, бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін анықтау;

- күтілетін нәтижелерді жүйелеп, қорытындылау.

Аталған талаптар негізінде исламдық білімді игерудің ғылыми негіздері бойынша болашақ исламтану мамандарын даярлаудың құрылымдық моделі әзірленді (5-сурет).



Сурет 5 – Медресе-колледждегі исламдық білім беру мамандарын даярлаудың моделі

Осылайша, әзірленген модель исламтану саласындағы мамандарды даярлаудың жүйелі тәсілін қамтамасыз етеді және білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

### Қорытынды

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы исламдық білім беру жүйесін нығайту бағытында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда медресе-колледждердің жаңа мәртебесі және студенттер санының артуы жүйені одан әрі дамыту үшін арнайы стратегия әзірлеуді талап етеді. Қазақстандағы исламдық білім беру жүйесін жетілдіру үшін дін, азаматтық қоғам және мемлекеттік ұйымдар арасындағы ынтымақтастықтың маңызы зор. Білім беру сапасын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан қолдау көрсету, соның ішінде материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету және арнайы стратегиялар әзірлеу маңызды болып табылады. Осылайша, исламдық білім беру жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін кешенді реформалар мен стратегиялық жоспарлар әзірлеу қажет. Сонымен қатар, колледж-медреселердегі педагогикалық құрамның кәсібилігі қазіргі білім беру жүйесінің сапасын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Колледж-медреселерде білім беру процесі тек білікті және тәжірибелі мамандардың қатысуымен жүзеге асырылады. Сонымен бірге, ұстаздардың тек діни біліммен шектелмей, заманауи білім беру әдіс-тәсілдерін

меңгеруі аса маңызды. Бұл білім беру сапасын арттырумен қатар, білім алушылардың жан-жақты дамуына оң ықпал етеді. Қазіргі уақытта ҚМДБ тарапынан педагогтердің біліктілігін арттыру курстары әзірленіп, ұйымдастырылуы қажет. Бұл курстар:

- Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім беру бағдарламалары реестріне енгізілуі тиіс.

- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығына сәйкес тіркелуі қажет [18].

Аталған шаралар медресе-колледждер мен жалпы діни білім беру ұйымдарының аттестациялануына, сондай-ақ педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Біліктілікті арттыру курстары ұстаздардың кәсіби білімдерін жетілдіруге, жаңа әдістемелер мен технологияларды меңгеруге, заманауи оқыту әдістерін оқу процесіне енгізуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта медресе-колледж ұстаздарына қойылатын негізгі талаптардың бірі оқыту процесінде заманауи технологиялар мен әдістемелерді тиімді қолдану. Бұл жаңашылдықтар оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға, оқушылардың білім алу деңгейін көтеруге ықпал етеді. Діни білім беру ұйымдарының оқыту әдістемелері мен технологиялық мүмкіндіктері жаңартылып, әрі қарай дамытуды қажет етеді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Сайт: [https://kattani.kz/p\\_2220/](https://kattani.kz/p_2220/)
2. Серікбай қажы Ораз. Ұлы дала төсіндегі ислам. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, Астана – 2018
3. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы.
4. Farrús, M. (2023). Automatic speech recognition in L2 learning: A review based on PRISMA methodology. *Languages*, 8(4), 242.
5. Islam, national identity and politics in contemporary Kazakhstan. *Asian Ethnicity*, 15(3), 286–301. <https://doi.org/10.1080/14631369.2013.847643>
6. Nadirova, G., Kaliyeva, S., Mustafayeva, A., Kokeyeva, D., Arzayeva, M., & Paltore, Y. (2016). Religious Education in a Comparative Perspective: Kazakhstan's Searching. *The Anthropologist*, 26, 97–103. <https://doi.org/10.1080/09720073.2016.11892134>
7. Seytov, M. (2020). The Influence of Islam on the Ethics of Respecting for Elders in the Tradition of the Kazakh People. 105–114. <https://doi.org/10.31643/2020.015>
8. Muratkhan, M., Kalmakhan, Y., Tussufkhan, I., Akimkhanov, A., & Samet, O. (2021). The Importance of Religious Education in Consolidating Kazakh Identity in China: An Historical Approach. *Religious Education*, 1–10. <https://doi.org/10.1080/00344087.2021.1975068>
9. Begalinova, K. K. (2022). Islamic Education in the Republic of Kazakhstan: Specificity and Prospects of Development. *Islam in the Modern World*, 18(1), 147–158. <https://doi.org/10.22311/2074-1529-2022-18-1-147-158>
10. Alpyspaeva, G., & Abdykarimova, Sh. T. (2022). Muslim Educational Institutions in Kazakhstan under the Anti-Religious Policy of the Soviet State in the 1920s. *European Journal of Contemporary Education*, 11(1). <https://doi.org/10.13187/ejced.2022.1.314>
11. Mustafayeva, A., Paltore, Y., Pernekulova, M., & Meirim, I. (2023). Islamic Higher Education as a Part of Kazakhs' Cultural Revival. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*. <https://doi.org/10.29333/ejecs/1515>
12. Beisenbayev, B., Almukhametov, A., & Мухаметшин, Р. М. (2024). The Dynamics of Islam in Kazakhstan from an Educational Perspective. *Religions*, 15(10), 1243. <https://doi.org/10.3390/rel15101243>
13. Zholmukhan, T., Kayrbekov, N., & Ibrahim, M. (2023). Designing a culture-creative paradigm of islamic education in the development of personal educational potential in the republic of kazakhstan. *Al'-Farabi*. <https://doi.org/10.48010/2023.4/1999-5911.08>
14. Shanbayeva, A., Kantarbayeva, Z., & Mahoney, J. B. (2024). Activities of mosques of kazakhstan in the field of religious education. *ҚазҰУ Хабаршысы*, 38(2), 16–29. <https://doi.org/10.26577/ejrs.2024.v38.i2.r2>
15. النصيحة-في-دراسة-علوم-الشرعية. Бөлім 1 - бет. 739. Сайт: <https://www.alukah.net/sharia/0/97003/-1-3-النصيحة-في-دراسة-علوم-الشرعية/>
16. علوم\_شرعية. Сайт: [https://ar.wikipedia.org/wiki/علوم\\_شرعية/](https://ar.wikipedia.org/wiki/علوم_شرعية/)
17. Реестр образовательных программ технического и профессионального, послесреднего образования. <https://talap.edu.kz/reestr-obrazovatelnyh-programm-tehnicheskogo-i-professionalnogo-poslesrednego-obrazovaniya/>

18. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Бейсенбаев Бактыбай Қыдырбаевич – PhD, Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы, Діни ахуалды талдау және мониторинг департаменті, жетекші сарапшы, (Астана, Қазақстан, e-mail: bk.beisenbayev@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-7008-5499).

Қурбанов Бауржан Омарович – магистрант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, (Астана, Қазақстан, e-mail: baurzhan.89.kz@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-6251-6909).

**معلومات عن المؤلفين:**

بايسينباييف باقتيباي قيديرباييفيتش – دكتوراه (PhD)، خبيرٌ رائد في قسم تحليل ومراقبة الوضع الديني، المركز الدولي للحوار بين الأديان والمذاهب، (أستانا، كازاخستان، e-mail: bk.beisenbayev@gmail.com ORCID: 0009-0008-7008-5499)

قوربانوف باورجان عُماروفيتش – طالب ماجستير، الجامعة الوطنية الأوراسية باسم ل. ن. غوميليوف، (أستانا، كازاخستان e-mail: baurzhan.89.kz@mail.ru، ORCID: 0009-0007-6251-6909)

**Information about authors:**

Beisenbayev Baktybay – PhD, Leading Expert, Department of Analysis and Monitoring of the Religious Situation, International Center for Interfaith and Interreligious Dialogue, (Astana, Kazakhstan, e-mail: bk.beisenbayev@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-7008-5499).

Kurbanov Baurzhan – Master’s student, L. N. Gumilyov Eurasian National University, (Astana, Kazakhstan, e-mail: baurzhan.89.kz@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-6251-6909).

**Информация об авторах:**

Бейсенбаев Бактыбай Қыдырбаевич – PhD, ведущий эксперт Департамента анализа и мониторинга религиозной ситуации Международного центра межконфессионального и межрелигиозного диалога, (Астана, Казахстан, e-mail: bk.beisenbayev@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-7008-5499).

Қурбанов Бауржан Омарович – магистрант Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилёва, (Астана, Казахстан, e-mail: baurzhan.89.kz@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-6251-6909).

С.К. Тәжібаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті  
Алматы, Қазақстан

## ХҰСАМ АД-ДИН АС-СЫҒНАҚИДЫҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ: АКЦИДЕНЦИЯ МЕН СУБСТАНЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ КӘЛӘМДІК ҰСТАНЫМЫ

### Кіріспе

Мақалада Хұсам ад-Дин ас-Сығнақидың «әт-Тәсдид» еңбегі негізінде Жаратушының субстанция, акциденция және материядан пәктігі онтологиялық-метафизикалық тұрғыда талданады. Зерттеу барысында Сығнақидың бар болмысты бас-тауы мен ақырына қарай жіктеу тәсілі мен Құдайдың мәңгілігін рационалдық дәлелдер арқылы негіздеуі қарастырылады. Сонымен қатар, жаратылған болмыстың физикалық негізі ретінде субстанция мен акциденция арасындағы байланыс ислам теологиясы мен қазіргі ғылымдағы (әсіресе Платон, Демокрит, Эйнштейн) концепциялармен салыстырылады. Мақалада субстанция мен акциденцияның табиғаты, олардың қозғалыс пен тыныштыққа қатысты күйі, хадис болмыстардың шектеулілігі мен Алла Тағаланың мәңгілігі мәселесі теологиялық және философиялық негізде ашылады. Ас-Сығнақидың онтологиялық ұстанымдары арқылы исламдық метафизиканың қазіргі ғылыми тұғырмен сабақтастығы айқындалады.

**Түйін сөздер:** ас-Сығнақи, субстанция, акциденция, материя, онтология, хадис, кадим, метафизика, ислам теологиясы.

سيريك تاجيباييف<sup>1</sup>

<sup>1</sup>جامعة نور-مبارك للثقافة الإسلامية المصرية  
ألماتي ، كازاخستان

### المفاهيم الأنطولوجية للحُصام الدين الصِّغناقي: الموقف الكلامي بالنسبة للأعراض والجوهر

#### المقدمة

تستند هذه المقالة إلى كتاب «التصديد» للحُصام الدين الصِّغناقي، حيث يتم تحليل تنزيه الخالق عن الجوهر والأعراض والمادة من منظور أنطولوجي-ميتافيزيقي. خلال الدراسة، يتم تناول طريقة تصنيف الصِّغناقي للوجود من البداية إلى النهاية، وكذلك تبريره لخلود الله بواسطة أدلة عقلية. بالإضافة إلى ذلك، تتم مقارنة العلاقة بين الجوهر والأعراض كأساس مادي للوجود المخلوق مع المفاهيم في اللاهوت الإسلامي والعلوم المعاصرة، لا سيما أفكار أفلاطون وديمقريطس وأينشتاين. توضح المقالة طبيعة الجوهر والأعراض، وحالتها بالنسبة للحركة والسكون، وحدود الوجود العارض ومسألة خلود الله من منظور فلسفي ولاهوتي. من خلال المواقف الأنطولوجية للصِّغناقي، يتم إبراز توافق الميتافيزيكا الإسلامية مع الأسس العلمية المعاصرة. الكلمات المفتاحية: الصِّغناقي، الجوهر، الأعراض، المادة، الأنطولوجيا، العارض، القديم، الميتافيزيكا، اللاهوت الإسلامي.

S.K. Tajibayev<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak  
Almaty, Kazakhstan

## ONTOLOGICAL CONCEPTIONS OF HUSAM AD-DIN AL-SIGNAQI: THE KALAMIC POSITION ON ACCIDENTS AND SUBSTANCE

### Abstract

This article analyzes the ontological and metaphysical position of Ḥusām al-Dīn al-Sighnāqī in his work *al-Tasdīd*, particularly his view that the Creator is not composed of substance, accident, or matter. The study explores al-Sighnāqī's classification of beings based on their temporal origin and continuity, emphasizing his rational arguments for the eternal and uncreated nature of God. It further examines the structure of created existence – substance and accident – by comparing classical kalām with modern scientific concepts from Plato, Democritus, and Einstein. The article discusses the nature of substance and its inherent accidents (motion or rest), revealing how created entities are temporally originated (ḥādīth) and subject to change. Through this, al-Sighnāqī's theological reasoning establishes the ontological distinction between the Eternal Creator (Qadīm) and contingent beings. The study highlights the relevance of Islamic metaphysical doctrines in contemporary philosophical and scientific discourse.

**Keywords:** al-Sighnāqī, substance, accident, matter, ontology, ḥādīth, qadīm, metaphysics, Islamic theology.

С.К. Таджибаев<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак  
Алматы, Казахстан

## ОНТОЛОГИЧЕСКИЕ КОНЦЕПЦИИ ХУСАМ АД-ДИН АС-СЫГНАКИ: КАЛЯМСКОЕ УЧЕНИЕ ОБ АКЦИДЕНЦИЯХ И СУБСТАНЦИИ

### Аннотация

В статье анализируется онтологическая и метафизическая позиция Хусам ад-Дина ас-Сыгнаки, изложенная в его труде «*ат-Тасдид*», в частности утверждение о том, что Творец не состоит из субстанции, акциденции и материи. Автор исследует классификацию существующего по началу и продолжительности бытия, акцентируя внимание на рациональных доводах ас-Сыгнаки в пользу вечности и несотворённости Бога. Также рассматриваются структура тварного мира – субстанция и её акциденции – в сопоставлении с философскими и научными концепциями Платона, Демокрита и Эйнштейна. В статье показано, что субстанция как основа материи не может существовать самостоятельно и всегда обладает акциденциями, такими как движение или покой. Через эти категории ас-Сыгнаки логически обосновывает различие между вечным Творцом (*Кадым*) и сотворёнными сущностями (*Хадис*). Работа подчёркивает актуальность исламской метафизики в контексте современных философских и научных дискуссий.

**Ключевые слова:** ас-Сығнаки, субстанция, акциденция, материя, онтология, хадис, кадим, метафизика, исламская теология.

**Хұсам ад-Дин ас-Сығнакидың  
метафизикалық онтологиясы:  
субстанция, акциденция  
және материя ұғымдарының  
теологиялық мәні**

Ортағасырлық ислам философиясы мен теологиясында Жаратушы мен жаратылыстың онтологиялық айырмашылығын түсіндіру мәселесі ерекше маңызға ие болды. Әсіресе акциденция, субстанция және материя секілді метафизикалық категориялар Алланың абсолют болмысын тануда негізгі танымдық құралдардың бірі саналды. Осы бағытта көптеген мұсылман ойшылдары сияқты, әл-Матурудидің ізімен жүрген Хұсам ад-Дин ас-Сығнаки да айрықша рөл атқарды.

Ас-Сығнаки өзінің «эт-Тәсдид фи шарх эт-Тәмһид» атты еңбегінде теологиялық дәлелдеу әдістерін қолдана отырып, Алланың болмысын рационалды және метафизикалық тұрғыдан негіздеуге ұмтылады [1]. Ол өзінен бұрынғы ан-Насафи [2], әл-Ләмиши және өзге де кәләм ғұламаларының тұжырымдарын жалғастырып, субстанция, акциденция және материя ұғымдары арқылы жаратылған мен Жаратушының арасындағы айырмашылықты айқындайды. Оның пікірінше, бұл үш ұғым тек жаратылған әлемге тән, ал оларды Жаратушыға телу – шектен тыс антропоморфизмге әкеледі [3].

Аталған категориялар ислам теологиясында Алланың сипаттарын түсіндіру, «худус» (жоқтан бар болу) қағидасын негіздеу және болмыстар-

дың қажеттілік дәрежесін ажырату үшін қолданылады. Ас-Сығнаки бұл ұғымдарды терең талдап, олардың Жаратушыға қатысты қолданылмай-тынын теологиялық, логикалық және метафизикалық дәлелдермен көрсетеді [4]. Осы мақалада біз аталған категориялардың ас-Сығнаки іліміндегі маңызын ашып, оның ан-Насафи мектебімен байланысын да қарастырамыз [2, 5 б.].

Сонымен қатар, қазіргі ғылыми ізденістер – Эйнштейннің салыстырмалылық теориясы [6], кванттық механикадағы жаңа модельдер [7], заманауи онтологиялық тұжырымдар [8, 9] – метафизика мәселесіне тың серпін беріп отыр. Бұл мақалада біз ас-Сығнакидың теориялық көзқарастарын осы ғылыми парадигмалармен салыстыра талдап, исламның классикалық метафизикасы мен қазіргі онтологиясы арасындағы сабақтастық пен айырмашылықтарды айқындауды мақсат етеміз.

**1. Акциденцияның  
метафизикалық табиғаты және  
Алла сипаттары**

Ислам теологиясында акциденция (араб.: **аърад**) ұғымы – кеңістік пен уақытқа қатысты өзгермелі сипаттарды білдіреді. Бұл ұғым Аристотель философиясынан мұра болып келіп, кейін қалам ілімінде нақты логикалық-категориялық деңгейде дамыды. Акциденция – субстанцияға тәуелді, өздігінен бар бола алмайтын, бір кеңістікте ғана тіршілік ететін

уақытша қасиет. Осыған байланысты кейбір ағымдар, соның ішінде Каррамия мәзһабы, Алла Тағаланың сипаттарын акциденция ретінде сипаттап, оларды кеңістікте болған және өзгермелі деп санаған. Алайда бұл тұжырым Ахл ас-Сунна ғалымдары тарапынан қатаң сынға ұшырады.

Тәңір ілімі – қазақ халқының рухани-мәдени тарихында ерекше орын алған дүниетанымдық жүйе. Бұл сенім шынайы болмысқа және адамгершілікке негізделіп, қазақ халқының діни санасында белгілі бір орынға ие болған. Қазақ жерінде руханилықтың бастауы ретінде қалыптасқан тәңір ілімі тарихи, этникалық және философиялық тұрғыдан маңызды болды. Ол қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымына, әдет-ғұрпына және өмір сүру салтына елеулі ықпал етті. Кейбір зерттеушілер тәңір ілімін түркі халықтарының діни нанымдары мен сенімінің бастауы ретінде қарастырады. Оның негізі табиғатпен тұтастық табуға, ата-баба рухына тағзым етуге және қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Біршама ғасырлық үзілістен кейін бұл сенімнің қайта жаңғыруымен тәңір ілімі туралы зерттеулер жаңғырып, ұлттық тарихпен мәдениеттегі орнын қайта қарастыру мәселелері күн тәртібіне еніп отыр.

Тәңір ілімін зерттеу кезінде оның жүйелі-ғылыми негізі мен дәстүрлі танымдық байланыстарына ерекше назар аударылады. Ғалымдар тәңір ілімін реконструкциялау барысында қазақ тілінде сақталған көне ұғымдар мен түсініктерге сүйене отырып, бұл сенімнің ерекшеліктерін айқындайды. Түркі халықтарының сенімдері туралы жазылған деректер ежелгі

дәуірден бастау алады. Тәңір ілімі туралы нақты жазба деректердің аздығына қарамастан, оның негізгі ұстанымдары халық ауыз әдебиетінде, эпостық жырларда және көне жазбаларда сақталған. Мысалы, Ежелгі тас жазулар, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», «Лұғат ат-Түрік», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегі және Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектері сияқты, т.б. біршама дерек-көзден алынған мағлұматтар түркілердің діни ұстанымдары мен көзқарастарының негіздерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Дінтанушы М. Исахан аталған еңбектерді зерттей отырып оларды бірнеше кезеңге топтастырған. Атап айтқанда:

1. VI-VIII ғасырлар: Орхон ескерткіштері, соның ішінде Күлтегін мен Білге қаған жазбалары, түркілердің Тәңірге деген сенімін, ата-баба рухына құрметін және олардың діни түсінігін сипаттайды. Бұл жазбалар түркі халықтарының алғашқы жазба деректері болып саналады.

2. IX-X ғасырлар: Ислам дінінің түркі халықтарының арасында таралуымен бірге діни-нанымдардың өзгеруі туралы жазбалар пайда болды. Бұл кезеңде ислам мен тәңір ілімінің өзара ықпалдастығы байқалады.

3. XIII-XV ғасырлар: Шыңғысхан дәуіріндегі және одан кейінгі жазбаларда түркі халықтарының діни дәстүрлері мен сенімдері туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы, Өтеміс қажының «Шыңғыснама» шығармасы түркілердің дәстүрлі сенімдері туралы ақпарат береді.

4. XVIII-XIX ғасырлар: Түркі ха-

лықтарының сенімін зерттеу еуропалық және орыс шығыстанушыларының еңбектерінде қарқынды жүргізіле бастады. Василий Радлов, В.В.Бартольд және басқа ғалымдар түркілердің діни түсінігі мен мәдениетін зерттеді. Шоқан Уәлихановтың да қазақтардың сенімі жайлы мәлімет кездесетін еңбегі осы кезеңде жарық көрді [1, 12 б.].

Тәңір ілімі – ғарыштық құдай «Тәнраға» табынуға негізделген байырғы сенім жүйесі. Біздің дәуірімізге дейінгі V-VI ғасырларда бастау алатын Тәнра идеясы құдай ретінде ұлы даланың барлық түркі-моңғол халқына тән болған. Ежелгі түркілер өз дінін қалай атады ол жағы беймәлім. Жалпы Жаратушы тарапынан пайда болып, жаратылыстарға пайғамбарлар және оның ізбасарлары арқылы жеткен діндермен салыстырғанда тәңір ілімі адамның табиғат және оның ғаламат күшімен қарым-қатынасын бейнелейтін, сондай-ақ ертедегі діндер мен мифологиялық идеяларды қамтитын халықтық дүниетаным негізінде табиғи әрі тарихи тәжірибеден туындаған. Түрік философы Х.З.Үлкеннің ойынша, ежелгі түркілердің философиялық дүниетанымы адам мен табиғаттың практикалық және моральдық тұтастығына негізделгені айтылады. Ал В.В. Бартольд түркі халықтарының рухани және мәдени ерекшеліктерін зерттей келе, оны тек діни жүйе ретінде қарастырмау керек екендігіне мән берген.

Көне руна жазуы немесе Орхон-Енисей жазуы – ежелгі түркі халықтарының қолданған жазу жүйесі. Ол шамамен б.з. V-VIII ғасыр-

лары аралығында қазіргі Моңғолия, Қазақстан, Сібір аймақтарында кең таралған. Бұл жазу жүйесінің негізгі ескерткіштері Орхон және Енисей өзендерінің аңғарынан табылғандықтан «Орхон-Енисей жазуы» деп те аталады. Орхон-Енисей жазуының негізгі деректері – VIII ғасырда жазылған Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк ескерткіштері. Бұл жазулар көне түркілердің дүниетанымы, діни түсініктері, мемлекетті басқару принциптері, соғыс тактикасы мен жеңістері туралы құнды мәліметтер береді. Сонымен қатар түркі халықтарының тарихи жады мен рухани болмысын көрсететін ең көне жазба мұрасы саналады. Кейінгі ғасырдың зерттеушілері өздерінің жұмыс барысында осы аталған жазу төңірегінде біршама зерттеулер жүргізген. Нәтижесінде Орхон-Енисей жазуларымен ескерткіштер, адамдар мен жануарлардың мәрмәр мүсіндері бар жерлеу қалдықтарын тапты. Ұзаққа созылған алдын ала зерттеудің нәтижесінде ескерткіште жазылған сөздердің мағынасын ашу іске асты. Белгілі болғандай, «Тәңір» сөзі алғаш рет 1893 жылы дат руна зерттеушісі Вильгельм Томсен тарапынан Орхон жазуларынан анықталған [2].

«Тәңір» ұғымы түркі халықтарының ежелгі діни және мифологиялық дүниетанымның негізінде жатыр. Бұл сөздің шығу тегі мен этимологиясы туралы зерттеулер өте көп әрі әр алуан бағытта дамып отыр. Осыған қатысты ғылыми пікірлерді үш негізгі бағытқа топтастыруға болады. Бірінші, лингвистикалық және семантикалық бағыт. Бұл бағытта

зерттеушілер «Тәңір» теонимінің негізгі мағыналары ретінде «аспан», «көк», «күдай», «рух», «мырза», «жаратушы», «әділетті билеуші» деген семантикалық топтамаларды көрсетеді. Сонымен қатар *Тәңір* сөзі фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі түркі қауымында ұқсас сөздерде қолданылған. Мысалы, «татарлар *тэнгри*, алтай халқы *тенгри*, *тенгери*, түріктер *танри*, хакастар *тигир*, *тер*, якуттар *тангара*, моңғолдар *тэнгэр*, қырғыздар *тенир*, қалмақтар *тэнгер*, т.б.» деп атайды. Аталған сөздердің барлығы «аспан», «күдай», «жоғарғы күш» мағыналарын сақтайды. Бұл атау тек түркі-моңғол халықтарының тілімен ғана шектелмей, ежелгі шумер тілінде «дингир», қытай тілінде «тянь», хунну тілінде «ченли» сияқты сөздермен де үндеседі. Екінші бағыт – символдық-философиялық бағыт. Кейбір ғалымдар «Тәңір» сөзіне терең философиялық мағына беруге тырысады. Мәселен, қазақ ғалымы М.С. Орынбеков «Тәңір» сөзін «тең» деген ұғыммен байланыстырады. Яғни «тең» – барлық тіршілік иелеріне бірдей қарайтын әділеттілік символы, ал «Ра» – көне халықтардың күн құдайының атауы. Осылайша, «Тәңір» – «баршаға теңдікпен қарайтын күн-көк құдайы» деген философиялық мағына айтқан. Басқа зерттеушілер *Тәңір* ұғымының ежелгі қазақ, қырғыз, түркі дүниетанымындағы мәнін әділеттілік, теңдік, шексіздік, ұлылық сипаттармен байланыстырған. Р. Безертинов пен К.Мусаев бұл атаудың көне түркі тілдерінде «тең» (теңдік, әділеттілік)

және «ири» (шексіз, ұлы) сөздерінің қосындысынан шыққандығын көрсетеді. Үшінші, тарихи-мәдени (компаративті) бағыт. Бұл бағыт бойынша, «Тәңір» атауы ежелгі халықтардың мәдени байланыстарын білдіретін ортақ символ саналады. Зерттеушілер «Тәңір» сөзі мен Кельт мифологиясындағы «Таранис» (Тара), германскандинав мифологиясындағы «Тор» (Доннар) Хеттік «Тару», Памир халықтарындағы «Тандра» құдайларының атаулары арасында үндестік бар екенін атап көрсетеді. Бұлардың барлығы аспанды, найзағайды және ғаламдық күшті білдіретін жоғарғы құдай бейнесімен байланыстырылады. Сонымен қатар Ч.Хабичев ежелгі скифтердің «Таргитай» есімін түркілік «Таргимтай», «Тәңірхан» атауларымен байланыстыра отырып, «Тәңірдің» түркі-скиф халықтарына ортақ жоғарғы құдай екенін айтады [3]. Ал С. Ақатай өз еңбегінде «таң» байырғы қазақтардың мұсылмандық дінге дейінгі таңғы құдайының (Аврора іспетті) атауы ретінде кездеседі, ол күн культімен генетикалық байланысқан. Әсіресе қазақ фольклорындағы «Тас төбеңнен түсермін, таң ұрғандай қылармын» деген сияқты тіркес сөздер бұл болжамын растайтындығын айтқан. Өз сөзін ашықтай келе аталған мәтіндегі «таң» сөзін жазалаушы субъект ретінде бейнелеген [4]. *Тәңір* ұғымына байланысты әртүрлі терминдер мен түсіндірмелер көп болғанымен, осы сөздің нақты этимологиялық мағынасы әлі күнге дейін толық ашылмаған, жұмбақ күйінде қалып отыр. Бір топ ғалым бұл сөзді «аспан»,

«көк» деген мағыналармен байланыстырып, тәңір ұғымының аспанмен, жоғарғы әлеммен тікелей қатынасын көрсетеді. Ал екінші зерттеушілер оның мағынасын «жарық», «сәуле», «құдірет» секілді ұғымдармен байланыстырған. Бірақ аталған болжамның ешқайсысы бұл терминнің мағынасын толық әрі түпкілікті атап бере алған жоқ.

*Тәңір* ұғымының этимологиясы мен мазмұнына қатысты ғылыми пікірталастарда «Тәңір» сөзінің дін атауы ретіндегі емес, жалпы жаратушы күшті білдіретін әмбебап термин екендігі жиі негізделеді. 2003 жылы Анкара қаласында 36 мемлекеттен жиналған түркітанушы ғалымдардың халықаралық ғылыми отырысында осы мәселеге арнайы талдау жасалып, «Тәңір» терминінің тілдік және мәдени қабаттары салыстырмалы түрде қарастырылған. Ғалымдардың ортақ тұжырымы бойынша, «Тәңір» сөзі екі құрамдастан тұрады: «тәң»/«тан» – *шексіздік, биіктік, «ір» – тұрақты, берік* ұғымы. Осылайша, «Тәңір» сөзі этимологиялық тұрғыдан «шексіз тұрақты» мағынасын береді деген қорытынды жасалған. Сондай-ақ *Тәңір* ұғымының ешқандай дербес діннің атауы емес екенін, керісінше, түркі халықтарының дүниетанымында «Құдай», «Жаратушы», «Құдіретті күш» мағыналарымен барабар қолданылған жалпы теоним екеніне бірауыздан келіскен [5]. Халықаралық ғылыми ортада қабылданған бұл түсіндіру *Тәңір* сөзінің діни жүйеден бұрын пайда болған, космологиялық және философиялық сипаттағы әмбебап ұғым екенін дәлелдейді.

Түркі халықтары Саян-Алтай мен Орталық Азияда мемлекет құра бастаған уақытта олардың діни түсінігі де өзгерді – бұрынғы анимистік, тотемдік, шамандық сенімдер дамып, «көшпелі өркениет» кезеңіне өткен. Осы дүниетаным кейін «тәңір ілімі» деп аталды. Ғалымдар Н.В.Абаев пен В.Р.Фельдманның пікірінше, тәңір ілімі өте көне заманда, кем дегенде ғұн дәуірінде (б.з.д. III ғ.) немесе одан да бұрын, яғни ежелгі арийлердің көшпелі өркениет кезеңінде пайда болған [6]. Бұл көзқарастар бойынша, тәңір ілімі Орталық Еуразияның рухани негізі болып, көшпелі халықтардың мәдениетінде жүйе қалыптастырған дүниетанымға айналды. Тәңір туралы пікірлер әртүрлі бағытта дамып, бірнеше қырынан сипатталды. Француз шығыстанушысы Жан Поль Ру түркілер мен моңғолдардың діни сенімін зерттей келе оған «тенгризм», (тәңіршілдік) деген атау берді. Бұл терминді ол өзінің 1984 жылы жарық көрген «Түркілердің және моңғолдардың діні» («La religion des Turcs et des Mongols») атты кітабында қолданды. *Тенгризм* термині алғаш рет 1930 жылдары фин ғалымы Уно Харва еңбектерінде кездескенімен, дәл осы француз шығыстанушысы Жан Поль Рудың (1956, 1957, 1962, 1984) зерттеулері арқылы жүзеге асты. Ру Тәңіршілдікті түркі моңғол халықтарының жоғарғы әлеуметтік ұйымдасу деңгейіне жеткен дәуірінде қалыптасқан монотеистік жүйе ретінде сипаттап, оны империялық идеологиямен тығыз байланысты діни форма деп бағалады. Яғни бір жағынан, Тәңірді барлық тіршілік

иесі мен әлемді жалғыз жаратушы ретінде түсіну монтеизмге жақын келсе, екінші жағынан, көкке, аспан денелеріне (күн, ай, жұлдыздар) және табиғат құбылыстарына табыну арқылы діни жүйе ретінде көрініс табады деп тұжырымдама жасаған. Оның пайымдауынша, бұл наным-түсінік Тәңірді ең жоғарғы құдірет иесі – «аспан-құдай» ретінде танып, саяси билікті аспанмен тікелей байланысты дүниетаным қалыптастырған. Ру бұл ұғымды түркілік және моңғолдық жазба ескерткіштерге сүйене отырып, Тәңірге табынудың әмбебап, әрі әлеуметтік иерархияны заңдастыратын діни феномен екенін дәлелдеуге тырысқан [7]. Зерттеуші Н.Аюпов өз еңбектерінде тәңірлік ілімді түсіндіретін негізгі категориялар мен ұғымдардың мазмұнын арнайы талдап өтеді. Оның пайымдауынша, «тәңір» ұғымының өзі түркі тілдес дәстүрде екі түрлі формада қолданылады: «Тәңір дін» және «Тәңіршілдік». Аюповтың түсіндіруінше, «Тәңір дін» – тәңірлік феноменнің тар мағынадағы діни құрамдас бөлігіне қатысты қолданылады; ол Тәңірге сену, аспан иесін құдірет ретінде тану, діни ритуалдар мен сакралды тәжірибелерді қамтитын ұғымдық деңгей. Ал «Тәңіршілдік» ұғымы мазмұн жағынан әлдеқайда кең және тәңірлік жүйені діни доктринадан жоғары тұратын тұтас дүниетанымдық модель ретінде сипаттайды. Сондай-ақ ол әлемді түсіндірудің, болмысты қабылдаудың, адам мен табиғаттың үйлесімді қатынасын бекітудің кең ауқымды дүниетанымдық моделі болып та-

былады. Осыған орай зерттеуіміздің әрі қарайғы бөлімдерінде түркі дүниесінің діни-рухани мәселелерін, қоғамдық институттардағы көрінісін түсіндіру үшін «Тәңіршілдік» терминін негізгі ғылыми атау ретінде қолданатын боламыз.

Ежелгі түркілер сенімінде Тәңір әлемді басқа құдайлармен бірге басқарады деген ұғым болғанымен, олардың діни сенімі өзіндік ерекшелікке ие. XIX ғасырда батыс және орыс зерттеушілері бұл сенімді пұтқа табынушылыққа, көпқұдайлыққа немесе шаманизмге жақын деп қарастырады. Алайда қазіргі заманғы зерттеулерде бұл көзқарас теріске шығарылып, Тәңір күрделі діни және философиялық жүйенің негізі ретінде мойындалды. Кейбір ғалымдар тәңір ілімін күрделі діни жүйе, политеизм мен монотеизмнің арасында орналасқан сенім ретінде бағалайды. Сондай-ақ оны онтологиялық, космологиялық (үш әлем концепциясы), мифологиялық және демонологиялық жүйелермен де байланыстырады. Дегенмен тәңір ілімінің басты ерекшелігі – оның монотеизмге жақындығында. Тәңірді «бір Тәңір», «жалғыз Тәңір» деп жиі сипаттайтындықтан, бұл сенімді тәңіршілдік діни деп атауға негіз бар [8]. Зерттеуші Томскийдің пайымдауынша, классикалық Тәңіршілдіктің негізін құрайтын дүниетаным үш басты қағидаға сүйенеді: төзімділік пен кеңдік, бейбітшілік пен үйлесім, және біртұтас Жаратушы мен билік идеясы. Біріншіден, Тәңіршілдікте адазаттың табиғи даралығы мен әртүрлілігі мойындалған. «Тәңір адамға әртүрлі

саусақ бергені сияқты, әркімге ерекше қабілет береді» деген қағида рухани төзімділіктің көрінісі саналады. Бұл ой қоғам ішіндегі теңдік пен өзара сыйластықты дәріптейді. Екіншіден, Тәңіршілдік дүниетанымының өзегі – әлемдік үйлесім мен мәңгі бейбітшілік. Мұнда Тәңір аспан мен жер арасындағы тепе-теңдіктің, әділдіктің және тыныштықтың кепілі ретінде қабылданады. «Мәңгі Тәңірдің күшімен күннің шығуынан күннің батуына дейінгі бүкіл әлем қуаныш пен тыныштықта бірігеді» деген тұжырым осы идеяны айқындайды. Үшіншіден, Тәңіршілдікте бір Құдай және бір қағидасы ерекше мәнге ие. Бұл түсінік биліктің қасиетті сипатын білдіріп, рухани тәртіп пен мемлекеттік тұтастық арасындағы байланысты көрсетеді. Аталған үш қағида біріге отырып Тәңіршілдіктің сенім декларациясын құрайды. Христиандықтағы «Credo» («Сенемін») формуласы сияқты, мұнда да сенім тек интеллектуалды мойындау емес, жүрекпен сезіну және рухани жауапкершілік сезімімен ұштасады [7].

Жан Пол Ру өз еңбегінде көне түркі-моңғол көшпелілерінің дінін екі үлкен түрге бөліп сипаттайды. Біріншісі, империялық немесе мемлекеттік дін – бұл түркі моңғол халықтарының ұлттық, саяси және мемлекеттік деңгейде қалыптасқан діни жүйесі. Атап өткендей, ол «тенгризм» деп аталды. Тенгризм – тәңіршілдіктің діни ілімі, яғни оның адамгершілік-этикалық қағидалар мен нормаларға айналған жинағы. Тәжірибеде ритуалдар, жалбарынулар, нанымдар, маусымдық мейрамдар мен ғұрыптар

арқылы жүзеге асады. Тәңіршілдіктің негізгі концепттері б.з.д. VIII-VI мыңжылдықтарда Орталық Азияның малшы-көшпелі қауымдарында, көптеген қазіргі халықтардың ортақ арғы тектерінің ортасында қалыптасты. Тәңіршілдіктің негізгі ұғымдары мен категориялары мифологиялық, фольклорлық, этнографиялық материалдардың кең ауқымынан типтік тұстарын іріктеу және жүйелеу арқылы, сондай-ақ тарихи, соның ішінде жазба деректерді пайдалану негізінде қалпына келтірілді [9].

Тәңір ілімінде Тәңірді билеуші және әлемнің жаратушысы ретінде тану ерекше орын алады. Бұл жүйе ірі тайпалық одақтар құрылған кезде күшейіп, абыздар қоғам мен мемлекетті басқаруда маңызды рөл атқарған. Екіншісі, халықтық және отбасылық дін – діннің бұл түрі отбасылық деңгейде, күнделікті өмірге негізделген нанымдар мен әдет-ғұрыптарға сүйенеді. Ал В.Шмидт түркілердің діни сенімінің Азия ғұндарынан бастау алатынын және монтеизмге жақын «дамыған дін» екенін айтса, А.Нұрғали Тәңірге табынуды қасиетті жүйе деп сипаттайды. Ол билеушілерді «Тәңірқұт» деп атап, олардың билігі Тәңірдің еркімен жүзеге асатындығына назар аударады [8].

Дін – түркі халқының рухани мәдениетінің ең жоғарғы жетістігі, олар табыну объектісі болған Тәңірге әрқашан әртүрлі есімді ағай отырып жүгінетін: Құдай, Ходай (немесе Кодай), Алла (немесе Олло), Мырза. Осылардың ішінен «бейбітшілік табу, кемелдік, тыныштық»

мағыналарын қамтитын «Құдай» сөзі басқаларға қарағанда жиі айтылатын. «Ходай» сөзі сөзбе-сөз аударғанда бақытты болу дегенді білдіреді. Дәл осы атау Құдайдың бұл дүниеде күдіреті шексіз, бақыт иесі екендігін көрсетеді. Ежелгі түркілерде «Алла» сөзін Ұлы Тәңірден тек маңызды, құнды нәрселерді сұрайтын кезде ғана пайдаланатын. Бұл сөздегі «Ал» буыны түркілерде қол деген мағынаны білдіргендіктен, олар осы есімді атау барысында қолдарын жайып дұға тілейтін және Құдайдың алушы да әрі беруші де екендігіне сенетін. Ал «Мырза немесе Ие» сөздері өте сирек қолданылатын. Себебі оны айтуға тек дін қызметкерлері құқылы болды. Ол сөзбе-сөз «көздің көруі» немесе «беруші» дегенді білдіреді. Тәңірге деген үндеудің ең жоғарғы бұл түрі өте терең философиялық мағынаға ие болды. Көрінетін әлемнің тысында белгісіз болған тылсым күштің адамдарға не дайындағанын білу үшін рухани таза, әділ дінбасшы Құдайға жалбарынып тура жол сұрайтын.

Осы күнге дейін тәңір ілімінің дін ретінде жазбаша әдістермен мазмұндалған теологиялық доктриналары болмаған. Айта кету керек, кейбір түркітанушылар, соның ішінде А.Ю. Никонов, керісінше пікір білдіріп, Тәңіршілдіктің канондық қасиетті кітабы ретінде «Алтын Битиг» («Алтын жазу» немесе «Алтын кітап») еңбегін атап өтеді. Олар өз тұжырымдарын көбіне алтайлық «Маадай-Қара» эпосына сүйеніп дәлелдейді. Аталған эпоста былай делінеді: « Жеті қап түптен ай жазбасын алды, Даналыққа толы Алтын кітапты

колына салды, Баршаға мәлім ғылым кітабын ашып, әлем сырын парақтап, ойға малды». Болжам бойынша, мұндай кітаптың болғаны рас, өйткені ол халықтық эпоста аталған. Алайда оның мазмұны діни уахи емес, көбіне тәлімдік, өнегелік сипатта болған деп топшылауға болады. Дегенмен осы уақытқа дейін бізге жеткен барлық мағұлматтар ауызша деректемелерге және ескі тас жазбаларға негізделген. Соның ішінде көне ескерткіштерде Құдай және құдайлық күштер бейнеленген мифтердің саны өте шектеулі: олардың көбісі құдайдың есімін, іс-әрекетін немесе белгілі бір оқиғаларды қамтиды. Кляшторныйдың еңбегіне сүйенсек Жан Поль Ру Орхон ескерткіштерінің мәтіндерінде тек 3 құдайдың аты ғана аталғандығын айтқан. Олар: «Тәңір, Умай және Йер-Суб». Ал Г.Дерфардың өзінің зерттеуін қорытындылай келе көне түркі діндерін «тотемдік», «шамандық» және «тәңірлік» деп 3 топқа жіктегендігін баяндаған [10]. Көне түркілердің діни-мифологиялық жүйесі – ғасырлар бойы қалыптасқан күрделі дүниетанымдық құрылым. Оны реконструкциялау және сипаттау барысында зерттеушілер негізінен руникалық жазба деректеріне сүйенеді. Бұл ретте Күлтегін, Тоныкөк жазулары мен енисейлік эпитафиялар ерекше маңызға ие. Осыған орай, шығыстанушы И.В.Стеблева мақаласында түркі құдайларын салыстыра отырып, оларды деңгейлерге бөлген: «Ең жоғарғы дәреже – Тәңір, келесі деңгей – Умай, үшінші деңгей – Йер-Суб, төртінші деңгей – бабалар культі» [11]. Негізінде тәңір ілімі діннен

гөрі ежелгі космологиялық идеялар мен ұғымдардың жиынтығы болатын, кейіннен әртүрлі теистік доктриналардың синтезі әсерінен өзіндік діни тұжырымдамаларға айналды. Тәңір культі ешқандай да жеке немесе қуатты этностық топтың діни ойлауынан туындаған емес, керісінше біртіндеп даму феномені, әртекті культтер мен сенімдердің, соның ішінде табиғат пен ғарыш культінің қосылуынан пайда болған. Тәңір культінің дүниетанымдық негізі – пантеизм, ол әлемдегі заттар мен құбылыстарды рухтандырылған, құдайлар деп есептейді. Пантеизм әлемдегі объектілерді гилозоистикалық атрибутпен қамтамасыз етіп, ғарыш культін туындаты және ол Тәңір деп аталды.

Тәңірге табыну жүйесі түркі этносының рухани және әлеуметтік болмысында іргелі идеологиялық қызмет атқарды. Оның қалыптасуы мен берілуі ресми діни институттар арқылы емес, халықтық дәстүр мен мәдени тәжірибе негізінде жүзеге асқан. Халықтың діни танымы тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып, Тәңірге тағзым ету, құрбандық шалу, тасаттық беру сияқты рәсімдер табиғи ортада – қасиетті деп саналған таулар мен жазықтарда орындалған. Әрбір адам отбасында, өз ортасында ата-бабаларының наным-сенімдері туралы естіп-біліп, соны өмір бойы тәжірибесінде қолданған. Осылайша, Тәңір сенімі тек діни жүйе ғана емес, дүниетанымдық, этикалық және әлеуметтік құрылым ретінде де қоғам өмірінің бір бөлігіне айналды. Сондай-ақ тәңіршілдікте пайғамбарлар жоқ, дегенмен бұл сенімде ерекше

кабілетке ие, рухани және мистикалық тәжірибесі бар тұлғалар – діни қызметкерлер тобы қалыптасты. Бұл тұлғалар классикалық мағынадағы пайғамбарлар емес, себебі олар Құдайдан жаңа уахи (аян) немесе заң алып келмейді, керісінше, Тәңірдің әмбебап еркін, ғарыштық үйлесім мен рухани тәртіпті халыққа түсіндіруші, рухани дәнекер қызметін атқарған. Олар қоғамда рухани жетекшілік етіп, табиғат пен адам арасындағы үндестікті сақтау, халықты рухани және тәндік кеселдерден қорғау сияқты қызметтерді атқарған. Мұндай тұлғалар «теңгиркан», «шаман», «тойын», «қам», «құшынаш», «елті», «афсыншы», «ярлықшы», «оташы», «қайчы» секілді әртүрлі атаулармен белгілі болған. Олар Тәңір сенімінің насихатшысы, киелі білімнің сақтаушысы әрі рәсімдік дәстүрдің жалғастырушысы ретінде халық арасында беделге ие болған.

Зерттеуші М.Исахан Г.Н.Аюповтың жіктемесіне сүйене отырып, Тәңір сеніміндегі діни қызметкерлердің әлеуметтік және рухани қызметтерін талдайды. Ол бұл тұлғаларды олардың қасиеттері мен қоғамдағы рөлдеріне қарай бірнеше типке бөледі. Тәңір сеніміндегі ең жоғарғы қызмет иесі – Теңгиркан, ол дін ілімін меңгерген, дүниелік істерден бойын аулақ ұстап, жаратылыс ой-толғаныс арқылы ұғынуға ұмтылған мистикалық тұлға ретінде сипатталады. Ал Йалабашы – халыққа Тәңір заңдарын түсіндіріп, діни рәсімдерді атқарушы, қоғамның моральдық бірлігін сақтау ісінде маңызды рөл атқарған қызметші. Оның қызметі мазмұны жағынан

семиттік діндердегі пайғамбарлық миссияға ұқсайды. Тойын – құрбандық шалу мен түрлі діни жоралғыларды орындап, киелі орындарда рәсімдерді басқарған, сондай-ақ діни ілімнің тәжірибелік тұстарын шәкірттеріне үйреткен ұстаздық тұлға болған. Кам – Тәңір сенімінің қызметшісі әрі халық емшісі ретінде рухтармен байланыс орнатып, ауруды емдеу, бәле-жаладан қорғау және табиғи тепе-теңдікті сақтау рәсімдерін орындаған. Ал бақсы – рухани медиатор қызметін атқарып, адамдардың ішкі әлеміне әсер етумен қатар, сиқырлық пен музыкалық элементерді пайдалану арқылы емшілік пен рухани тазару рәсімдерін жүргізген [1].

Түркі тәңіршілдік дүниетанымына қатысты бірқатар зерттеулерде ғаламның басқарылуы көпсатылы иерархиялық жүйе ретінде сипатталады. Бұл жүйеде жоғарғы деңгейде құдайлар, ортаңғы деңгейде жер-су иелері, ал төменгі деңгейде әртүрлі рухтар орналасқан. Кейбір мифологиялық жүйелеулерде ғаламды басқаратын 17 құдайдың бар екендігі көрсетіледі. Олардың қатарына Тәңір, Йер-Суб, Умай, Эрлик және табиғи құбылыстармен байланысты сакралды күштер (Күн, Ай, Жұлдыздар, Жел, Найзағай, Жаңбыр және т.б.) енгізіледі. Аталған жіктеу нақты догматикалық жүйе емес, мифологиялық дүниетанымның символдық құрылымын бейнелейтін шартты модель ретінде қарастырылады.

Ал моңғол тәңіршілдік дәстүріне қатысты деректерде ғаламды басқаратын 99 тәңір-құдай туралы түсінік кездеседі. Зерттеушілер бұл санды

көптік пен шексіздікті білдіретін сакралды категория ретінде түсіндіреді. Ерте және орта ғасырдағы түркі, моңғол, қытай, араб және парсы жазба деректерінде Тәңірдің түркі-моңғол пантеонында жоғарғы әрі әмбебап құдай ретінде танылғаны баяндалады [12].

Тәңірлік сенімінде ғаламның жоғарғы үйлестіруші күші ретінде аспан кеңістігі – көк Тәңірі ерекше орын алады. Көк Тәңірінің бейнесі дерексіз, адам санасына сыймайтын шексіз күш ретінде қабылданған. Түркілер оны арнайы мүсінмен немесе ғибадатханамен шектемей, ашық аспан астында еркін түрде құрметтеп сыйынған. Тәңір сенімінде Көк тәңір (көк аспан) деген ұғым бар. Түркілер мен моңғолдар үшін «Тәңір» және «Аспан» сөздері синонимдес. Бірақ бұл ұғым кәдімгі көрінетін материалдық аспаннан мүлде басқа. Аталған Тәңірдің бейнесі ешкімге белгісіз, ол не адам, не жануар ретінде сипатталмайтын рух іспетті. Ал Жер мен Тәңір – бір-бірімен күресетін емес, керісінше көмектесетін бір бастаудың екі ағысы. Адам баласы жерде дүниеге келіп онда ғұмыр кешеді. Жер – оның тіршілік ортасы [12]. Тәңір түркілік дүниетанымда табиғат пен жаратылыстың бастауы ретінде қарастырылған. Ол әлемнің пайда болуы мен оның құрылымдық тәртібін анықтаушы жоғары күш ретінде қабылданған. Бұл түсінік көне түркі жазба ерскерткіштерінде де көрініс табады. Мәселен, Күлтегін жазбасында: «Көк Тәңірі мен Жер-Су жаратылғаннан кейін, адамның баласы жаратылған», – деп айтылуы

түркілердің адам мен әлемнің жаратылуын Тәңірдің еркімен байланысты қарастырғанын дәлелдейді [13]. Ал, Қытай деректерінде адам өмірінің жалғасуы Тәңірдің қалауында екендігі айтылған. Осыған байланысты Білге Қаған Күлтегіннің өліміне қатысты: «Адам баласының барлығы Тәңір бекіткен өмірді сүру үшін дүниеге келеді», – деген. Тәңірлік сенімді ұстанушылардың сенімінде Тәңір әрқашан өз істерінде еркін болғандығы айтылған. Яғни оның іс-әрекеті ешкімге тәуелді болған емес. Қалаған адамын марапаттайды, қалағанын жазалайды, бірақ ісінде әрқашан әділдік танытады деген пікірде. Сондай-ақ дұға жасау кезінде Тәңірдің адамдарға ақыл, ес, денсаулық және дұшпанмен күресте жеңуде көмек беруі үшін қолдарын көкке көтеріп сыйынып жалбарынады және жерге тағзым етеді [12]. Көне түркі қоғамында Тәңірге сыйыну адам өмірінің рухани өзегін құраған. Тәңір – көзге көрінбейтін, бірақ барлық жерде бар, бүкіл жаратылыстың үйлесімін сақтайтын мәңгілік рухани күш ретінде саналған. Түркілердің сенім жүйесінде өмір мен өлім арасындағы байланыс Тәңірмен тығыз астасқан. Адам өмірден өткеннен кейін оның жаны жоғарғы әлемге, яғни аспан әлеміне көтеріледі деп сенген. Бұл түсінік «жоғарыға ұшу», «рухтың аспанға көтерілуі» сияқты ұғымдар арқылы бейнеленіп, жанның мәңгілігі мен Тәңірге оралу идеясының көрініс болған [13].

Тарихи тұрғыдан қарағанда, Тәңір ілімі тек рухани ұстаным ғана емес, сонымен қатар түркілердің

әлеуметтік және саяси жүйелерін де қалыптастырған. Түркі қағанаты кезінде Тәңір қағандардың билігін заңдастыратын жоғары күш ретінде көрініс тапты. Билік құрылымдарында Тәңірдің идеялары қолданылып билеушілер Тәңірдің өкілі ретінде қабылданған. Түркі қағандары биліктерін Тәңірден алған деп санап, халыққа билік жүргізуде әділдік пен тазалықты сақтауға тырысқан. Мысалы, Күлтегіннің құрметіне қойылған ескерткіште ары қарай былай делінген: «Тәңір (аспан) өз биігінен басқара отырып, әкем – Ілтеріш қаған мен анам – Ілбілге хатунның дәрежесін халық алдында көтеріп қойды». «Тәңір күш-қуат бергеннен бері әкем – қағанның әскері қасқырдай, жаулары қойдай болды». Тарихи жазбаларынан түркілердің әлем мен қоғам арасындағы қарым-қатынас, адам тағдыры сияқты өмірге қатысты барлық істе оның ұйымдастыруымен жүзеге асатынын көруге болады. Саяси биліктің өзі ұлы Тәңір қолдауымен бастау алып, патшалық пен даналыққа ұласып отырған. Келесі бір ескерткіште Тәңір мен Йер-судың (жер-су) өсиетімен Білге қағанның хан болғандығы жазылған. Қаған таққа отырғаннан кейін мемлекеттегі халық үшін де, тектілер үшін де бас діни қызметкер ретінде саналады. Тіпті бейнебір Аспанның ұлы ретінде құрметке бөленді. Тәңір барлық жау-апкершілікті қағанға тапсырғанымен ол істерді өз тарапынан шешіп, бұйрық беріп отырған. Әсіресе мемлекеттік және әскери мәселелерде Тәңір тек өзі араласатын. Ал халықтың міндеті қағанға бағыну, қарсы жағдайда

Тәңір тарапынан сөгіске ұшырайтын. Қаған қайтыс болғанда Тәңірдің оған деген билігі аяқталып, келесі адамға өтетін. Түркілер жайлы жазылған жазбаларда, оның ішінде руна жазбаларында істеген қылмыстары мен әрекеттері үшін бір адамның немесе бүтіндей бір халықтың Тәңір тарапынан жазаланғандығы туралы деректер кездеседі. Түркі тәңіршілдерінде өлім деген түсінік жоқ, оның орнына адамның өзіне тән тұрақты әрі дәйекті өмірлік айналымы бар деген сенімді ұстанды. Бұл сенім ежелгі дүниетанымдағы табиғатты құдайландырумен байланысты. «Айналым құрылымы мынадай: Жер бетіндегі әр адамның өмірі аспан аймағынан бастау алады. Ол жақтан Тәңір жерге қут (жан), әйелге сюр (рух) жібереді» [12].

Ұмай ана – түркі тайпаларының арасында есімі кеңінен тараған ежелгі құнарлылық құдайы, таулардың иесі, сәбилердің, босанған әйелдердің, жабайы аңдардың қамқоршысы. Ұмай сөзі түркі халықтарында әртүрлі аталғанымен, түбірі бір мағынаны қамтиды: Омай, Ымай, Пай-идже, Май-ана, Убай, Натигай, Сангай, Отюкен, Этуген, Начигай-эхе, Ирога, т.б. Отбасы мен ұрпақ жалғастығының қамқоршысы ғана емес, тағдырдың сәтті болуын да реттеуші күш ретінде құрметтелген. Ол адам өмірінің басталуынан аяқталуына дейінгі аралықта тұрақты қолдаушы бейне ретінде қабылданған. Ал оның келбетіне келер болсақ, сібірлік түркі тайпалар (телеуіттер, шорслар, сағайлар) Ұмайды ақ немесе қызыл шашты, ақ киімді, алтын қанатты ақшыл әйел кейпінде суреттейді. Ал қырғыздар болса,

атын естумен ғана шектелгендіктен оған ешқандай бейне бермей тек оның тылсым күшіне ғана сенумен болды. Кейбір аңыз-әңгімелерге сүйенсек, ол аспан әлемінде ақ бұлттардың арасында адамдарға көрінбей өмір сүреді. Ұмайдың атқаратын ең басты міндеті – балалардың осы дүниеге келуіне жауап беру, оларға жақсы тәрбие беру. Сондай-ақ оларды ауру-сырқауға шалдығудан арашалап отыру да оның іс-әрекетінен. Ұмай сөзінің келесі бір лексикалық мағынасы – жатыр. Себебі оның тағы бір қызметі ананың құрсағындағы ұрықты сақтау. Сол себепті баланың тағдыры тікелей Ұмайға қатысты. Егер жүктілік кезінде әйел қандайда бір әдет-ғұрыпты сақтамаған болса, мысалы, атқазықтан (чакы) аттап өтсе, ол баланы кіндігінен тұншықтырады. Осы сенімді ұстанған кейбір халықтарда «Ұмай тойы» деп аталатын салт-дәстүр бар. Дәстүрді орындау барысында «баланы қоректендіру» рәсімдері орындалады. Олардың ойынша, бұл дәстүр баланың болашағына үлкен әсерін тигізеді. Толғағы келген әйелді арнайы адам босандырып алады. Егер дүниеге келетін сәби ұл болса, оның кіндігін пышақпен, ал қыз болса, қайшымен кеседі. Кесу кезінде «Ымай, кіндікті кесеміз. Оны қорға әрі бекем қыл!» – деп айтады. Ал сол уақытта сәби шетінеп кетсе, «Кескен – менің қолым емес, Ұмайдың қолы. Бұл менің үлесім емес, Ұмайдың бақыты!» – деп айту керек. Яғни осылай айтылған уақытта ғана бақытсыздық баладан алшақтайтын көрінеді. Ал бедеу әйел бала сүюді қаласа, «Ымай тартар» рәсімі жасалынады [14].

Жер-Су культі де – түркі халықтарының табиғатқа ерекше құрметінің белгісі. Жер мен Су – киелі жаратылыс, Тәңірдің адамға аманаттаған кеңістігі. Сол үшін түркілер Жер мен суды өмірдің қайнар көзі деп түсініп, оларға рухани сипат берген. Киелі мекендер табиғаттың осы күштерімен байланысты саналғандықтан, түркілер өздерінің туған жерін ерекше қасиетті мекен ретінде ұлықтаған. Жер-Су иелеріне құрбандық шалу дәстүрі кең тараған. Түркілер малдың қанын жерге тамызып, рухтарға арнап дұға еткен. Арнайы тастарға, ағаштарға шүберек байлап, табиғат күштерінен қолдау сұрау да – Жер-Су культінің белгісі. Түркі қағандары таққа отырған кезде оның рухтарына арнап арнайы сый-құрмет көрсеткен.

Көне түріктердің діни дүниетанымындағы үшінші іргелі компонент – ата-баба культы. Бұл феномен патриархалдық әлеуметтік құрылымның діни өрісте көрініс табуы ретінде сипатталады: ата-аналарға (әсіресе әкеге) құрмет көрсету, олардың аууағына арнап құрбан шалу және еске алу рәсімдері қауымның моральдық-құқылық нормаларымен тұтасып, әлеуметтік реттеуші қызметін атқарған. Негізгі ұстанымға сәйкес, ата-аналар қайтыс болғаннан кейін де олардың «әруақ» түріндегі рухани субстанциясы ұрпақтарын қорғауды жалғастырады; осыған байланысты ризашылық білдірудің түрлі формалары (құрбан, ас, поминальдық жоралғылар) қалыптасқан. Археологиялық және нарративтік деректер бұл культтің институционалданған сипатын дәлел-

дейді. Сонымен қатар тәңірлік дүниетанымында өмір мен өлім арасындағы шекараны белгілейтін «Аза» және «Алдашы» бейнелері маңызды орын алған. Олар адамның өмірін аяқтаушы, мәңгілік әлемге бағыттаушы рухани күш ретінде танылған.

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымында адам тек биологиялық денеден тұрмайды; оның тіршілік иерархиясындағы орны «жан» ұғымы арқылы түсіндіріледі. Жан – онтологиялық дербес мән, ол рухани «азықты» қажет етеді; бұл азық ретіндегі символдық-этикалық ресурс ата-баба рухтарына (аруак) құрмет білдіру, оларды еске алу, сыйыну практикаларымен қамтамасыз етіледі. Мұндай түсінік жеке әрекеттердің салдарлығын күшейтеді: жасалған әрбір іс-әрекет адамның рухани халіне әсер етеді, ал зұлымдық, опасыздық, ант бұзу аруаққа қарсы қиянат ретінде бағаланып, Тәңірлік тәртібіне қайшы моральдық ауытқу саналады. Осылайша аруаққа құрмет нормасы жеке мінез-құлықты реттейтін және қауымдық бақылауды іске қосатын аксиологиялық тетік қызметін атқарады. Ата-текке (шежіреге) ұжымдық жадының өзегі ретінде қарау – осы моральдық тәртіптің институционалданған көрінісі. «Жеті ата» шегінде туыстықты тану талабы, бір жағынан, генеалогиялық рәміздер арқылы қоғамның ішкі тұтастығын сақтайды, екінші жағынан, «трансгенерацциялық жауапкершілік» сезімін қалыптастырады: әрбір ер-азамат өз ісінің бағасы келесі жеті ұрпақтың моральдық сотына ұсынылатынын ұғынады. Тәңірлік

онтологияның тағы бір түбірлі қыры – дуалдық принципі. Әлем қарама-қарсы, бірақ өзара толықтырушы жұптардан (аспан/жер, жарық/түнек, тау/етек, әке/ана) тұратын үйлесім ретінде түсіндіріледі. Бұл дуалдылық космостық тәртіптің (көк пен жердің) әлеуметтік этикалық тәртіппен (ер мен әйелдің, жас пен кәрінің, билік пен қауымның рөлдік үйлесімі) (изоморфты байланысын бекітеді. Сәйкесінше, тепе-теңдік пен өлшем (өлшеу, «низам») бұзылса, моральдық және экологиялық дисфункциялар ретінде қабылданады [15].

Күн мен ай культі түркілердің сенімінде үлкен символдық мәнге ие. Күн – тіршіліктің бастауы, рухани және физикалық қуаттың көзі ретінде бағаланды. Түркілердің күнделікті өмірі Күннің қозғалысымен үйлескен. Күнге деген құрмет «күн көру», «күн кешу» сияқты тіршілікпен тікелей байланысты ұғымдардан көрініс тапқан. Олар Күннің шығуы мен батуына ерекше құрмет көрсетіп, бұл құбылысты түрлі рәсімдермен атап өткен. Тіпті күннің шығуын өмірдің басталуы деп, ал күннің батуын өмірдің аяқталуы деп таныған. Қытай деректерінде ғұн патшалары таң атқанда шатырларынан шығып, күнге қарап бата еткендігі баяндалады. Бұл дәстүр аспан мен күнге деген рухани қатынастың Тәңіршілдікпен тікелей байланыста болғанын дәлелдейді. Түркі дүниетанымында күн Құдайдың өзі емес, оның құдіреті мен бірлігінің символы ретінде қабылдаған. Көшпелі өмір салты мен күнге деген сенімнің арасындағы байланыс ерекше мәнге ие. Түркілер үшін кең

далада өмір сүру күннің қозғалысын бақылаумен, табиғатпен үйлесімде болумен қатар жүрді. Сол себепті күн – тіршіліктің ритмін белгілейтін және адам өмірінің рухани ырғағын айқындайтын киелі элементке айналды. Кейінгі дәуірлерде ай, культінің күшеюімен қатар, күнге табыну әсері салыстырмалы түрде азайғанымен, түркілердің мәдениетінде оның іздері сақталып қалды. Ай бейнесі түркі мифологиялық жүйесінде ежелден ерекше мәнге ие. Көне түркілерде «Ай Тәңірі» немес «Ай құдайы» ұғымдары кең тараған. Ай рухани тазалықтың, үйлесім мен кемелдіктің белгісі болып саналады. Ол аспандағы өмірдің бастауы, түнгі жарықтың символы ретінде қабылданған. Бұл сенім жүйесінің айқын көріністерін ХІХ ғасырда қазақ халқының дүниетанымын терең зерттеген Ш. Уәлиханов еңбектерінен көруге болады. Ғалымның мәліметінше, көне дәуірлерде қазақтар жаңа туған Айды ерекше құрметпен қарсы алған. Жаңа ай туған кезде адамдар тізерлеп отырып, Айға үш рет иілген. Егер бұл рәсім жаз мезгілінде орындалса, сол тізе тиген жерден бір шөкім шөп жұлынып алынып, отқа тасталған. Бұл әрекет ұрпақтың көбеюін, өмірдің үздіксіздігін және әулеттің оттай өркендеуін білдіретін символдық мәнге ие болған. Аталған ғұрып Айды киелі күш ретінде қабылдаумен қатар, от культімен тығыз байланысты екендігін көрсетеді [16].

Ай уақыт өлшемі мен өмірдің өзгерістерінің белгісі ретінде маңызды болды. Оның әрбір фразасы белгілі бір әлеуметтік немесе

тұрмыстық оқиғалармен байланыстырылды. Шығыс Түркістанның тұңғыш зерттеушісі, атакты қазақ этнографы Ш.Уәлиханов былай деп жазды: «... шамандық алғашында табиғи культ еді және ол аспан туралы, әсіресе күн, ай, өзендер және табиғаттың өзге кереметтері туралы ұғымдарға шоғырланды; ол ішінара фетишизмге де ұқсайды. Сондықтан бұл сенім жүйесі тар шеңбердегі және табынудан әлдеқайда ауқымды». Қазақтар айда кәрі кемпір тұрады деп сенген. Сондықтан халық айға құрметпен қараған және айға ұзақ үңіліп караудан қорыққан. Ырым бойынша, егер адам айға ұзақ қараса, әлгі кемпір оның кірпіктерін санап қояды да, адам өледі. Ежелгі қазақтар айға тағзым еткен, содан соң жаз айларында сол тағзым еткен жерден шөп алып, жаңа ай туған кезде үй маңындағы отқа тастаған. Қазақтың дәстүрлі қару-жарақ кешені («бес қару») қылыш, шоқпар, сүңгі, садақпен бірге «айбалта» деп аталатын ұзын балтаның ерекше түрін де қамтыған. ХІХ ғасырдың соңында қазақ халқын ерекше тандандырған құбылыс -кемпірқосақ. Малшылар оны «кемпірдің қосағы» деп атаған. Найзағай туралы қазақтар оны Құдайдың ашулы даусы деп білген, ал найзағай отын – шайтанға атылатын «жебелер» деп түсіндірген. Алғашқы күн күркірегенде қазақтар: «Көк аспанның айғыры кісенеп тұр...» дейтін. Осыған байланысты арнайы жоралғы болған: үй иесі адырналды ожауды алып, далаға жүгіріп шығып, киіз үйдің қабырғасын сыртынан ұрып: «Сүт көп болсын, көмір аз болсын», –деп айтады [17]. Бұл сенім

дүниетанымның бір бөлігі ретінде қазақтар да да XIX ғасырдың соңына дейін сақталған болуы ықтимал. Маңғышлақ түбегінде болған поляк этнографы Б. Залесский XIX ғасырда «қырғыздардың қасиетті ағашын» сипаттап жазады. Оның айтуынша қазақтар өзге түркі-моңғол халықтары сияқты, ағаштың бұтақтарын мата-шүберек байлау ғұрпын ұстанған [18].

Дәстүрлі дүниетанымда материалдық әлемді өлшеудің екі санаты – кеңістік пен уақыт – айрықша орын алған. Көне түркілердің космологиялық жүйесінде әлем төрт бұрышты кеңістік ретінде бейнеленген. Бұл төрт бағыт – шығыс, батыс, солтүстік және оңтүстік – ғаламның үйлесілімділігі. Аспан мен жердің арасындағы тепе-теңдік Тәңірдің заңы ретінде қабылданған. Кеңістік «игерілген» және «игерілмеген» бөліктерден тұрады. Кеңістіктің негізін екі құрамдас бөлік – аспан мен жер құрайды. Материалдық әлемді ұғынудың екінші бір тірегі – уақыт. Қазақ қиялында ол түзу сызық емес, дөңгелек: қайта айналып соғып, жаңарып отыратын мәңгі ырғақ. Осы ырғақтың аты – «мүшел». Алпыс жылдық үлкен айналым бес мүшелден тұрады; әр он екі жыл – адамның өміріндегі ірі белес, ішкі жаңару сәті, «өту ғұрыптары» арқылы жаңа мәртебеге бет бұратын межелі мезет. Тіршілік жолы да осындай: туу-үйлену – өлім. Бұл үшеуі биологиялық та әлеуметтік те сапардың басты аялдамалары. Қазақ үшін жердегі ғұмыр – бірінен соң бірі келетін сапалы түрленулер шері: метафоралық «өлімдер» мен символдық «қайта

туу» арқылы шын өлімге жетіп, одан әрі рух кейпінде «о дүниелік» өмірге жалғанатын ұзақ дастан. Мүшел күнтізбесінде он екі жануардың аты бар: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Олардың таңдалуының да өз логикасы бар: киелілік, тектік таңба, тотемдік түсінік. Қасиеттелген тотемге қол тигізбеу –көне ырымның өзегі: етін жемейді, атын жаманға қимайды, аңшылық пен қастыққа тыйым салады [18].

Жұлдыздар культі тәңір ілімінде маңызды орын алды. Әсіресе Шолпан, Темірқазық, Жетіқарақшы секілді аспан денелері жол көрсетуші, қорғаушы әрі бақ-берекенің символы ретінде танылды. Жұлдыздарға қатысты аңыздар мен салт-жораларда молынан орын алды. Тау культі түркі халықтарының рухани дүниесінде айрықша мәнге ие болды. Тау шындары Тәңірге жақын мекен ретінде қаралып, оларды қасиетті деп санап, құрбандық шалу рәсімі жиі өткізілді. Түркілердің танымында әр тайпа немесе әр ру өзіне тән киелі тауларды таңдап, олармен рухани байланысын күшейткен. Орман және ағаш культі түркі халықтарында табиғатпен үндестік символына айналды. Олар ағаштарды, әсіресе қайыңды, әлем мен адамды байланыстырушы ретінде құрметтеген. Түркі мифологиясында Бәйтерек ағашы әлемді біріктіруші ағаш ретінде танылған. От культі түркі халықтарының күнделікті тұрмысында маңызды рөл атқарған. От тек тіршіліктің нышаны емес, сондай-ақ тазартушы, қорғаушы күш деп саналды. Түркілер отты

құрметтеп, оны әртүрлі рәсімдерде қолданған, оның қасиетін ерекше бағалаған. Тәңірлік сенімнің кеңістік түсініктері де ерекше қалыптасқан. Түркілер әлемді үш қабатқа бөлген. Олардың үйлесімділігі адам өмірінің басты кепілі деп қабылданған. Шамандық тәңір ілімімен тығыз байланысты болғанымен, ол бөлек сенім жүйесі емес, тәңірлік ілімнің рухани тәжірибелік бөлігі ретінде қабылданды. Шамандар табиғат пен адамзат арасындағы рухани дәнекер қызметін атқарып, түрлі рәсімде маңызды рөлге ие болды [19].

М.С. Орынбеков өз еңбегінде Қазақстан жерін мекендеген ежелгі түркілердің ең алғашқы діни нанымдарының бірі тәңірлік сенім болғандығын айтады: «Бұл дүниетаным табиғатқа ерекше құрметпен караудан туындаған және бүкіл әлемді Жоғарғы, Ортанғы және Төменгі әлемдерге бөлген. Жоғарғы әлем – Тәңірдің мекені, яғни аспан әлемі. Ол ежелгі түркілер үшін ең киелі және құдіретті күш болып есептелген. Аспандағы Тәңір ерекше құрметтелген, себебі түркілердің түсінігінде аспан биіктерінде «аспан адамдары» өмір сүріп, олар аспан жылқылары және арбаларымен сапар шегеді деп сенген. «Көкте туғандар» жерге түсіп, қаған атағына ие болған. Олар билікке қол жеткізіп, басқарушы ретінде танылған. Бұл биліктің заңдылығы Тәңірдің өзі тарапынан басқарылатындығымен түсіндірілген. Сондықтан ежелгі түркі жазбаларында «Тәңір өз биігінен қарап, менің ата-анамды жоғары көтерді» деген мағыналы сөздер кездеседі. Ортанғы

әлем – жердегі адамдар әлемі. Мұнда жерден су ағып, өмір сүруге қажетті барлық игілік пайда болады. Сонымен қатар бұл әлемде өздерінің қорғаушы рухтары мен құдайлары бар. Ортанғы әлемнің тіршілігі Жоғарғы әлемге тәуелді, яғни адамдар Тәңірге бағынышты. Осы иерархиялық жүйеге сәйкес, адамдар өздеріне қажетті нәрселер үшін үнемі алғыс айтып отыруы тиіс: көктен жаңбыр жауып, жерді нәрлендіреді, жер өнім береді, ал су шөлді қандырады. Осылайша, барлық табиғи құбылыс өмір сүрудің негізгі көзі ретінде қарастырылған. Адамдар табиғатты қасиетті деп санағандықтан, орман, дала, өзен, ағаштар мен бұталар бәрі киелі деп танылды. Дегенмен басты құрмет Көкке (Тәңірге), Жерге және Су рухтарына бағытталған. Осы себепті түркі халықтарының бастапқы дүниетанымы тәңіршілдік деп аталған»,–деген [1, 9 б.].

Тәңіршілдік – түркі-моңғол өркениеттерінің рухани, саяси және мәдени болмысының өзегін құраған діни-философиялық жүйе. Ол көне дәуірлерде тек діни наным ғана емес, мемлекет пен қоғамның үйлесімді өмір сүру қағидасы ретінде қызмет атқарды. Тәңірге табыну идеологиясы биліктің көктен берілетін легитимациясын қалыптастырды: қаған мен хан – «Көк Тәңірінің ұлы», яғни Жаратушының жердегі өкілі болып саналды. Бұл идея империялық билік пен дүниелік тәртіптің киелі негізін айқындады. Тәңірлік дүниетанымда ғарыш пен қоғамның арасындағы байланыс тұтастықта қарастырылды. Тәңір – бүкіл табиғи және әлеуметтік

болмысты реттейтін абсолютті күш, ал адам мен ылық иелері сол үйлесімнің сақталуына жауапты. Осы тұрғыдан Тәңіршілдік қоғамдағы моральдық, саяси және табиғи тәртіптің метафизикалық кепіліне айналды [20].

Алайда VIII ғасырдан бастап Тәңірлік жүйе өзінің бастапқы қуатынан айырыла бастады. Ұйғыр қағанатының дәуірінде Манихейліктің мемлекеттік дін ретінде қабылдануы, кейін буддизм мен несториандық христиан ілімдерінің таралуы Тәңіршілдіктің теологиялық тұтастығын әлсіретті. Нәтижесінде ол политеистік сипатынан айырылып, біртіндеп басқа діндермен синкреттік сипатта араласа бастады. Моңғол империясы кезеңінде Тәңіршілдік биліктің сакралды сипатын сақтағанымен, оның алғашқы философиялық мазмұны идеологиялық формулаға айналды. Шыңғыс хан дәуірінде «Мәңгі Көк Тәңірі» ұғымы империялық билікті заңдастырудың негізгі рәмізіне айналып, «Аспан ұлы» тұжырымдамасы билеушінің саяси харизмасын айқындайтын құрал ретінде қолданылды. Бұл кезең Тәңіршілдіктің рухани мәнінен гөрі саяси функциясының күшейген тұсы болды. Буддизмнің Орталық Азияда бейбіт жолмен таралуы, әсіресе XIII-XV ғасырлар аралығында Тибеттен келген Махаяна ілімі Тәңіршілдіктің соңғы тарихи кезеңін айқындады. Буддизм император культін «әлемдік тәртіпті орнатушы тұлға» ретінде сипаттай отырып, көне Тәңірлік дүниетанымдағы «Аспан заңы» мен «Көктен келген

билік» идеясын өз іліміне сіңіріп алды. Осылайша, Тәңірлік сенім өзінің метафизикалық негіздерін жоғалтпай, буддизммен қосылған синкреттік мәдени форманы тудырды. XVII ғасырға қарай буряттар, хакастар мен алтайлықтардың сенім жүйесінде Тәңірлік ілім шамандық және буддистік элементтермен араласып, бастапқы біртұтастығын жоғалтты. Бұл рухани құлдыраудың сыртқы көрінісі болғанымен, оның ішкі өзегіндегі Тәңір идеясы – Көктік бірлік пен ғарыштық үйлесім концепциясы – халықтың дүниетанымында сақталып қалды. Қазіргі зерттеулер Тәңіршілдіктің құлдырауын тек діни процестік әлсіреуі емес, өркениеттік трансформация ретінде қарастырады. Бұл кезеңде Тәңірлік дүниетаным жаңа мәдени контекстке бейімделіп, өз мәнін жоғалтпай, басқа ілімдердің құрамында өмір сүрді.

Тәңіршілдіктің жойылуы – бір сәттік діни күйреу немесе сенім дағдарысы емес, ол түркі-моңғол халықтарының тарихи-мәдени дамуы барысында орын алған өркениеттік ауысу процесі болды. Бұл ауысу діни жүйенің жойылуын емес, оның жаңа мәдени және идолгиялық кеңістікке бейімделуін білдіреді. Тәңіршілдік жазбаша канонға немесе қатаң теологиялық догмаларға емес, ауызша дәстүр мен табиғи тәжірибеге сүйенді. Сол себепті ол институционалдық діндер секілді жүйеленген діни ұйымдарға ие болмады. Яғни, Тәңіршілдік – діннен гөрі дүниетанымдық философия және рухани өмір сүру моделі болды. Осы ерекшелік оның рухани тереңдігін

қамтамасыз еткенімен, өркениеттік бәсекеде әлсіз тұсын көрсетті: жазба мәтіндері мен теологиялық мектептері болмағандықтан, ол ислам, христиандық және буддизм секілді догматикалық жүйелермен қатар өмір сүре алмады.

Бұдан бөлек, әлеуметтік құрылымның өзгеруі де Тәңіршілдіктің табиғи негізін әлсіретті. Көшпелі өмір салты – бұл сенімнің тірегі еді. Табиғатпен тікелей байланыс үзілген сайын (отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениеттің дамуы, мемлекеттің бюрократиялық жүйеге айналуы), табиғи-ғарыштық үйлесімге негізделген Тәңірлік таным өзінің әлеуметтік ортасынан айырылды. Табиғатты киелі санауе Көк пен Жерді тіршілік бастауы ретінде тану ұғымдары рационалдық-құқықтық ойлауға жол берді. Жаңа идеологиялық жүйелердің үстемдігі – Тәңіршілдіктің ең терең деңгейдегі өзгерісіне әсер ететін фактор. Исламның Орталық Азияда мемлекеттік идеологияға айналуы, буддизмнің Моңғол империясы дәуірінде саяси доктрина ретінде қабылдануы Тәңіршілдіктің өмірлік кеңістігін шектеді.

### Қорытынды

Тәңір ілімі – түркі халықтарының дәстүрлі көзқарастар жүйесінде ерекше орын алатын дүниетанымдық құбылыс. Бұл сенім табиғи заңдылықтар мен рухани құндылықтардың үйлесімділігін сақтауға негізделген. Ол ғасырлар бойы түркі қоғамының дамуына ықпал етіп, олардың өмір салтына, әдет-ғұрпына, басқару құрылымына бағыт-бағдар берді.

Цель нашего исследования – изучить концепции шариата и тариката, лежащие в основе мировоззрения Ходжи Ахмета Ясави, с философской точки зрения, выходящей за рамки классических религиозных интерпретаций. В статье шариат рассматривается как этико-нормативная структура, регулирующая социальное и индивидуальное поведение, а тарикат интерпретируется как экзистенциальная сфера опыта, направленная на внутреннюю трансформацию личности. В этом контексте мировоззрение Ясави, наряду с суфизмом, рассматривается как целостная философская модель, объясняющая моральное, экзистенциальное и сознательное развитие человечества. Главная цель нашей работы – переосмыслить взаимосвязь между шариатом и тарикатом в рамках этики и экзистенциальной философии и выявить роль этих двух концепций в процессе самоформирования человека. В исследовании анализируется, как моральные нормы интегрируются с внутренним опытом личности в мировоззрении Ясави и как этот процесс способствует поиску человеком экзистенциального смысла. Научная значимость нашей статьи заключается в изучении суфийской мысли в контексте философской антропологии, этики и экзистенциальной философии. С практической точки зрения, она показывает, как традиционные духовные учения могут служить ориентиром для решения моральных и экзистенциальных проблем современного человека.

С методологической точки зрения, в исследовании используются герменевтический анализ, концептуальный анализ и сравнительно-философские методы. Работы Ясави, особенно «Дивани Хикмет», рассматриваются на контекстуальном и концептуальном уровнях. Исследование приходит к выводу, что шариат обеспечивает этическую основу, а суфийская дисциплина способствует проникновению этой основы во внутренний мир через экзистенциальный опыт индивида. Наша статья показывает, что мировоззрение Ясави представляет собой уникальную философскую систему, основанную на моральной и экзистенциальной целостности человечества. В этом смысле исследование вносит свой вклад в область исламского мировоззрения и суфийской философии и предлагает новый взгляд на современные этические и экзистенциальные дискуссии.

**Ключевые слова:** Ходжа Ахмет Ясави; шариат; тарикат; этические нормы; экзистенциальный опыт; суфийская философия; философская антропология.

### Кіріспе

Ислам интеллектуалдық дәстүр- ріндегі сопылық көбінесе мистика-

лық тәжірибелермен, ішкі тазарумен және рухани тәжірибелермен байланыстырылған. Сондықтан оның

философиялық өлшемдері ұзақ уақыт бойы перденің артқы жағындағы мәселе болып саналды. Сопылық дүниетанымды адам өміріне, моральдық бағдарға және өзін-өзі тану процесіне терең тұжырымдамалық түсініктер ұсынатын ерекше дүниетаным саласы ретінде қарастыру қажет. Осы тұрғыда Қожа Ахмет Ясауидің ойлау жүйесі сопылық іліммен қатар адамзаттың этикалық және экзистенциалдық тұтастығына бағытталған кешенді интеллектуалдық негізді ұсынады. Ясауидің дүниетанымында жеке тұлға моральдық жауапкершілік сезімі арқылы өз өміріне мағына беруге тырысатын белсенді субъект. Ясауи дәстүріндегі шарифат пен тариқат ұғымдары көбінесе қарама-қарс немесе бірізді кезеңдер ретінде түсіндірілгенімен, олардың арасында тереңірек және динамикалық байланыс бар. Шарифат адамның мінез-құлқын реттейтін сыртқы нормалар жиынтығы болудан басқа, жеке тұлғаның моральдық бағдарын анықтайтын негізгі сілтеме шеңберін ұсынады. Тариқат болса жеке тұлғаға өзінің ішкі әлеміндегі осы нормативтік құрылымды сезінуге, сұрақ қоюға және іштей қабылдауға мүмкіндік беретін экзистенциалдық процесс ретінде пайда болады. Бұл тұрғыдан қарастырғанда, тариқат этикалық қағидаттардың механикалық қолданылуын емес, жеке тұлға өз өмірімен бетпе-бет келіп, жауапкершілік пен санаға ие болатын тәжірибелік кеңістікті білдіреді.

Философиялық тұрғыдан алғанда, шарифат пен тариқат арасындағы бұл байланыс нормативтік этика мен

экзистенциалдық этика арасындағы шиеленіс пен өзара әрекеттесуді көрсетеді. Нормативтік этика адамның мінез-құлқын әмбебап қағидаттар мен ережелер арқылы реттеуге бағытталған болса, экзистенциалдық этика арасындағы шиеленіс пен өзара әрекеттесуді көрсетеді. Нормативтік этика адамның мінез-құлқын әмбебап қағидаттар мен ережелер арқылы реттеуге бағытталған болса, экзистенциалдық этика жеке тұлғаның нақты тәжірибесі, ішкі қақтығыстары және еркін таңдауы арқылы моральдық мағынаны өндіруге бағытталған. Бұл екі тәсілді бір-біріне қарсы қоюдың орнына, Ясауи ойы оларды жеке тұлғаның моральдық және экзистенциалдық дамуының толықтырушы элементтері ретінде біріктіреді. Қазіргі заманғы философияда мән іздеу және еркіндік пен жауапкершілік ұғымдары айналасында қалыптасқан экзистенциалдық пікірталастар Ясауи дүниетанымын қайта зерттеуді қажет етеді. Ясауидің шарифат пен тариқат туралы түсінігі адамның әлеуметтік тәртіпте орналасқан моральдық тіршілік иесі және ішкі тәжірибесі арқылы өзін асып түсуге тырысатын экзистенциалдық субъект екенін көрсетеді. Осы тұрғыда Ясауидің дүниетанымы этикалық нормалардың жеке тәжірибе арқылы қалай өзгеретінінің жеке тәжірибе арқылы қалай өзгеретінінің бірегей моделін ұсынады және философиялық антропология тұрғысынан сопылық ойдың әлеуетін ашады.

**Тақырыпты таңдауды дәйектеу**  
Қожа Ахмет Ясауи туралы

зерттеулер негізінен оның сопылық жеке басына, тарихи ықпалына және түрік-ислам мәдениетіндегі орнына бағытталған. Бұл зерттеулердің айтарлықтай бөлігі Ясауидің ой-пікірін діни және моральдық ілімдер жиынтығы немесе рухани тәрбие жүйесі ретінде қарастырады. Шарифат пен тариқат ұғымдары көбінесе дәстүрлі сопылық терминология шеңберінде, нормативтік және дидактикалық деңгейде бағаланған. Бұл тәсіл Ясауи дүниетанымының тарихи және діни өлшемдерін ашып көрсеткенімен, оның адамзатты түсіну, моральдық тұжырымдама және экзистенциалдық көзқарас тұрғысынан философиялық әлеуетін жеткілікті түрде ашуға кедергі келтірді. Қолданыстағы әдебиеттерді зерттеу шарифат пен тариқат арасындағы байланысты этикалық нормалар мен экзистенциалдық тәжірибе шеңберінде жүйелі және тұжырымдамалық түрде талдайтын зерттеулердің шектеулі санын көрсетеді. Атап айтқанда, бұл екі ұғымның адамның моральдық бағдары мен ішкі тәжірибесі арасындағы байланысты қалай құратыны философиялық антропология мен этика контексінде жеткілікті түрде қарастырылмаған. Бұл жағдай Ясауи дүниетанымының тек діни дәстүр ретінде қабылдануына, оның философиялық ой тарихындағы орнын елемеге алып келді. Сондықтан, бұл тақырыпты таңдаудың негізгі негіздемесі әдебиеттегі осы тұжырымдамалық олқылық пен теориялық кемшілікті жою қажеттілігінен туындайды. Екінші жағынан, этикалық нормалар мен жеке өмір арасын-

дағы байланыс қазіргі заманғы философиядағы пікірталастың негізгі салаларының бірі болып қала береді.

### Мақсаты мен міндеттері

Қазіргі адамның моральдық жауапкершілік, мән іздеу және ішкі үйлесімділік мәселелері нормативтік моральдық түсініктерден тыс экзистенциалдық тұрғыдан қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыда Ясауидің шарифат пен тариқат туралы түсінігі қазіргі заманғы маңызға ие, себебі ол этикалық нормаларды жеке тұлғаның ішкі тәжірибесімен қалай біріктіруге болатындығының тарихи және интеллектуалдық моделін ұсынады. Дегенмен, бұл әлеует философиялық шеңберде жеткілікті түрде қарастырылмаған. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Қожа Ахмет Ясауидің ойындағы шарифат пен тариқа ұғымдарын этикалық нормалар мен экзистенциалдық тәжірибе аясында зерттеу және бұл ұғымдардың адамның моральдық және экзистенциалдық құрылысындағы рөлін философиялық тұрғыдан ашу. Бұл зерттеу нормативтік мораль мен ішкі тәжірибе арасындағы байланыстың Ясауи ойында қалай орнағанын талдауға және бұл байланыстың адамзатты түсіну тұрғысынан мағынасын ашуға бағытталған. Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін Ясауи дүниетанымындағы шарифат ұғымының этикалық функциясын тұжырымдамалық тұрғыдан талдау, тариқатты жеке тұлғаның экзистенциалды тәжірибесі мен ішкі трансформация процесі аясында түсіндіру, философиялық антрополо-

гия мен этика тұрғысынан осы екі ұғым арасындағы қарым-қатынастың қандай бірлікте қалыптасатынын ашу секілді міндеттер қойылды.

### Әдебиеттерге шолу

Сопылық (тасаууф) ілімде шариғат пен тариқат адамның рухани кемелдену жолындағы өзара сабақтас әрі ажырамас сатылар ретінде қарастырылады. Классикалық сопылық әдебиеттерде бұл екі ұғым адамның сыртқы діни тәртібі мен ішкі экзистенциалдық тәжірибесінің тұтастығын қамтамасыз ететін жүйе ретінде түсіндіріледі [1]. Осы тұрғыдан алғанда, шариғат – рухани жолдың іргетасы, ал тариқат – сол іргетас негізінде жүзеге асатын ішкі рухани тәжірибе болып саналады. Ерте сопылық дәстүр өкілдері Жунайд Бағдади мен оның мектебі тариқаттың Құран мен сүннетке толықтай негізделуі қажеттігін ерекше атап өткен. Жунайдтың «Біздің жолымыз Құран мен сүннетке байлаулы» деген қағидасы сопылық тәжірибенің этикалық-нормативтік шекарасын айқындап, шариғатсыз тариқаттың мүмкін еместігін көрсетеді [2]. Бұл түсінік сопылық этиканың антиномиялық немесе шариғаттан тыс құбылыс емес, оны тереңдететін рухани тәжірибе екенін дәлелдейді. Әбу Хамид әл-Ғазали еңбектерінде шариғат пен тариқат арасындағы үйлесім ерекше айқын көрініс табады. Оның «Ихья улюм ад-дин» атты еңбегінде діни амалдардың сыртқы орындалуынан гөрі, ішкі мәні мен жүректегі ықыласына басымдық беріледі [3]. Әл-Ғазали сопылықты

адамның рухани дағдарысын еңсеруге мүмкіндік беретін тәжірибе ретінде қарастырып, тариқатты экзистенциалдық тоқыраудан құтылу жолы ретінде түсіндіреді. Ғазалидің ойынша шариғат – этикалық тәртіпті қамтамасыз ететін норма, тариқат – сол норманы тұлғалық деңгейде игеру тәжірибесі болып саналады.

Тасаууф метафизиканың шыңы саналатын Ибн Араби ілімінде шариғат пен тариқат онтологиялық және экзистенциалдық өлшемде пайымдалады. Оның «әл-Футухат әл-Маккия» және «Фусус әл-хикам» еңбектерінде рухани жол адамның болмысы тікелей тәжірибе арқылы тануына негізделеді [4]. Ибн Араби үшін шариғат – көптік әлеміндегі тәртіп пен заңдылықты сақтайтын жүйе болса, тариқат – сол көптіктің ар жағындағы болмыстық бірлікті (уахдат әл-вужуд) сезінуге мүмкіндік беретін экзистенциалдық тәжірибе.

Заманауи тасаууфтанулық зерттеулерде сопылық тәжірибе адамның рухани жалғыздығы ішкі күйзелісі және мағына ізденісімен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл еңбектерде тариқат исламдық экзистенциалдық тәжірибенің бір формасы ретінде сипатталып, шариғаттың этикалық нормалары сол тәжірибенің тұрақты әрі жауапты түрде жүзеге асуына мүмкіндік беретін құрылым ретінде бағаланады [5].

### Зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде шариғат пен тариқаттың сопылық дүниетанымдағы этикалық нормалары мен экзистенциалдық тәжірибесін кешенді түрде

талдау мақсат етіледі. Зерттеу жұмысы гуманитарлық ғылымдарға тән сапалық әдіснамаға негізделіп, философиялық және дінтанулық талдау тәсілдері қолданылды. Зерттеудің негізгі материалдық базасын классикалық және заманауи сопылық әдебиеттер құрайды. Атап айтқанда, классикалық сопылық қайнарлар ретінде әл-Қушайридің «ар-Рисала», Әбу Хамид әл-Ғазалидің «Ихья улюм ад-дин», Ибн Арабидің «әл-Футухат әл-Маккийя» мен «Фусус ал-хикам» еңбектері пайдаланылды. Бұл еңбектерде шарифат пен тариқат ұғымдары сопылық ілімнің негізгі категориялары ретінде қарастырылып, рухани тәжірибе мен этикалық тәртіптің өзара байланысы айқындалады. Сонымен қатар, түркі сопылық дәстүрін сипаттайтын қайнарлар Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» және оған қатысты классикалық әрі заманауи түсіндірме еңбектер зерттеу материалына енгізілді. Бұл қайнарлар сопылық ілімнің халықтық және тәжірибелік қырларын талдауға мүмкіндік береді.

Мақала жазу барысында бірнеше өзара сабақтас әдістер қолданылды. Біріншіден, герменевтикалық талдау әдісі арқылы сопылық классикалық мәтіндердегі шарифат пен тариқат ұғымдарының мазмұны, семантикалық өрісі және контекстік қолданысы айқындалды. Екіншіден, философиялық-талдамалық әдіс қолданылып, шарифат пен тариқаттың этикалық нормалар жүйесі мен экзистенциалдық тәжірибедегі орны пайымдалды. Аталған әдіс арқылы сопылықтағы «хәл» (адамның рухани

хал-ахуалы, Жаратушымен байланыс орнату жолындағы ішкі сезімі, жүрек күйі), «мақам», (сопылардың кемелдікке жету жолындағы қадам, саты, баспалдақ) «нәпсі тәрбиесі» секілді категориялар адам болмысының экзистенциалдық өлшемдері тұрғысынан қарастырылады. Үшіншіден, салыстырмалы әдіс негізінде әртүрлі сопылық мектептер мен ойшылдардың шарифат пен тариқатқа қатысты көзқарастары салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері анықталды. Бұл тәсіл сопылық ілімнің ішкі көпқырлылығын көрсетуге және ортақ методологиялық негіздерін айқындауға мүмкіндік берді.

## Негізгі бөлім

### Шарифат пен тариқаттың сопылық дүниетанымдағы концептуалдық негізі

Сопылық басқа мистикалық жүйелер секілді, өмірге деген белгілі бір көзқарас пен мінез-құлық ретінде басталды, уақыт өте келе оны дүниетаным тәсілі ретінде жүйелеуге тырысты. Исламда алғашқы аскеттік қозғалыстар халифалар мен сахабалардың аскетизмі мен тақуалығынан басталды. Алғашқы мұсылмандар бұл дүниедегі өмірлік ләззаттан бас тартып, Құдай жолында барлық дүниелік мүліктен азат болғанша, Құдайға жақын боламыз деп сенді. Негізінде аскеттік пен тақуалық өмір Мұхаммед пайғамбардың өзіндік ерекшелігі болды. Ол исламмен қалай өмір сүру керектігін ең көркем түрде үйретіп, сахабалар да сол секілді өмір сүруге

тырысты. Бүгінгі таңда сопылық толығымен жеке тәжірибеге айналды. Шейхтің басшылығымен жиналған адамдар бұл мистикалық саяхатты минималды өмір ережелері аясында бастан кешіруде [6, 103 б.].

Сопылық дүниетанымда шарифат пен тариқат ұғымдары ислам рухани сапарының ажырамас және бірінбірі толықтыратын өлшемдерін білдіреді. Сопылық дәстүрде шарифат пен тариқат жеке тұлғаның діни және рухани жетілуін қамтамасыз ететін тұтас жүйенің өзара байланысты элементтері болып саналады. Бұл түсінікте Құдайға жету жолы сыртқы діни ережелерді орындаумен шектелмей, осы ережелердің ішкі мағынасын сезінуді талап етеді. Осы шеңберде шарифат рухани жолдың негізі болып саналады, ал тариқат – осы негізге құрылған ішкі және тәжірибелік процеске берілген атау. Классикалық сопылық дереккөздерде шарифат Құран мен Сүннетке негізделген діни және моральдық нормалардың жиынтығы ретінде қарастырылады. Дегенмен, сопылар үшін шарифат заңды және ресми міндеттемелер жүйесімен қатар адамның мінез-құлқын тәртіпке келтіретін және рухани сапардағы жауапкершілікті анықтайтын моральдық стандарт болып табылады. Джунайд әл-Бағдади дәстүрінде шарифат заңы сопылық жолдың міндетті шарты болып саналады, ал тариқаттың шарифаттан тыс негізде өмір сүре алмайтыны ерекше атап өтіледі. Бұл тәсіл сопылықты нормативтік діннен бөлінген немесе оған қарсы құрылым ретінде қарастыратын үстірт түсіндірулерге

қарсы күшті ұстаным ұсынады. Сопылық дүниетанымда «тариқат» ұғымы адамның ішкі тәжірибесін, экзистенциалды күйлерін және рухани өзгерісін білдіреді. Тариқат рухани ұстаз басқаратын ұзақ және қиын процесті қамтиды, ол эгоны тазартуды, жүректі жетілдіруді және өзін-өзі талдауды қамтиды. Бұл процесс барысында сопы сыртқы діни тәртіпті сақтайды, сонымен бірге терең ішкі күйзелісті, рухани тазаруды және ішкі тыныштықты бастан кешіреді. Бұл тұрғыда «хәл» мен «мақам» ұғымдары сопылық жолдың динамикалық және тәжірибеге негізделген сипатын көрсететін негізгі санаттар ретінде ерекшеленеді.

Шарифат сөзі этимологиялық тұрғыдан «адамдар мен жануарлар су ішетін ағып жатқан, ашық өзен және осы суға апаратын жолдар» дегенді білдіреді [7, 59-60 б.]. Уақыт өте келе ол «айқын және дұрыс ережелер, қалыптасқан мінез-құлық тәсілдері (әдет-ғұрып), құдайлық дінге негізделген ережелер жиынтығы» дегенді білдіре бастады. Шарифат сөзі ауқымы тұрғысынан екі мағынаны білдіреді. Біріншісі, шарифат – Құдайдың адамзат үшін дін ретінде белгілеген ережелер жиынтығын. Белгіленген ережелердің шарифат аясына енуі тұрғысынан доктриналық немесе практикалық сипатқа ие болуында ешқандай айырмашылық жоқ. Бұл ұғымдық мазмұнмен шарифат «діннің» баламасы болып, шарифат пен дін сөздері бірдей ережелер жиынтығын құрайды. Атаудағы айырмашылық ұғымның мәндік сипатына қатысты емес, шартты сипатқа ие. Құдайлық

қалау тарапынан белгіленген үкімдер жиынтығы ретінде қарастырылуына байланысты ол шариғат деп аталады, ал сол үкімдерге бағыну және оларды ұстану тұрғысынан дін ұғымымен белгіленеді. Сонымен қатар шариғат термині өзге де құқықтық жүйелерге қатысты қолданыла береді. Мысалы, «Мұсаның шариғаты» немесе «Зәрдүшт шариғаты» деген тіркестер осының айқын дәлелі болып табылады. Екіншісі, қолданылған жағдайда шариғат ұғымымен тек өзгеріске ұшырауы мүмкін үкімдер, яғни әрбір пайғамбарға және оның уағыз жүргізген кезеңіне қарай әртүрлі болып келетін қағидалар меңзеледі. Сонымен қатар бұл ұғымға Құран мен Сүннеттегі насхқа ашық үкімдер, сондай-ақ ижтиһадқа негізделген үкімдер де кіреді. Осы тұрғыдан алғанда шариғатты «амалдық үкімдер жиынтығы» деп анықтауға болады [8, 57 б.]. Шариғат сонымен бірге «дін ақиқатының баршаға түсінікті, күнделікті өмірде жүзеге асырылатын және жалпы жұртшылыққа міндеттелген қағидалар жүйесі» ретінде де сипатталады.

Төменде берілген хикмет Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы шариғат-тариқат-мағрифат-хақиқат жүйесінің ішкі логикалық сабақтастығын айқын көрсететін мәтіндердің қатарына жатады. Мұнда сопылық жолдың сатылық құрылымы адам руханиятының кемелдену кезеңдері ретінде ұсынылады. Шариғат – сыртқы діни тәртіп пен амалдардың негізі, тариқат – нәпсіні тәрбиелеу мен рухани тәртіпке ену жолы, мағрифат – жүрек арқылы танылған ілім, ал

хақиқат – толық рухани фәниліктен өтіп, Хаққа бет бұру деңгейі ретінде сипатталады:

Мағрифаттың мінберіне мініп алмай,  
 Шариғаттың істерін біле алмассың.  
 Шариғаттың істерін біліп болмай,  
 Майданына тариқат кіре алмассың.

Шариғаттың мұраты – жолға кірмек,  
 Тариқат ол – нәпсіден жырақ жүрмек,  
 Хақиқат ол – пида етіп жанды бермек,  
 Жаннан безбей бал шарап іше алмассың  
 (43-хикмет) [9, 88 б.]

### **Тариқат – экзистенциалдық тәжірибе және рухани трансформация**

«Тариқат» термині лексикалық тұрғыдан «жүрген жол», «әдіс», «ахуал» және «рәсім» мағыналарын білдіреді. Ал терминологиялық қолданыста ол Аллаға рухани сатылар мен дәрежелерден өту арқылы жақындауды мақсат ететін тұлғаларға тән мінез-құлықтар, рухани күйлер мен ахуалдар жүйесін білдіреді [10, 215 б.]. Сонымен қатар тариқат ұғымы шариғаттың мәні мен рухани тереңдігін белгілі бір арнайы әдістер мен құрылымдалған жүйелер арқылы сезіну, ұғыну тәсілі ретінде де түсіндіріледі. Ислам дінінде адамды Аллаға жетелейтін жолдардың саны белгілі бір мөлшермен шектелмейді, керісінше, олардың көптігі жаратылыстың алуан түрлілігімен салыстырылады. Осы тұрғыда бұл жолдардың «жаратылыстар секілді», «жаратылыстың тынысы секілді» немесе «жұлдыздар тәрізді сансыз» екені бейнелі түрде сипатталады. Алла Тағала құлдарын Өзінің бірлігіне

бағыттау мақсатында, жаратылыстың тынысы секілді сансыз ашық және жасырын себептерді жаратқан.

Кең мағынада тариқат адамның ішкі тазару, өзін-өзі тәрбиелеу және үнемі рухани даму арқылы Жаратушыға жақындауға ұмтылатын ерекше рухани және адамгершілік жолын білдіреді. Сопылық түсінікте тариқат шарифаттың практикалық жалғасы және тереңдеуі ретінде әрекет етеді, оның ішкі, рухани мазмұнын түсінуге бағытталған. Сопылық терминологиясында тариқат – белгілі бір әдістерді (усуль), тәжірибелерді (амал), рәсімдерді (әдеп) және тәлімгерлік формаларын қамтитын рухани білім беру жүйесі. Тариқатта орталық рөлді рухани тәлімгер – шейх немесе муршид атқарады. Ол шәкіртке тек білім берумен шектелмей, рухани тәжірибені де үйретеді. Классикалық сопылық ілімінде адамның рухани жолы белгілі бір кезеңдер (мақам) мен рухани күйлер (ахуал) арқылы тізбекті ілгерілеу ретінде сипатталады. Бұл тұрғыда тариқат – муридтің шынайылық (ыхлас), шыдамдылық (сабыр), Аллаға сенім (тауақкул), кішіпейілділік (тауаду) және Құдайға деген махаббат секілді адамгершілік қасиеттерді меңгеретін әдіснамалық негіз. Тариқаттың түпкі мақсаты рухани жетілуге (инсан-камил) жету және ішкі тәжірибе деңгейінде құдайлық бірлікті жүзеге асыру болып саналады.

Ахмет Ясауи тағы бір хикметінде сопылық мектебіндегі рухани тәрбие, пір-мүрид қатынасы және тариқат жолының этикалық қағидаттарын терең бейнелейтін маңызды мәтіндердің

бірі болып табылады. Бұл хикметте тариқаттың өз бетінше, шарифат негізінсіз және рухани жетекшісіз игерілуі мүмкін еместігі айқын айтылады. Ясауи ілімінде тариқат – жеке мистикалық тәжірибе, қатаң рухани тәртіпке, ұстазға бағыныштылыққа және өзіндік нәпсілік күреске негізделген жүйелі рухани жол ретінде қарастырылады. Тариқат жолына дайындықсыз, шарифат талаптарын игермей кірген адамның рухани адау қаупіне ұғшырайтынын, пірсіз жолға түскеннің орта жолда рухани дағдарысқа түсетінін көркем әрі ескертуші сипатта жеткізеді:

Тариқатқа шарифатсыз кіргендердің,  
Шайтан келіп иманын басып алар.  
Осы жолда пірсіз дағуа қылғандардың,  
Сарсаң болып орта жолда басы қалар.

Тариқатқа саясатты муршид керек,  
Ол муршидқа ықтиятты мүрид керек,  
Қызметпен пір ризалығын табу керек,  
Мұндай ғашық Хақтан үлес алар кен  
(45-хикмет) [9, 92 б.].

Батыс философиясындағы экзистенциализм мен ислам сопылығы адам болмысы, рухани тәжірибе және өмірдің мәні мәселелерін әртүрлі діни-мәдени кеңістіктерде қарастырағанымен, олардың арасында ұғымдық және мазмұндық үндестіктер де, түбегейлі айырмашылықтар да байқалады. Мысалы, Кьеркегор, Хайдеггер және Сартр сопылықты тікелей зерттеу нысаны ретінде қарастырмағанымен, олардың философиялық жүйелеріндегі экзистенциялық және онтологиялық идеялар сопылық дүниетаныммен салыстырмалы

тұрғыда ғылыми талдауға негіз бола алады. Кьеркегор адам болмысының мәнін Құдаймен жеке рухани байланыс арқылы түсіндіреді. Оның *Fear and Trembling* еңбегінде сенім, ішкі күйзеліс, үміт пен рухани таңдау мәселелері терең талданады. Бұл тұжырымдар сопылықтағы мағрифат пен фәна (адам ретінде бойындағы сипаттары мен мінездерін тастап, Құдайлық сипаттарды алу арқылы кемелдікке ұласу) ұғымдарымен мазмұндық тұрғыдан үндеседі [11, 83 б.]. Алайда Кьеркегор сопылықты емес, христиандық экзистенциалдық сенім тұрғысынан негізге алады. Хайдеггер болса, болмысты рационалды ұғымнан гөрі тікелей тәжірибе арқылы ұғынуды ұсынады. Бұл көзқарас сопылықтағы жүрек арқылы тану, рухани үнсіздік және интуитивтік мағрифат қағидаларымен белгілі бір деңгейде сәйкес келеді [12, 443 б.]. Ал енді Жан-Поль Сартрдың экзистенциализмі сопылық дүниетанымнан түбегейлі айырмашылыққа ие. Оның ойынша, болмыс Құдайсыз, толық еркін әрі жауапты адам субъектісі арқылы түсіндіріледі. Сартрдағы «ештеңе» ұғымы формальды түрде сопылықтағы фәна түсінігімен ұқсас көрінгенімен, мазмұны жағынан қарама-қарсы, яғни сопылықта фәна – Құдайда жойылу арқылы кемелдікке жету болса, Сартрда ол – Құдайсыз болмыстың экзистенциялық бос кеңістігі [13, 420 б.].

### **Шариғат пен тариқаттың бірлігі: кемел адам феномені**

Сопылық дүниетанымда шариғат пен тариқат адамның рухани кемелде-

ну жолындағы өзара сабақтас әрі ажырамас сатылар ретінде қарастырылады. Бұл бірлік кемел адам (инсан-и камил) феноменінің қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Классикалық сопылық мұраларда кемел адам – шариғат нормаларын толық меңгеріп, тариқат арқылы нәпсіні тәрбиелеп, мағрифат пен хақиқат деңгейіне жеткен тұлға ретінде сипатталады. Әл-Қушайри өз еңбегінде сопылықты шариғаттың ішкі рухани өлшемі ретінде түсіндіреді. Ол: «Шариғат – амалдар жүйесі, ал ақиқат – сол амалдардың жүректе жүзеге асуы», деп екеуінің өзара толықтырушы сипатын айқындайды. Оның пікірінше, шариғатсыз тариқат – адасушылыққа, ал тариқатсыз шариғат – рухани құрғақ формализмге алып келеді [1, 34 б.]. Әбу Хамид әл-Ғазали де осы тұжырымды тереңдетіп, кемел адамды білім, амал және ықылас бірлігінде қалыптасатын рухани тұлға ретінде сипаттайды. «Ихья улюм ад-дин» еңбегінде ол шариғат үкімдерінің жүректі тазартуға бағытталған рухани тәрбие құралы екенін көрсетеді. Әл-Ғазали үшін кемелдік – адамның нәпсілік қалаулардан арылып, әрекеттерін толықтай Құдай разылығына бағыттауы арқылы жүзеге асады [3, 143 б.].

Ал Ибн Араби кемел адам феноменін онтологиялық және экзистенциялық тұрғыдан терең талдай отырып, оны Хақ пен жаратылыс арасындағы дәнекер болмыс ретінде сипаттайды. «Фусус ал-хикам» мен «әл-Футухат әл-Маккийя» еңбектерінде кемел адам – Құдайлық сипаттардың айнасы, ал оның өмірі шариғатпен

шектелген амалдар арқылы басталып, тариқаттағы рухани тәжірибе арқылы кемелдікке жетеді деп түсіндіріледі. Ибн Араби үшін тариқат – шариғаттың терең мағынасын ашатын рухани тәжірибе кеңістігі [4, 34 б.]. Шариғат пен тариқаттың бірлігі кемел адам феноменін экзистенциялық категория ретінде де қарастыруға мүмкіндік береді. Шариғат адамның қоғамдағы мінез-құлқын реттесе, тариқат оны ішкі болмысын қайта қалыптастырады. Бұл тұрғыдан алғанда, кемел адам – сыртқы тәртіп пен ішкі руханияттың толық үйлесіміне жеткен тұлға. Экзистенциялық тұрғыдан тариқат адамның өз «менімен» күресі, болмыстық жауапкершілікті сезінуі, фәнилік пен мәңгіліктің арасындағы рухани таңдау кеңістігі, шариғат болса осы күресте адамды бағытсыз қалдырмайтын моральдық компас қызметін атқарады. Сондықтан сопылықта кемел адам феномені нормативтік этика мен рухани тәжірибенің синтезі ретінде көрінеді. Бұл синтез ислам өркениетінде тұтас қоғамның рухани мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Ахмет Ясауи ілімінде де шариғат пен тариқаттың бірлігі кемел адам концепциясының өзегін құрайды. Ясауи хикметтерінде шариғат – жолға кіру болса, тариқат – нәпсіден арылу, хақиқат – жанды пида ету ретінде сипатталады. Бұл жүйе классикалық сопылық іліммен толық үндес келеді. Бұл дәстүрде кемел адам – халыққа үлгі болатын, рухани жауапкершілікті сезінетін, әділет пен мейірімділікке негізделген тұлға. Бұл тұрғыдан қарастырғанда кемел адам әлеуметтік-

этикалық идеал ретінде де көрініс табады.

### Қорытынды

Шариғат пен тариқаттың өзара қатынасы ислам өркениетінің этикалық және рухани жүйесін тұтастай түсінуге мүмкіндік беретін іргелі құбылыс ретінде айқындалады. Зерттеу барысында шариғаттың нормативтік-құқықтық және моральдық тәртіпті қалыптастырушы қызметі, ал тариқаттың сол нормаларды тұлғаның ішкі болмысы мен экзистенциалдық тәжірибесіне айналдырушы рухани жол екені анықталады. Бұл екі жүйе бірін-бірі терістемейтін, адам кемелдігіне бағытталған біртұтас құрылымның өзара толықтырушы қырлары ретінде көрініс табады. Шариғат адамның қоғамдық жауапкершілігін, әділет пен тәртіпке негізделген мінез-құлқын қалыптастырса, тариқат сол мінез-құлқтың рухани тереңдігін, шынайы ықылас пен ішкі тазалыққа негізделген экзистенциалдық мағынасын айқындайды. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, тариқат шариғатсыз мәнін жоғалтса, шариғат тариқатсыз рухани мазмұнын толық аша алмайды. Мақалада қарастырылған сопылық дүниетаным үлгілері тариқаттың адам болмысына бағытталған тәрбиелік, психологиялық және экзистенциалдық ықпалын нақтылайды. Тариқаттағы сабыр, тәуекел, махаббат, ықылас, фәна және бақа (адамның нәпсілік болмыстан арылып, Жаратушымен тұрақты рухани байланыс пен кемелдік жағдайында өмір сүру) секілді ұғымдар адамның өзін-өзі тану, руха-

ни жауапкершілік пен ішкі еркіндікке жету жолындағы тәжірибелік категориялар ретінде ашылды. Бұл ұғымдар шариғаттың этикалық нормаларын өмірлік шындыққа айналдырудың ішкі механизмі қызметін атқарады. Шариғат пен тариқаттың этикалық нормалары мен экзистенциалдық тәжірибесі адамның рухани кемелде-

ну жолындағы біртұтас бағдарлама ретінде бағалануы тиіс. Бұл тұжырым ислам философиясы, сопылық антропология және діни этика салаларындағы болашақ зерттеулерге теориялық негіз бола алады әрі қазіргі діни-рухани мәселелерді түсіндіруде маңызды методологиялық тірек қызметін атқарады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Al-Qushayri, A. (2007). *Al-Risala al-Qushayriyya*. Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyya.
2. Knysh, A. (2000). *Islamic Mysticism: A Short History*. Leiden: Brill.
3. Al-Ghazali, A. H. (2011). *Ihya’ ‘Ulum al-Din*. Cairo: Dar al-Hadith.
4. Ibn Arabi, M. (2004). *Al-Futuh al-Makkiyya*. Beirut: Dar Sadir.
5. Schimmel, A. (1975). *Mystical Dimensions of Islam*. Chapel Hill: University of North Carolina Press.
6. J.S. Tringham, *The Sufi Order in Islam*, Oxford University pres, London, 1971. – 360 p.
7. İbn Manzûr, Ebü'l-Fazl Cemâlüddîn Muhammed b. Mükerrrem (ö. 711/1311), *Lisânu'l-Arab*, I-XVIII, Dâru Sader, Beyrut ty., c. 8 s. 59-60
8. Türçan, Talip, «Şeriat», *DİA*, İstanbul 2010, c. 38.
9. Қожа Ахмет Ясауи. (2021). *Диуани хикмет: кітап / шағатай тілінен ауд.* К. Асєтова, Т. Қыдыр. – Алматы: Золотая книга. – 352 б.
10. Cürçânî, Ali b. Muhammed eş-Şerîf (ö. 816/1414), *Kitabu't-Ta'rifât*, Thk.: Muhammed Abdurrahman el-Mar'aşlî, 2. b., Dâru'n-Nefâis, Beyrut 1428/2007.
11. S. Kierkegaard (1986). *Fear and Trembling*. Penguin Classics. – 160 p.
12. M.Heidegger (2008). *Being an Time*. Harper Perennial Modern Classics. – 608 p.
13. J.P. Sartre (2021). *Being and Nothingness*. Washington Square Press. – 928 p.

### REFERENCES

1. Al-Qushayri, A. (2007). *Al-Risala al-Qushayriyya*. Beirut: Dar al-Kutub al-‘Ilmiyya (in Arabic).
2. Knysh, A. (2000). *Islamic Mysticism: A Short History*. Leiden: Brill. (in English)
3. Al-Ghazali, A. H. (2011). *Ihya’ ‘Ulum al-Din*. Cairo: Dar al-Hadith. (in Arabic)
4. Ibn Arabi, M. (2004). *Al-Futuh al-Makkiyya*. Beirut: Dar Sadir. (in Arabic)
5. Schimmel, A. (1975). *Mystical Dimensions of Islam*. Chapel Hill: University of North Carolina Press. (in English)
6. J.S. Tringham, *The Sufi Order in Islam*, Oxford University pres, London, 1971. – 360 p. (in English)
7. İbn Manzûr, Ebü'l-Fazl Cemâlüddîn Muhammed b. Mükerrrem (ö. 711/1311), *Lisânu'l-Arab*, I-XVIII, Dâru Sader, Beyrut ty., c. 8 s. 59-60 (in Turkish)

8. Türcan, Talip, «Şeriat», DİA, İstanbul 2010, c. 38. (in Turkish)
9. Kozha Ahmet Jasaui. (2021). Diuani hikmet: kitap / shagataj tilinen aud. K. Asetova, T. Kydyr. – Almaty: Zolotaja kniga. – 352 b. (in Kazakh)
10. Cürcânî, Ali b. Muhammed eş-Şerîf (ö. 816/1414), Kitabu't-Ta'rifât, Thk.: Muhammed Abdurrahman el-Mar'aşlî, 2. b., Dârû'n-Nefâis, Beyrut 1428/2007. (in Arabic)
11. S. Kierkegaard (1986). Fear and Trembling. Penguin Classics. – 160 p. (in English)
12. M.Heidegger (2008). Being an Time. Harper Perennial Modern Classics. – 608 p. (in English)
13. J.P. Sartre (2021). Being and Nothingness. Washington Square Press. – 928 p. (in English)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Ботакараев Бауыржан Куанышбаевич – PhD, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Ясауитану ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері (Түркістан, Қазақстан, e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049)*

*Сайпулла Моллақанағатұлы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы (Түркістан, Қазақстан, e-mail: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977)*

*Қыпшақбаев Нұрперзент Аханұлы – А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Теология кафедрасының оқытушысы, Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, (Түркістан, Қазақстан, e-mail: nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0008-0723-1481)*

*Шылмамбетов Саян Тұрысбекұлы – философия кафедрасының меңгерушісі, PhD, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан, Қазақстан, e-mail: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0002-7147-6332)*

#### **معلومات عن المؤلفين:**

*Ботакараев Бауыржан Куанышбаевич PhD – , باحث علمي أول في المركز العلمي للدراسات اليساوية، المحمية التاريخية-الثقافية الوطنية «أزريت سلطان» (تركستان، كازاخستان، e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049)*

*Сайпулла Моллақанағатұлы – رئيس المركز العلمي للدراسات اليساوية، المحمية التاريخية-الثقافية الوطنية «أزريت سلطان» (تركستان، كازاخستان، e-mail: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977)*

*Қыпшақбаев Нұрперзент Аханұлы – نائب عميد شؤون العلم والتربية، محاضر في قسم اللاهوت بجامعة أحمد يسوي الدولية الكازاخية-التركية (تركستان، كازاخستان، e-mail: nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0008-0723-1481)*

*Шылмамбетов Саян Тұрысбекұлы – رئيس قسم الفلسفة، PhD، جامعة أحمد يسوي الدولية الكازاخية-التركية (تركستان، كازاخستان، e-mail: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0002-7147-6332)*

#### **Information about authors:**

*Bauyrzhan Botakarayev – PhD, National Historical-Cultural Museum-Reserve «Azret Sultan», Senior researcher at the Yassawi Research Center. (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049)*

*Saipulla Mollakanagatuly – National Historical-Cultural Museum-Reserve Head of*

*the Yassawi Research Center (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977)*

*Nurperzent Kypshakbayev – Deputy Dean for Research and Educational Affairs, Lecturer, Department of Theology, A.Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan, email: nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0008-0723-1481)*

*Sayan Shylmambetov - Head of the Department of Philosophy, Senior Lecturer, PhD, Faculty of Theology, A. Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan, email: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0000-0002-5734-3149)*

**Сведения об авторах:**

*Ботакараев Бауыржан Қуанышбаевич – старший научный сотрудник, PhD, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» Научный центр Ясавиеведения (Туркестан, Казахстан, e-mail: bake.kaz.tr@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8164-8049)*

*Моллаканагатұлы Сайпулла – Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан», Руководитель научного центра Ясавиеведения (Туркестан, Казахстан, e-mail: mollakanagatuly@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-8411-5977)*

*Қыпшақбаев Нурперзент Аханович – Заместитель декана по научной и воспитательной работе, преподаватель кафедры Теологии Международного казахско-турецкого университета им. А.Ясави (Туркестан, Казахстан, email: nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0008-0723-1481)*

*Шылмамбетов Саян Турысбекович – заведующий кафедрой философии, PhD, Международного казахско-турецкого университета им. А.Ясави (Туркестан, Казахстан, e-mail: sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz, ORCID ID: 0009-0002-7147-6332)*

К.У. Купешов<sup>1</sup>, С.А. Тлебалдина<sup>1</sup>, М.М. Жылкелді<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

Алматы, Қазақстан

## ИСЛАМДАҒЫ ИЖТИҒАД ТҮСІНІГІ: ЖӘДИД МЕКТЕБІНІҢ ӨКІЛДЕРІ КӨЗҚАРАСЫНДА

### Аңдатпа

Бұл мақалада исламдағы ижтиһад түсінігі туралы жәдид мектебі өкілдерінің көзқарастары қарастырылады. Ижтиһад – діни дәлелдерден шариғи үкім шығару үшін барлық ғылыми күш-жігерін жұмсау әрекеті. Ижтиһад жасай алу үшін Құран, Сүннет, қияс, ижма сияқты барлық мәліметтерді, сонымен қатар олардың барлық бөлшектері мен нәзік тұстарын білу міндетті. Ижтиһад – асыл дініміздің ең үлкен қасиеттерінің бірі. Ижтиһад арқылы өмір сахнасында туындайтын барлық оқиғалардың үкімі анықталады. Жәдидшілер дәстүрлі шариғи ілімдер мен инновациялық білімнің біртұтастығы туралы идеяны жақтай отырып, жаңаша формада діни ілімдерді түсіндіріп, қоғамдағы діни түсініктер мен білімінің артуына ықпал етуге ұмтылды. Мақалада жәдид мектебі өкілдерінің ижтиһадқа қатысты анықтамалары мен қазіргі қоғамдағы тұжырымдары кешенді талданады. Сонымен қатар, жәдидшілер ижтиһад тек фикһтың мәселелерге ғана емес, білім беру мен тәрбиені реформалауға, қоғамдық және мәдени өмірді жаңартуға ықпал ете алады деген көзқарасты дамытты. Ғылыми ізденіс барысында нақты тарихи мәліметтерге, классикалық және жаңа парадигмаларға нақты талдау жасалынған. Мақалада ижтиһад туралы жалпы энциклопедиялық шолу жасалып, ижтиһад туралы ғалымдардың анықтамалары талданады.

**Түйін сөздер:** Ислам, ижтиһад, жәдид, шариғат.

كوبيشوف كانات<sup>1</sup>، تلبالدينا سول<sup>1</sup>، جيلكيلدي مايرزان<sup>1</sup>

<sup>1</sup>الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك

### مفهوم الاجتهاد في الإسلام: من وجهة نظر مدرسة الجديدية

#### الملخص

تتناول هذه المقالة آراء مدرسة جديد حول مفهوم الاجتهاد في الإسلام. الاجتهاد هو محاولة لبذل كل الجهود العلمية للوصول إلى حكم الشريعة من الحجج الدينية. لجعل الاجتهاد، من الضروري معرفة كل التفاصيل مثل القرآن والسنة والقياس والإجماع وجميع تفاصيلها وحقاياها. الاجتهاد هو واحد من أعظم صفات ديننا النبيل. من خلال الاجتهاد، يتم تحديد الحكم على جميع الأحداث التي تجري على مرحلة الحياة. قام الجادديون، الذين دافعوا عن فكرة وحدة تعاليم الشريعة التقليدية والمعرفة المبتكرة، بتفسير التعاليم الدينية في شكل جديد وسعوا إلى تعزيز نمو الأفكار والمعرفة الدينية في المجتمع. يحلل المقال بشكل شامل تعريفات مدرسة جديد فيما يتعلق بالاجتهاد والاستنتاجات التي اقترحها حول انسجام التعليم الحديث في المجتمع المعاصر. بالإضافة إلى ذلك، يعتقد الجادديون أن الاجتهاد لا يساهم فقط في مشاكل الكلمات المفتاحية: الإسلام، الاجتهاد، الجديد، الشريعة.

**K. Kupeshov<sup>1</sup>, S. Tlebaldina<sup>1</sup>, M. Zhylkeldi<sup>1</sup>**  
<sup>1</sup>Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak  
Kazakhstan, Almaty

## THE CONCEPT OF IJTIHAD IN ISLAM: IN THE VIEW OF THE JADID SCHOOL

### Abstract

This article discusses the views of the Jadid school on the concept of ijthihad in Islam. Ijthihad is an attempt to make all scientific efforts to reach a Sharia verdict from religious arguments. To make ijthihad, it is necessary to know all the details such as the Quran, Sunnah, Kiyas, Ijma, and all their details and subtleties. Ijthihad is one of the greatest qualities of our noble religion. Through ijthihad, the judgment of all events taking place on the stage of life is determined. The Jadidists, defending the idea of the unity of traditional Sharia teachings and innovative knowledge, interpreted religious teachings in a new form and sought to promote the growth of religious ideas and knowledge in society. The article comprehensively analyzes the definitions of the Jadid School in relation to ijthihad and the conclusions they proposed about the harmony of modern education in contemporary society. In addition, the Jadids believe that ijthihad not only contributes to the problems of fiqh, but also to the reform of education. The article provides a general encyclopedic overview of ijthihad and analyzes scholars' definitions of ijthihad.

**Keywords:** Islam, Ijthihad, Jadid, Sharia.

**К.У. Купешов<sup>1</sup>, С.А. Тлебалдина<sup>1</sup>, М.М. Жылкелді<sup>1</sup>**  
<sup>1</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,  
Алматы, Казахстан

## ПОНЯТИЕ ИДЖТИХАДА В ИСЛАМЕ: В ВИДЕНИИ ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ДЖАДИДСКОЙ ШКОЛЫ

### Аннотация

В этой статье рассматриваются взгляды представителей Джадидской школы на понятие иджтихада в исламе. Иджтихад – это попытка приложить все научные усилия, чтобы вынести шариатский вердикт из религиозных аргументов. Чтобы сделать иджтихад, необходимо знать все детали, такие как коран, сунна, Кияс, иджма, а также все их детали и тонкости. Иджтихад – одно из величайших качеств нашей благородной религии. Через иджтихад определяется суждение всех событий, происходящих на сцене жизни. Джадидисты, отстаивая идею единства традиционных шариатских учений и инновационных знаний, в новой форме интерпретировали религиозные учения и стремились способствовать росту религиозных представлений и знаний в обществе. В статье комплексно анализируются определения Джадидской школы по отношению к иджтихаду в современном обществе. Кроме того, Джадидисты считают, что идж-

тихад не только способствует проблемам фикха, но и реформированию образования и воспитания, а также способствует развитию общественной и культурной жизни. В статье представлен общий энциклопедический обзор иджтихада и проанализированы определения иджтихада, данные различными учеными.

**Ключевые слова:** Ислам, иджтихад, жадид, шариат.

### Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұсылман әлемінде және Ресей патшалығында «Ижтиһадтың есігі ашық» деген концепциямен дін негіздерінің реформалары туралы үлкен үрдіс жәдидшілдіктің дамуына алып келді. Христиандық теологияның реформалануы сияқты мұсылман реформаторлары да діни үрдістердің жаңалау ережелерін қарастырды. Осы орайда әр мұсылман баласына ижтиһадты құрылғы ретінде қарастырды. Себебі ижтиһадты әр адамның өзінің пікірін айтуына мүмкіндік бергізіп, әрі ешбір ғалымның атынан жүргізуге және тақлид жасамауға итермелейтін құрал етіп көрсетті. «Ижтиһадтың есігі ашық» деген ұғым қалыптасқан дәстүрлер ұғымынан шығып, өзінің жеке рухани дамуына, жаңа қоғамдық қатынастағы Құдірет Иесіне жақын болуды.

*Ижтиһад* сөзі араб тіліндегі «жахада» түбірінен шығып, *еңбектену, ұмтылу, күресу* сынды мағыналарға саяды [1.140б.]. Ал діни-құқықтық тұрғыдан алғанда ижтиһад – діни үкім шығару кезінде Құран аяттары мен хадистерге және қияс пен ижмағтарды ескере отырып ыңталану [2.266б.]. ижтиһадпен айналысатын маманды ислам әлемінде мужтаһид деп атайды. А.Бекованың пайымдауынша ижтиһадты «ислам шариғатының қайнар көздеріне негізделген,

шариғаттың тұжырымдары мен дәлелдері арқылы жеке қабілеті арқылы үкімдер шығаруға мүмкіндік беру» [3. 24б.]. Мұхаммед Газали мен Худури және оның арттарынан ерген біршама ғалымдардың пайымдауынша «шариғат үкімдері ілімін талап етудегі, мужтаһид ғалымның жұмсаған еңбегі мен күш-жігері» [4. 326б.]. Әл-Қади Байдауидың пікірінше «Шариғат үкіміне жетудегі еңбектің жұмсалуды» – деген. Ал ибн әл-Хумамның ұстанымы бойынша «фақиһ ғалымның ақылмен немесе нақылмен (Құран мен хадис) не кескінді немесе кескінсіз дәлел арқылы шариғат үкіміне жетудегі жұмсаған күш жігерін» – деп айтқан [4.327б.]. Осы ой пікірлерді қорыта келе ижтиһад дегеніміз шариғаттың негізгі қайнар көздерінен үкімі шығару (истинбат) жолы десек болады.

Ислам әлемінде алғашқы ижтиһад әдісі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) кезеңінде орын алған. Оған байланысты Алла елшісінің (с.а.с) Муаз Ибн Жабалды Йеменге дінді насихаттау үшін жіберіп жатқан кездегі мына оқиғадан білеміз. Алла елшісі (с.а.с) Муазды Йеменге жіберместен бұрын оған мындай сұрақтар қояды: «Сен ол жаққа барғанда қалай үкім бересің?». Сонда Муаз: «Алланың кітабымен. Сонда Алла елшісі (с.а.с) егер ол кітаптан жауабын таппаса ше». Сонда Муаз: «Алла елшісінің

(с.а.с) сүннетімен үкім беремін. Сонда Алла елшісі (с.а.с) егер ол жерден де таппасан ше? ». Сол кезде Муаз тұрып: «Егер екеуінен де таппасам онда өзім үкімін беретін боламын», – дейді. Әрине осыны естіген Алла елшісі (с.а.с) риза болып, батасын беріп жібереді[5.589б.]. Әрине Алла елшісінің (с.а.с) кезеңін және Алла елшісінің (с.а.с) дүние салуынан кейінгі кезеңде де барлық сахабалар Муаз Ибн Жабал тәрізді ижтиһад әдістерін қолдаған.

Бастапқы кездері Алла елшісінің (с.а.с) кезінде үкім шығару үшін Құран мен Алла елшісінің (с.а.с) хадистері негізгі қайнар көз ретінде саналған. Ал Алла елшісінің (с.а.с) дүние салуынан кейінгі халифалар дәуірінде діни-құқықтық үкімдер шығару үшін белгілі бір талаптар қойыла бастады. Құран мен Алла елшісінің сүннетінен діни бір үкім шешімін таппаған жағдайда, белгілі, атақты сахабалар жиналып сол мәселеге үкім беруге тырысқан. Әрине бұл әрекетті ислам дінінде қияс деп атайды. Алайда сахабалалардың немесе ғалымдардың бір мәселе бойынша бір мәмілеге келе алмауынан кейін ішіндегі басшысы өзі ижтиһад жасап, үкімін беретін болған. Осы орайда ислам дінінде үкім шығару мәселесінде ижтиһадтың да алатын орнын байқай аламыз.

### Зерттеу әдістері

Бұл мақалада ислами құқықтық және теологиялық ой-пікірлердегі *ижтиһад* ұғымы жәдид мектебінің көзқарастары аясында жан-жақты талдаудан өткізіледі. Мақалада келесі зерттеу әдістері қолданылды:

Тарихи-генетикалық әдіс арқылы жәдид қозғалысының пайда болуының алғышарттарын және оның әлеуметтік-саяси және діни контекстін анықтау үшін қолданылды. Бұл әдіс ижтиһад мәселесі мен XIX және XX ғасыр басындағы мұсылман қоғамының жаңғыру процесі арасындағы байланысты ашуға ықпал етеді;

Теологиялық-аналитикалық әдіспен ижтиһад ұғымының Құран, Сүннет және классикалық усул әл-фикх еңбектеріндегі орны талданып, ислам ғалымдарының дәлелдері жүйелі түрде талданды;

Салыстырмалы әдісті қолданумен жәдид мектебінің ижтиһадқа қатысты көзқарастары дәстүрлі қағидалармен және классикалық ғалымдардың пікірлерімен салыстырылды. Бұл әдіс жәдидшілдіктің нақты аспектілерін анықтауға мүмкіндік берді; Мәтіндік (герменевтикалық) әдіс қолданылып, жәдид ойшылдарының еңбектерін, мазмұндық тұрғыдан ашықталды. Ижтиһад, тақлид, бидғат және жаңару ұғымдарының семантикалық контекстін ашуға ерекше назар аударылды;

Жүйелі-құрылымдық әдіс арқылы ижтиһад мәселесі жәдид діни реформаторлық тұжырымдамасының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды және оның білім берудегі, құқықтық ойдағы және қоғамдық санадағы рөлі жүйелі түрде талданды;

Дедуктивті және индуктивті әдістерді қолданумен жалпы ислам қағидаларынан жәдид ойшылдарының нақты қорытындыларына көшуді (дедукция) және жеке пікірлерді қорытындылау арқылы жалпы қоры-

тындылар жасауды (индукция) қамтыды;

Бұл әдістерді кешенді пайдалану жәдид өкілдерінің ижтиһадқа қатысты көзқарастарын жан-жақты зерттеуге және олардың ислам ойының жаңаруындағы орнын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

### Негізгі бөлім

Ислам дінінде дәстүрлі діни жүйелер бір мемлекетке немесе оның бір институтына емес, атақты, танылған діни саладағы діни қызмет атқарып жүрген ғалымдарға бүйірін бұрып тұрғандығын байқаймыз. Зухайли алғашқы мүжтаһид ретінде Айша бинт Әбу Бәкр, Абдулла ибн Омар сынды сахабаларды айтқан. Алла елшісінің (с.а.с) сахабалары санатынан ижтиһад ғылымында мына кісілерді атайды. Олар: Мусаийбұлы Саид, Зубайрұлы Урва, Мұхаммедұлы Қасым, Зайдұлы Хариж, Абдрахманұлы Әбу Бәкір, Яшарұлы Сүлейман және т.б.-лары[6.266.]. Бұл кісілердің барлығы Құран мен Алла елшісінің (с.а.с) хадистерін және танымал сахабалардың пікірлерін біліп ижтиһад жасауда қолданған болатын. Ал тағы да кейбір мәселелер бойынша олардың жауаптарын рай әдісі арқылы жауап берілетін болады. Рай әдісі дегеніміз – еркін ой-пікір, бұл пікірге жету үшін ислам дінінің қайнар көздері негізіне интерпретациялану арқылы жетуі. М.Степанянцтың пікірінше рай – жеке ой-пікір, уақыт өте келе ижтиһадты алмастырып, ол ой-пікірдің аз болса да еркіндігін ұсынды. Осылайша, ижтиһад шешім шығару әдісіне айналып, ис-

лам дінінің діни қайнар көздерінің мағыналарын түсіну үшін, олардың нәзіл (түскендіктерін) етілгендігін ұғыну керек[7.466.]. Алайда уақыт өте келе жауаптары табылмаған мәселелер бойынша жауаптары табылмаған жағдайда жаңадан жауап беру әдістері қолданылды. Олар: ижмағ, қияс, сахабалардың пікірлері, истихсан, истислах (масали у мурсала), истисхаб және т.б.[6.286.].

VIII ғасырда ислам дінінің доктриналары құқықтық мектептер ретінде қалыптаса бастады. Осы кезеңде мұсылман құқық негіздерінің кодификациялау үрдісі басталып, діни мәтіндерді түсінудегі пікірлердің көбеюіне және түрлі ағымдардың шығуына алып келді. Әр ағым өзінің құқықтық жүйесі мен әдістерін өздері жасақтап шығады. Діни догматтарды заңдастыру институттарының болмауына байланысты пікірлер мен дүниетанымдардың плюрализмге әкеліп соқтырды.

IX ғасырдың ортасынан бастап сүннеттік бағыттарда ижтиһадпен алғашқы ислам фақиһтары айналысып, тек кезеңдерден бастап белгілі бір мектеп көлемінде ғана ижтиһадқа көшті. Бұл жердегі ислам дінінде фақиһтардың көпшілігі белгілі бір мектептердің жаңына жинақталып, ижтиһад мәселесінде таржих жасауға келісілді.

X ғасырдың ортасынан бастап Исламның сүннеттік бағытында ислам ғұламалары арасында «ижтиһадтың уақыты өтті» деген пікір қалыптасты қалыптасып, ижтиһадты алға қарай басқа әдіс-тәсілдерді ұсынды. Осы орайда ижтиһад жасаушы ғалымдарға

қойылатын талаптарын қарастырсақ. Әрине бірінші орында барлық ижтиһад жасаушы ғалымдар араб тілін жетік деңгейде меңгеруі керек, ислам қайнаркөздерінде терең түсініп, сахабалар мен қияс мәселелерін жақсы білу керек. Ханафи мектебінің жетекшісі Нұғман ибн Сәбиттің ижтиһад жасаушы кісіге байланысты былай деген: «Адамдардың ішіндегі ең білгірі – олардың арасындағы қайшылықты мәселелерді жақсы білгені». Әрине осындай адамдар өзара пікір қайшылықтарына түскен әртүрлі көзқарастарды зерттеулер арқылы ақиқатқа жетуге болмақ.

Ислам құқық ғылымын зерттейтін усул әл-фикһ саласында, құқықшыларды төмендегі категорияларға бөліп қарастырады [6.365б.]. Олар:

- Ислам шариғатында ижтиһад жасай алатын құқықшылар;
- Ілесуші құқықшылар;
- Ислам мектептері көлеміндегі құқықшылар;
- Тахриж жасай алатын құқықшылар;
- Дәлелдерге қарай отыра, тахриж жасай алатын құқықшылар;
- Жаттаушылар (хафыздар) категориясы;
- Мұқалидтер категориясы.

Ислам шариғатында ижтиһад жасайтын алғашқы құқықшылардың өздері Құран мен сүннеттен үкім шығарып, белгілі бір мәселеде қияс жасап, пәтуа береді. Ал ілесуші құқықшылар дегеніміз, ислам шариғатындағы ижтиһад жасайтын алғашқы құқықшылардың дін негіздеріне қойған ереже-қағидаларына ілесіп, тек тармақ мәселелерінде ғана пікір қай-

шылығына түседі. Ислам мектептері көлеміндегі құқықшылар әрине осы топтағы ғалымдар алғашқы топтардағы құқықшылардың қойған ереже-қағидаларына ілеседі. Бұл топтағы ғалымдардың негізгі міндеті алдыңғы құқықшылар кезінде болмаған мәселеге өздері жауап беру керек. Осы орайда Мәлики мәзһабының көзқарасы бойынша әрбір ғасырда осы санаттағы құқықшылар болуы керек. Әрине осы топтағы ғалымдардың ижтиһадтарын тахкки әл-Мәнат деп атаймыз.

Тахриж жасайтын құқықшылар тобына жататын ғалымдарды мәзһаб имамдары үкімін айтпаған екінші кезектегі ұсақ-түйек мәселелердің жауаптарын іздемейді. Үшінші санаттағы құқықшылардың қойған ереже-қағидаларына сүйене отырып, риуаяттар арасындағы күштісін, қуаттысына таңдау жасайды. Ал дәлелдерге қарай отыра, тахриж жасай алатын құқықшылар бұл топтағы ғалымдар әртүрлі көзқарастар мен риуаяттарды саралап, «бұл көзқараспен қияс жасауға болады», «бұл көзқарас риуаят тұрғысынан қарағанда абзалырақ және қуаттырақ» деген секілді тұжырымдар жасайды.

Ал ендігі кезекте жаттаушылар (хафыздар) категориясына келсек. Бұл санатқа жататын ғалымдардың баршасы алдыңғы айтқан құқықтанушылардың тұжырымдарына ереді. Ибн Абидиннің пікірінше, дұрыс және әлсіз риуаяттың немесе мәзһабтың дұрысырақ көзқарасы мен сирек кездесетін риуаяттың арасында таңдау жасау құқына ие жандар болып табылмақ.

Алайда келесі топтағы категорияда мұқалидтер. Құқықтанушылардың ең төмен дәрежесі. Бұл деңгейдегі ғалымдар кітаптарға сүйеніп, көзқарастар мен риуаяттар арасында таңдау жасай алмайды[8. 180б.].

Ислам шарифатындағы ижтиһадқа байланысты түрлері не келетін болсақ. Ислам ғұламалары арасында осыған байланысты былай дейді: «егер бір мұжтаһид ғалымнан белгісіз болған бір оқиғаның немесе оған ұқсайтын үкіміне байланысты сұрақтар қойылса, ол кезде ол оған ижтиһад жасауы парыз немесе парыз айн немесе мәндүп не харам болады» [9.121б.]. Ғалымдардың ұстанған ұстанымдарына қарай ижтиһад жасаудың түрлеріне қарастырсақ.

- Парыз айн;
- Парыз кифая;
- Мәндүп;
- Харам.

Пайыз айн болуына байланысты. Мұжтаһид ғалымның алдынан үкімі белгісіз оқиға шығып, сол ғалының өзіне тиесілі жеріне ғана ижтиһад жасауы және үкімін тауып беруі міндет. Егерде ғалымның берген ижтиһады белгілі бір үкімге алып келсе, сол үкіммен амал етуі керек. Әрі сол мәселе бойынша басқада ғалымдардың жасаған ижтиһадтарына ілесуіне шарифат бойынша тиым салынады. Себебі ол ижтиһад жасаған кезде өз ақыл, ой парасатының көпшілігіне сүйене отырып үкім шығарады және де ғалымның шығарған үкімі Алланың үкімі болып саналады. Осы орайда өз, ақыл парасатымен шығарған үкіміне амал ету ол ғалымға парыз болып табылады.

Осы тәріздес белгісіз бір оқиға мұжтаһид ғалымнан сұралып, қасында басқа мұжтаһид ғалымдар табылмаса онда сұралған оқиғаның жауабы сұрақ күйінде қалудан қорқатын болса, онда оған ижтиһад ету парыз айн болып табылмақ. Себебі осы кезеңде жауап берілмесе (яғни ижтиһад жасалмаса), кешіктірілу қаупі жоғары тұрады. Ислам шарифаты ол нәрселерден тыйым салған.

Осыған байланысты имам Қарафий: «Имам Мәлик пен көпшілік (жумһур) ғалымдардың мәзабы ғалымдарының пікірлері бойынша белгісіз болған оқиғаның үкімін шығаруға байланысты ижтиһад жасау уәжіп болып табылады. Ал басқа ғалымға тақлид жасауды теріске шығаруға болады», –деген[10.236б.].

Парыз кифая болуына байланысты. Белгісіз бір оқиғаның үкіміне байланысты мұжтаһид ғалымдардан сұралса және осы кезеңде мұжтаһид ғалымдар табылып, сұрақтың жауапсыз қалып кетпеуіне сенімді болса онда сол мұжтаһид ғалымға ижтиһад ету парыз кифая болып табылмақ. Әрине бір мұжтаһидтың оқиғаға байланысты үкімін беруі, басқа мұжтаһид ғалымдардың мойындағы міндетінен түсіреді. Егерде барлық ғалымдар жауапсыз үкімін қалдырып кетсе, онда ғалымдар күнәға жасаған болып табылады.

Ижтиһадты мәндүп қылатын жағдайға келетін болсақ. Орын алмаған бір жағдайдың үкіміне байланысты ижтиһад жасау, мейлі ол жайлы сұралса да, әлде сұралмаса да бәрі-бір мәндүп болып табылмақ.

Ижтиһадты харам жағдай – Құран

Кәрім мен Алла елшісінің (с.а.с) сүннетіне және ижмағқа қарама-қайшы келуі. Осы үш кескінді дәлелдерден басқа қайшы келу әсер етпейді.

Ижтиһадтың ислам шарифаты саласында зерттейтін мәселелеріне тоқталатын болсақ. Имам Ғазали өзінің «әл-Мустасфа» атты еңбегінде: «ижтиһаж-барлық кескінсіз дәлелдермен келген шарифат үкімдерін қарастырады», – деген [9. 103б.]. Осы орайда шарифат негіздерінен анықталғандай бес уақыт намаз, зекеттің парызылығы тәріздес ғалымдардың бір ауыздан келіскеніндей ижтиһадтың зерттейтін нысандары белгілі болды. Ислам шарифатында ижтиһадтың зерттейтін саласына байланысы оны екіге бөліп қарастырған. Біріншісі – ижтиһадтың зерттейтін саласы. Ал екіншісі – ижтиһадтың зерттемейтін саласы, деп осылайша екі топқа бөліп қарастырылған. Ендігі кезекте осы екі топты ашып, анықтасақ.

Бірінші ижтиһадтың зерттемейтін саласы: ислам дінінде үкімі белгілі болған, бізге жету жолдары күнәнсіз, кескінді дәлелдермен жеткен шарифат үкімдері. Мәселен, бес уақыт намаз, рамазан айының оразасы, зекет, жағдайы жеткен кезде бір рет өмірінде қажылық жасау, куәгер ретінде кемі екі ер адамның болуы. Және де қылмыстық мәселелерде Алла елшісінің (с.а.с) сүннетінде келген хабарлардағы жаза түрлерінеде ижтиһад етілмейді. Алла тағаланың Бақара сүресінің 43 аятында «Намаз оқындар және зекет беріндер...» деген [11. 2/43]. Осы аятты Алла елшісінің (с.а.с) сүннетіндегі түсініктемесі

келгеннен кейін ижтиһад жасалынбайды.

Сол тәріздес зекетке байланысты мутауатир жолдарымен келген хадистерге де ижтиһад жасалынбайды.

Екінші ижтиһадтың зерттейтін саласы: бір оқиғаның жету жолдары, келген мәтіндері кескінсіз болған немесе екеуінің біреуі кескінсіз дәлелдермен келген, болмаса ол жайлы Құран, Алла елшісінің (с.а.с) хадистерінде, ижмағта келмеген шарифат үкімдері. Егер де келген дәлелдердің жету жолдары кескінсіз болып, оның тізбегі мен жету жолдарын, риуаятшылардың әділеттігін, жағтау қабілеттерін ижтиһад зерттейтін болады.

Ал егер де, мәтіндері кескінсіз келсе, сол мәтіннен шығатын мағынаны, әрі дәл сол мағынаны беру қуаттылығында ижтиһад зерттейді. Кейде кездері дәлелдер жалпы не болмаса жалқы мағынада келуі де мүмкін. Ал кей кездері бұйрықты немесе тыйымды білдіріп келуі де ықтимал. Кей кездері бұйрық формасы ретінде келген мәтіндер уәжіпті, мұбахты немесе мәндүпты білдіріп келеді. Тыйым формасында келген сөйлем, расында харамды білдіреді, бірақта кей-кездері ол мәкрүһты да білдіріп келеді. Әрине осылардың барлығын ижтиһад саласы зерттейді.

Белгісіз бір оқиғаға байланысты Құран мен сүннеттен, ижмағдан дәлелдер келмесе, ижтиһадтың бұл жердегі рөлі оны қияс, истихсан, маслахатул мурсала, ғұрып, истихаб сияқты ақили дәлелдеге сүйене отырып, зерттеп, үкімін табу болып табылмақ.

Ижтиһадтағы бөліну дегеніміз

мұжтаһид ғалымның бір мәселенің төңірегінде үкім шығару жағынан лайық болуы немесе фикһи бір ғана тақырыпта үкім шығаруды жетік меңгеруін атасақ болады. Алайда кейбір үкімдерді меңгеріп алған ғалымды мұжтаһиду мутажаззи деп айтылады[10.223б.]. Яғни оның ижтиһады бөлшектік деп түсіндірсек болады. Араб тілінде осындай ижтиһадты «Тажаззуғ» (تجزع) деп аталынады. «тажаззуғ» дегеніміз араб тілінен аударғанда *бөлшектік, бөліну* дегенді білдіреді[1. 83б.]. Біз бұл жерде оны бөлшектік деп атауды жөн деп қараймыз. Себебі, алдыңғы айтылғандағыдай ол фикһтық барлық мәселелерін қамтып, үкімдерді шыға алатын адам емес, бәлкім құқықтың бір бөлшегін ғана жетік меңгеріп, сол мәселе шеңберінде үкім шығара алатын ғалым ретінде мақсат етіледі. Ислам ғұламалары арасында ижтиһадтың осы түріне байланысты түрлі пікірлерді ұстануда.

Көпшілік ғалымдардың шектеулі бір мәселеге байланысты білімі жетік болса, ол кісіге сол мәселенің төңірегінде ижтиһад жасауына рұқсат деген. Өзінің ижтиһад еткен мәселесіне қатысы жоқ, өзге мәселені білмеседе меңгерген біліміне байланысты ижтиһад жасауға болады деген пікірлерде қарастырған. Әрине осы пікірлерге байланысты Ханафи мектебінің ғалымдары Ибн Һумам мен Ибн Абдушшакур әл-Ханафи да осы пікірлерге қосылған.

Ал кейбір ғалымдар осы тектес ижтиһадтың түрлеріне қатысты, рұқсат бермеген. Олардың пікірінше мұжтаһид ғалымның ілімі барлық

жағынан фикһ мәселелерін қамтыған болуы – шарт[9. 103б.]. Осы орайда мұжтаһид ғалым фикһи мәселелерді толық меңгерген болса ғана, оған ижтиһад жасауына рұқсат берген. Ижтиһадтың осы түріне байланысты ханафи мектебінің ғалымы Мулла Хасру, әл-Фанари сынды ғалымдарды атап көрсетсек болады.

Көпшілік (жумһур) ғалымдардың бөлшектік ижтиһадтың болатындығына байланысты мындай дәлелдер келтіреді:

- Ижтиһад мәселесінде бөлшектік ижтиһад болған жағдайда мұжтаһид ғалымның барлық мәселелер бойынша үкімі тұрғысынан және де дәлелі тұрғысынан да білуі міндеттелінеді. Алайда міндеттілік жарамсыз, себебі пәтуа беруші муфтидің өзінде барлық мәселелерді білуі шарт емес. сондықтан бұл мәселе аса күрделі болғандықтан, әр ғалымның шамасынан тыс дүние болып табылмақ. Мәселен, имам Мәлік мұжтаһид мұтлақ болған ғалым. Алайда ол кісіден келіп қырық мәселе бойынша сұраған кезде, ол кісі отыз алтысына «мен білмеймін» деп жауап қатқан. Әрине осы тәріздес үлкен ғалымдардан өзі білмейтін мәселелер бойынша үкімдерін сұрастырған уақытта «білмеймін» деп жауап бергендіктерін байқаймыз. Тіпті Алла елшісінің (с.а.с) қасында жүрген сахабаларының өзі де білмейтін мәселелер жөнінде сұрастырылған кезде, іштерінде білімдісінен сұрауды жөн көрген;

- Бір ғалым кейбір мәселе бойынша сырларын білсе, онда ол өзге ғалымдар сияқты аталмыш мәселеде

бірдей болып табылмақ. ал оның басқа мәселелерді білмеуі, оның сол мәселелерге кіруіне болмайтындығын ғана білдіреді. Демек бір мәселеде, басқа ғалымдарға ижтиһад етулеріне рұқсат етілгендей, оларға да ижтиһад жасауына рұқсат етіледі. Алайда ижтиһад жасаушы ғалымның бойында ижтиһадтың шарттары болуы міндет.

Кейінгі ғасырларда жумһур ғалымдар бөлшектік ижтиһадты дұрыс санаған болатын. Осыған байланысты XX ғасырдың ислам фикһ саласының білгірі Уаһдатул әз-Зуһайли осы мәселеге байланысты мынадай пікір ұсынған: «мен көпшілік ғалымдардың ұстанымдарын құптаймын. Себебі олар ижтиһад жасаушы адамның бойында ижтиһад шарттарын болуды міндетті деп шешті. Сол шарттардың бірі: шарифат мақсаттарын білуі жәе ижтиһад тақырыбымен байланысты мәселелерді меңгеруді талап етті. Олай болса, бөлшектік ижтиһадқа тыйым салудың мәңгі жоқ деп ойлаймын, әсіресе біздің заманымызда [4. 362б.].

Бөлшектік ижтиһадқа байланысты Мұхаммед Тақиул Хақимның ұстанымына келсек: «қателік ижтиһад қабілеттілігі мен оны қолдануға қатысты болып отыр. Сондықтанда оған байланысты пікірлер бір жерден шықпауда. Ал бөлшектік мәселесі қабілеттілікті қолдануда қажеттілік болып отыр. Бұл жерде мүлдем мұтлақ мүжтаһидтың ижтиһадтың мәселесі тұрған жоқ. Барлық мәселелерде ижтиһад қабілеттілігін қолдануың мүмкін еместігі үшін, мұтлақ ижтиһадтың болуы түбірінен

бұрыс. Адам баласына фикһтың барлық мәселесін қамтуы мүмкін емес дүние[12. 586б.].

Бөлшектік ижтиһад мәселесі әр заманда, әр уақытта жаңадан пайда болған мәселелердің шешімдерін табуға, қажеттіліктерін өтеуге ең қолайлы мүмкіндікті туғызады. Ижтиһадтың есігі жабылған деген пікірлерді қабылдауға келмейтін мәселе болып табылмақ және де ижтиһадтың есігін жабуға қатысты нақты кесімді дәлелдер жоқ. Әрине ол мәселе бойынша тарқатып жазатын боламыз.

Нижри жыл санауының төртінші ғасырында ислам мемлекеті бірнеше үлкен мемлекеттерге, патшалықтарға бөлініп шықты. Оның нәтижесінде ислам үмметі әлсіріп, мемлекеттер арасында саяси байланыстар да тоқтады. Осы кезеңде исламдағы еркін ойлау жүйесі де сыр бере бастады десек те болады. Әрі ғылыми белсенділікте әлсіреп, бұрынғыдай еркін ойлаудан қалды. Сол кезеңдерде ислам елдеріндегі ғалымдардың көпшілігі алғашқы ислам ғұламаларының жазып, қалдырған еңбектеріне қанағат тұтып, ғылымда тереңдемеді. Әрине осы тұста өз мектептеріне фанаттық дәрежеде қатып, қалып отырды. Әр ғалым өз мектебін жақтау үшін көптеген мәселелерде таласып, бір-біріне деген өшпенділікті арттыра түсті. Адамдар арасында ғылымға деген қызығушылық азайып, адамдар арасында дүбәра қазылар пайда болды. Осы тұста ғалымдар кітаптардағы риуаяттарды қысқартып, жеңілдік жұмыстарын жасады.

Әрине осы мәселелер туындап, ғалымдар арасында алдыңғы қалып-

тасқан ғалымдардың ұстанымдары, яғни мектептермен жүруге шақырып, ижтиһадтың есігі жабу керектігін айтты. Себебі алдыңғы өткен ғалымдар фикһтың негігі қағидаларын және мәселелердің шешімдерін анықтап берді. Сонымен қатар ижтиһад етуге, үкімдерді шығаруға лайықты болмаған адамдардың осындай үлкен істерге араласып кетпеуі үшін ижтиһад есігін жабу деп атаған. Осы тұста Имам Мұхаммед Сағид әл-Бәнидің осы пікірге байланысты мынадай пікір айтқан: «Менің пікірімше, бұл белгілі бір нәрсені немесе уақытша бір істі емдейтін шариғи бір саясат, не ижтиһад есігін жабуға еш дәлел жоқ. Ол тек қана бос әңгіме өрмекшінің өрмегінен де әлсіз бір дәлел. Себебі ол мұралық етіліп келген сөзден басқа, шариғи немесе ақли дәлелге сүйенбеген»[13. 626.].

Әл-Һәшим әл-Хусайни өзінің әл-Мабади әльмамһәһ лил фикһи әл-Жағрафи атты еңбегінде: «Үш ғасырдан көп уақыт ашық болғаннан кейін, һижридің төртінші ғасырында ижтиһад есігін жабу және шариғатқа байланысты пікірлерді шектеу еш ақталмайтын үлкен қателіктердің бірі. Сол үш ғасырдан көп уақытта ислам ой-жүгірту фикһ және оның негіздеріне қатысты ислам шариғатының мәңгі болуына үлкен септігін тигізі»-деген[14.359б.].

Жалалуддин Суюти өзінің «әр-Радду ʔала мән ахлада иләл ард» атты еңбегінде ижтиһадтың парыздылығына және тақлид жасаудың дұрыс емес екендігіне қатысты барлық мазһаб ғалымдарының сөздері бір жерден шыққандығын келтірген[15.3-

46б.]. Барлық мазһаб имамдарының өздеріне тақлид (еру) жасамауларын ескерте отырып, ой еркіндігіне пікір жүгіртуге шақырған.

Мұхаммед әл-Бағауи «әт-Тәһзиб» атты еңбегінде былай деген: «білім парыз айн және парыз кифая деп бөлінеді». Парыз айнды түсіндіргеннен кейін былай дейді: «ал парыз кифая болса, мукаллидтер қатарынан шыққанша ижтиһад пен пәтуа және қазылық деңгейіне дейін білім алу. Сондықтанда барлық адамдарға соны үйрету міндет. Алайда егер бір жақта соны үйрететін бір немесе екі адам шықса, қалған адамдардың мойындарынан түседі. Ал егер адамдардың барлығы сол білімді алмаса, барлығы күнаһар болады. Себебі оның артында шариғат үкімдеріне немқұрайлылық жатыр», – деген. Алла тағала Құран Кәрімнің Тәубе сүресінің 122 аятында: «... сонда әр топтан дін ғылымын үйреніп, олар қайтып келгенде, қауымдары сақсынулары үшін ескертулрі керек емес пе?!», – деген [11. 9/122].

Әбул Фатх аш-Шахристанни «әл-Милал уан-Нихал» атты еңбегінде аталмыш парызды бір ғасырдың адамдары орындамаса, барлығы күнәһар болатындығын айтқан және оған қатысты нақли және ақли дәлелдер келтірген. Мысалы ретінде, жалпы алғанда ғибраттардағы және тұрмыс-тіршіліктердегі мәселелер мен оқиғалар бітпейтіндігін анық нақты білеміз. Сондай-ақ әрбір оқиғаға қатысты дәлел келмегендігін де нақты білеміз. Демек дәлелдер шектеулі болса, ал оқиғалар шексіз болады, шексіз дүниелерді шектеулі

шектеулі дүниелер жүйелей алмайды. Олай болса әрбір мәселе алдында ижтиһадтың және қиястың міндетті түрде болуы тиіс екені айдан анық болмақ[16.199б.].

Әр ғасырларда дін жаңғыртушы ғұлама ғалымдардың келетіні айқын. Ислам дінінің жаңғыртушылары ретінде әр ғасырлардағы мына ғалымдарды айта алсақ болады. Әбу Хамид әл-Ғазали (1058-1111), Ибн Рушд әл-Құртиби (1126-1198), Абдулла әл-Байдауи (1226-1350), Жалал ад-Дин ас-Суюти (1445-1505), Шах Уалиулла Дахлауи (1703-1762) бұл ғалымдардың барлығы фикһтық үкім шығаратын мәселелерде ижтиһад жасауға шақырды. Ибн Таймияның пікірінше ижтиһадты діни үкімдер шығаруға ешқандай кедергі жоқ және оны күнделікті қолданыста қолдануға болады дейді. Оған байланысты ол мына дәлелдерді алға тартады, мүжтаһид ғалымдардың хадистерді жинақтау және жүйелеуде олардың мүмкіндіктері шектеулі болғанын айтады. Әрине осы орайда Алла елшісінің (с.а.с) қасындағы жолдасы, әрі сахабасы алғашқы халифа Әбу Бәкірді де осы санаттағы адамдарға қосады. Ибн Таймия мүжтаһид ғалымдардың ішіндегі барлық ғылым саласын жетік меңгергенбіз дегендерді айыптап, сөккен. Мәзһаб мектептері арасындағы діни-құқықтық мәселелер турасында келіспеушіліктерге байланысты, сол кезеңдегі мухаддис ғалымдардың халифаттың әр тұсында өмір сүруі мен мүжтаһид ғалымдардың хадис ғылымда шектелгендігін байқаймыз. Алайда хадис ғылымда жинақтау және жүйелеу

жұмыстары кейінгі кезеңдерде реттелген болатын[17.64б.]. Ибн Таймия XIV ғасырдағы ислам дінінің реформаторларының алдыңғылары бірі болып және де ислам тарихындағы осы күнге дейінгі даулы тұлғалардың бірі болып табылмақ. Ресейлік ғалым, арабист, академик А.М.Васильев Ибн Таймияға және оның ижтиһадына байланысты былай деген: «Ол ислам дінінің теологиялық және философиялық мәселелеріндегі қызықты, әрі даулы тұлғалардың бірі. Ол өз шығармалары мен насихаттарында сол кездегі ортодоксалды исламның өзгеруіне шақыра отыра, сүннет пен бидғатты бір-біріне қарама-қайшы қойып [17. 48б.]. Ол діни теория мен практикада бастапқы исламнан алыстаған барлық «жаңалықтарға» қарсы шығуымен есте қалды. Ибн Таймия ислам сеніме ашариттердің философиялық тұжырымдарын еңгізуге, сопылыққа, сондай-ақ әулиелер мен пайғамбарлардың мекендеріне (қабірлеріне) барып уасила етуіне түбегейлі қарсы болды. Ол ислам дініндегі қажылық кезінде Алла елшісінің (с.а.с) қабіріне барып сәлем беруді, исламның алғашқы формасынан ауытқыған және оны дұрыс емес деп есептеген. Ибн Таймия ижмағ арқылы осы әрекеттерге рұқсат берген мүжтаһидтердің бұл әрекеттерін құптамаған болатын» [18. 48б.]. Суютида ижтиһад барлық мұсылман үмбеті үшін міндетті түрде керек. Оның қолданылмағандығынан мұсылман үмбетінің артта қалу, адасу жағдайлары болған[19. 27б.].

Осы тақырып шығыс мұсылман елдерінде жаңдану уақытында актуал

дылығы арта түсті. Шығыс мұсылмандарының басты идеологтары ретінде Ж. Әл-Ауғани, М.Абдуһу, Р.Рида, М.Икбал, С.Ахмедхан сынды реформаторлар «ижтиһадтың есіктерінің ашылуын» құптаған болатын. Алайда мұсылман реформаторларының «ижтиһадтың есігі ашылсын» деген ұсыныстарын сол кездегі болып жатырған жүйеге қарсы келді деген формаға салудың қажеттілігі жоқ екендігін айтамыз. М.Икбалдың тұжырымдауынша «ижтиһадтың есігі жабық» деген сөз ол миф, онда интеллектуалдылық жалқаулықтың кристалдануы көрініс тапты, рухани-адамгершілік декаденция уақытында ұлы ойшылдарды құлшылық алаңына айналдырады [20. 169б.]. М.Степанянцтың пікірінше «ижтиһад – мұсылман елдеріндегі қоғамдық-саяси жаңа феномен, капиталистік қоғамның даму барысындағы ұлттық құндылықтарды сақтап қалу барысындағы керек болған күрес» – дейді [21. 61б.]. Шығыстық интеллектуалдар артта қалудың себеп салдары болып табылатын алдыңғы өткен ғұлама-ғалымдардың ұстанымдары қатып қалған догматтарға айналып кетуіне байланысты, өзгерістер жасап қайта өйлеуге шақырды. Осы орайда ижтиһад діни наным сенім тұрғысынан қатып қалған жүйелердегі мифтік әрекеттерді жойып, жаңғырту қызмет еді. Жаңа кезеңдерде ижтиһад тек теологиялық терең білімді, араб тілін жатық меңгеруді, ислам қайнар көздерін жатық меңгерумен қатар қазіргі ғылым мәселелерді де жетік меңгеруді талап етті. Ижтиһад барлық категориядағы діни қызметкерлер мен

ғалымдарға міндетті болып қалды. Алайда көпшілік ғалымдардың пікірінше ижтиһад исламның қайнар көздеріне қарама-қайшы келмеуі керек [21. 134б.].

А. Юзеев пікірінше «ижтиһадтың есігін ашу» діндегі рационалистік көзқарас пен еркін ойлаумен байланыстырады. Уақыт өтек келе діни реформаторлықта «ижтиһадтың есігін ашу» принциптері бекітіліп, ислам дінінің бес тірегі болып саналатын Алладан басқа құдай жоқ екендігіне және Мұхаммед оның елшісі екеніне куәлік ету, бес уақыт намаз оқу, зекет беру, рамазан айында ораза ұстау және қаражаты болса қажылыққа бару сынды құлшылықтарды қайта ойлауға алып келеді. Бекітілген құлшылықтарды намаз оқу, ораза ұстау және қажылыққа бару қажеттіліктер дауға түспейді [22. 81б.]. Я. Абдуллиннің пайымдауынша: «қоғамдық құбылыстар мен теологиялық жүйелерді рационалды бағамдау кезінде ағартушылар арасында исламдағы тақлид принциптерінен айырылу, соқыр сенімнен шығу көріністері шықты» [23. 68б.]. М.Степанянцта осы мәселеге байланысты: «Ижтиһадтың талабы барлық базалық дүниелерді қайта қарастыруға, тек қана фикһ мәселелерінде ғана емес, сенімдік мәселелерді де қайта қарастыруды негіздеді. Қоғамның өзгеруіндегі адам баласының еркін ойлауына және еркін жүріп тұруына мүмкіндік береді. Әрине бұл христиандықтың протестанттық ағымының әрекеттеріне сай келеді. Протестанттық бойынша шіркеудің ортадағы уасилалық әрекеттерін жоққа

шығарса, мұсылмандық реформацияда соқыр тақлид жасауға қарсы шығып мүжтаһид ғалымдарды шеттеді[21. 62б.]. Соңғы кезеңдердегі жаңа ислам ғалымдарының кейбірінің пікірінше, жалпы міндетті болған ережелердің барлығын реформалау исламның қайнар көздеріне қайшы келеді деген. Қазіргі замандағы ислам фиқһы бойынша ғалым А.Халлаф, ижтиһадты белгілі бір үкімге байланысты келген сенімді хабарлардың күшті болған кезінде ғана қолданбаймыз [24. 216б.]. Ижтиһадқа байланысты тағы бір пікірді қарайтын болсақ: Ижтиһад бұл құқықтық ережелерді түсінудің жаң-жақты ізденісі. Бұл ізденістер Құран, хадис және ижмағ сынды ислам қайнар көздерін қолдана отырып, аналогиялық әдіс арқылы негізделеді[25. 48б.].

«Ижтиһадтың есігі жабылған» деген пікірге байланысты кейбір ғалымдар (Халлак В., Монтгомери У., Гибб Г.А.Р.) сынға алып, ол пікірдің дұрыс емес екендігін туралы айтқан. Олардың ұстанымынша, ислам дінінің шығу тарихынан бастап қазіргі уақытқа дейін ижтиһад қолданылып келеді. «Ижтиһадты» белгілі бір құқықтық мектеп көлемінде қолдануға болады. Алайда «ижтиһадтың есігі жабылған» деген пікір, жаңа құқықтық мектептің құрылуына жол жоқ дегенге саяды [26. 219б.]. Ижтиһад пен тақлидке байланысты М.Кемпер былай дейді: «Ижтиһадта, тақлид те белгілі бір мәселе бойынша өзіндік орындары бар. Құран мен сүннетте және ханафи мектебінің құқықтық мәселелері бойынша көптеген мағұлматтар бар.

Олар кез-келген мәселеде, мейлі ол дұрыс болсын, мейлі ол бұрыс пікір болсын барлығын қарастырылған. М.Кемпердің пайымдауынша, тақлидке қарастыруға байланысты: «белгілі бір ғалымның артынан еру» деп ұдайы түсіндіріледі, алайда белгілі бір мектептің ішінде жүру арқылы ижтиһад сияқты ғалымдардың бір мәселе бойынша үкімдерінің түрлі болғандығын байқаймыз. Сондықтанда XIX ғасырдағы ғалымдардың барлығы тақлид жасау арқылы өз заманындағы туындаған мәселелер бойынша бір мазһаб шеңберінде жауап бере алған»[27.419б.]. Халид Абидтің пікірінше «ислам дәстүрі әр жақты және әр түрлі, белгілі бір мәселеде бір жақты шешім шығаруға болмайды», – дейді[28. 44б.].

«Ижтиһад пен тақлидке» байланысты көптеген пікірлердің болуына қарамастан, ижтиһадты қолдану туралы сұраныс туғызып отырды. Себебі діни дәстүрлерді қайта қарастыруға мүмкіндік беріп, жаңа бір леп беру болып табылатын. Осы орайда дәстүршіл қадымшылар мен жаңашыл татар жәдидшілері арасында талас-тартыстар дауы тоқтамады. XVIII-XIX ғасырларда алғашқы татар ғалымы ретінде А.Курсави «ижтиһадтың есігі ашық» деген концепцияға мән берген. Ол өзінің «әл-Иршад лил-Ибад» атты еңбегінде осы мәселеге байланысты екі тарауын арнаған болатын. А.Курсавидың пікірінше, ижтиһад – фақиһ ғалымның белгілі бір мәселедегі бойынша үкімін шығару немесе ижтиһад үкім шығару кезінде рационалды дәлелдерді деп

кабылдай отыра, үкім шығару кезінде кателік жасауыда мүмкін[29. 112б.]. А.Курсавидың ойынша, ижтиһад әр интеллектуалды мұсылман баласының міндеті. «Біл– әрбір адам өзінің шама шарқы жеткенше ақиқатты табу үшін күш жұмсау керек. Әркім өз шамасы келгенше бір мәзһаб шеңберінде немесе абсалютті түрде ижтиһад жасай алады. Алайда кімде-кім ижтиһад жасай алмайтын болса, онда оған тақлид жасауға рұқсат...»[30. 29б].

А. Курсавидің ойынша, әр білімді интеллектуалды мұсылман баласы, діни бір саланы меңгеріп алып өзіндік тұрғыда діни үкім бере алады. Алайда бұл пікір дәстүршіл болған, қадымшылардың ұстанымдарына сай келмейді. А.Курсавидің пікірлерін жинақтай келе, ол татар халықтары арасында бірнеше ғасырлар бойы жинақталған діни дәстүрлерді өзіндік ой-пікірге салып діни үкім шығаруға болады деген ұстанымға келеді. Ол ижтиһадты қолдануға болмайды деген білімсіз молдаларға қарсы шыққан. Прогрессивті бастамалар ХІХ ғасырдың бастапқы кезеңдерінде қолдау таппады. Себебі сол кездері татар халықтары арасында көптеген консервативті дәстүрлі дінді ұстанушылары басым болғандықтан.

А.Курсавидің ізің қуушы татардың тағы бір діндары, ойшылы, тарихшысы Ш.Марджани болды. Ол А.Курсавидің ұстанымдарымен танысып, Орталық Азияда оқу практикасы кезінде ижтиһадты қолдаушылар санатына кірді. Ол өзінің «Назурат әл-Хакқ фи фардыййат әл-Ишаа уа ин лам йә’ыб аш-шафақ» атты еңбегінде: Біздің айтуымызша, Құран,

сүннет, ижмағ, қиястағы дәлелдерге сүйенуіміз керек дейміз. Жәнеде ондағы дәлелдерді көрсетуіміз керек. Ол мүмкін сол кездегі немесе баяғы бір кезеңдегі ғалымның сөзі болсын. Әрине осыларға байланысты ғалымдарымыз айтқан ижтиһад қиямет күніне дейін жалғасын таба береді деп. Десе де ижтиһад жасаудың уақыты өтті, енді онымен қолдана алмаймыз деген сөздердің барлығы негізсіз болып табылады», – деген[31. 60б.]. Тақлидке байланысты ол: «Әрбір мұсылман баласы кезкелген мұжтаһид ғалымның артынан ере алады өз қалауынша. Себебі Алла елшісінің (с.а.с) сахабалары Әбу Бәкір мен Омардың артынан ергендер Әбу Һурайра мен Муаз ибн Жабалдың да пәтуаларын қолдана алады. Кімде-кім осы екі ижмағпен келіспесе онда ол өз дәлелдерін алып келсін» – деген [31. 66б.]. Ш. Марджанидың бұл сөздерінен кейін, жеке адам баласының ижтиһад пен тақлид мәселелерінде пікір еркіндігі бар екендігін алға тартқысы келген.

ХХ ғасырдың бастапқы кезеңінде ижтиһадқа байланысты мұсылман философы, М.Абдухұдың шәкірті З.Камали (1873-1942) бет бұрған болатын. Оның пікірінше, қоғам мен сананың даму деңгейіне байланысты, діни жүйелердің негіздері де келісілу керек. З.Камали әр ғасырда туындаған сұрақтарға сол кездері жауап беріліп отыру қажет дейді. Алайда әрбір қоғам жаңа реформаларды қажет етіп отыратын жаңа бір құрылым қажет етті. Әрине бұл құрылымда арнайы комиссия мүшелері бар. Олардың барлығы арнайы заман талабына сай үкім бе-

румен айналысады. Қазіргі таңдағы діни терминалогияда бұл комиссияны аһли истинбат деп аталынады. Оның мүшелері – мүжтаһид ғалымдар. Бұл комиссияның шешімдерін ижмағ деп атаймыз [32. 142б.]. Өзіңін жобасында З.Камали ижтиһадтың уақыты бітпегендігін нақтылай отыра, өзі кезкелген адам өміріндегі тап болатын жаңа мәселелерге байланысты үкім берудің жолдарын қарастыратын жаңа жобасын ұсынады. М.Абдуһудың тағы бір шәкірті М.Бигиевтың пайымдауынша, тақлидке қатып қалу мен мәһаб аралық талас тартыстардың барлығы ислам құқығының әрі күнгі проблемасы болып табылады. Осылардың шешімін мұсылман халықтары арасында мәдениет, саяси және экономикалық тұрғадан арақатынасты жаңдандыру жауаптарын таппақ [33. 12 2б.]. Ал тақлидқа байланысты: «Бұл бір ауру, мұсылман баласының ақыл санасымен жүрегін жаулап алған. Интеллектуалдық шегерімдерге алып келді. Ислам діні практикалық діннен тар пікірлі дінге айналды, күнделікті өмірден айырылғандай. «Тақлид мұсылман адам баласының сана сезімін соқырландырып, керемет шарифатымыздан айыруға алып келді» – дейді [33. 111б.]. Кейіннен тақлид ислам үмбетінің тап болған барлық әлеуметтік-саяси мәселелерінде, қатаң түрде тарихи мәселелерді көрсетіп бейнелеген болатын.

### Қорытынды

Ижтиһад ислам шарифатының өмірі, фикһ пен ижтиһад бар болып, бір-біріне әсер етіп отырса, ислам шарифаты да өз тіршілік нәрін

жалғастыра бермек. Себебі, өмірдің күннен күнге даму барысында шарифаттың әлемге кең етегін жайып жатырған кезінде ижтиһадтың қажеттілігі арта түспек. Күн өткен сайын жаңа жаңалықтар көбею үстінде, олардың барлығы дұрыс не болмаса бұрыс екендігін шарифи негіздер арқылы шешімін табу уақыт талабы болып табылмақ. Осы орайда оның шешімдерін шешу үшін ижтиһадтан өзге жол жоқ екендігі мәлім. Себебі ислам шарифаты барлық заман мен мекенге жарамдылығы ижтиһад арқылы ғана іске асады[4. 372б.].

Ислам ғұламасы Уаһдатул Зухайли ижтиһад жасауға шақырып, бос қарап отырмау керектігін ескертіп, былай дейді: «Ижтиһад жасау мүмкін істерге жатады. Ол ауыр дүние емес. Ол үшін алдыңғы жалған ойлар мен пікірлерді көміп тастауымыз шарт. Әрі біздің ақылдарымыз бен жүректерімізді басып тастаған жалған пікірлерді жою керекпіз. Алғашқылардың қол жеткізген нәрселеріне қол жеткізе алмаймыз деген ой күні болмақ. Ол дүние бейне ббір мүмкін емес іс сияқты болып кеткен. Ал атом ядроларын, тоқ күштерін және басқа да жаңалықтарды ойлап тапқаннан соң мүмкін емес іс бола ма екен.

Әр кезеңде, әр заманда ислам ғұламалары ижтиһад жасап, алдыңғы ғалымдардың сөздеріне талдау жасай отыра, мықты және өзіне жақынын таңдап, мазһабтарын жүйелеп, үкімдердің нақты шешімдерін анықтауға тырысты[4. 373б.].

Қорыта келе, жәдишілдік мұсылман адам баласының оқу ағарту процесстерімен қатар, діни сауаттылықта

аса белсенді рөл атқарды. Жәдид мектептерінің өкілдері діни мәселелердің бірі ижтиһадтың түсінігін кеңінен ашып бере отырып . Олардың пікірлерінше ислам тарихындағы «иж-

тиһадтың есіктері жабық» атты концепцияны қайта қозғау арқылы, консервативті исламды жақтаушылардан үлкен сынға ұшарады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. Москва: Издатель Валерий Костин, 2007.
2. Али-Заде А.А. Исламский энциклопедический словарь. М.:Ансар, 2007.
3. Бекова А.Т. Иджтиһад как институт мусулманского права // Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота,2011. - №7 (13): в 3-х ч. Ч.III.
4. Уаһбагу әз-Зуһайли. Усулул фикһ и әл исләми. Пт. Дамаск: Дәр әл Фикр, 2015ж.
5. Абу Дауд Сборник хадисов Сунаан Абу Дауда. – Казань: Иман, 2009.
6. Zuhayli V. Islam fikhi ansiklopedisi. – 1.cilt.-Istanbul: Risale yayinlari, 1994.
7. Спепанянц М.Т. Ислам в философской и общественной мысли зарубежного Востока XIX-XX вв. – М.: Наука, 1974.
8. Ибн Абидин. Шарх тәнуир әл-Абсар. IVт. Каир: 1984ж.
9. Әбу Хамид Әл-Ғазали. Әл-Мустасфа. Птом. Шарика Мәдина Мунауара, 2008ж.
10. Мұхаммад ибн Али Шауқани. Сабих: Иршадул фухул илә тахқиқ әл-Хаққи мин ғилли усул. 1349һ.ж.
11. Халифа Алтай. Құран Кәрімнің қазақша түсіндірме аудармасы. Сауд Арабиясы, Мәдина 1991ж.
12. Мұхаммед Тақиум әл-Хақим. Әл-Усул әл-Баммаһ ли-л-Фикһ әл-Муқаран. Бейрут,2008ж.
13. Мұхаммед Сағид әл-Бани. Ыумдатут-Тахқиқ фи әт-Тақлид уат-Талфик. Бейрут, 2011ж.
14. Әл-Һәшим әл-Хусайни. Әл-Мабади әльаммаһ лил фикһи әл-Жағрафи. Бағдад, Дәр-Нашр лилжамиғиин баспасы.
15. Жәләлулдин әс-Суәти. Әр-Радду ғала мән ахлада илә әрд. Бейрут, 2003ж. Дәрул Фикр баспасы. – 625б.
16. Әбул Фатх аш-Шахристани. Әл-Милал уан-Нихал. Пт. Каир, 1961ж. әл-Баби әл-Халби баспасы.
17. Rizaeddin bin Fahreddin Kaşem ve Kılıç Üstadı Şeyhülislam ibn Teymiyye ve mücadelesi Tatarcadan hazırlayan Ömer Nakan Özalp. – İstanbul: Özgü Yayınları, 2013.
18. Васильев А.М. История Саудовской Аравии (1745 г. 1973). –Москва: Издательства «Наука» Главная редакция восточной литературы, 1982.
19. Hallaq W. B. Was the gate of Ijtihad closed? // International Journal of Middle East Studies. Cambridge University Press. – Vol. 16. № 1 (Mar., 1984).
20. Iqbal M. Reconstruction of religious thought in Islam. – London: 1934.
21. Спепанянц М.Т. Мусульманские концепции в философии и политике (XIX-XXвв.). – М.: Наука, 1982.
22. Юзеев А. Татарская философская мысль конца XVII-XIXвеков. – Казань: Иман, 1998. Кн.1.

23. Абдуллин Я.Г. Татарская просветительская мысль. – Казань: Таткнигоиздат, 1976.
24. Халлаф А. Илм эл-усул эл-Фикһ. – Казань, 2000.
25. Гордон-Полонская Л.Р. История Пакистана. – М.: Изд-во восточной литературы, 1963.
26. Javed A. Javed M. The need of Ijtihad for sustainable development in Islam. – IIUC Studies. Vol.9 2012.
27. Кемпер М. Суфии и ученые в Татарстане и Башкортостане. Исламский дискурс под русским господством / Пер. с немецкого. – Казань: Российский исламский университет, 2008.
28. Халид А. Ислам после коммунизма: Религия и политика в Центральной Азии. – М.: Новое литературное обозрение.
29. Адиятуллина Г. Абу-н-Наср Курсави. – Казань: Издательство «Фэн» Академии наук РТ, 2005.
30. Курсави А. Наставление людей на путь истины (ал-Иршад ли-л-Ибад). Пер. с араб. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2005.
31. Марджани Ш. Назурат эл-Хаққ фи фардыййат эл-Иша уа ин ләм йә'ыб аш-Шафак («Обозрение истины относительно обязательности вечерней молитвы, когда не наступают сумерки»). – Казань, 2014.
32. Камали З. Филофия ислама: в 2т. Т. 1: Часть I. Философия вероубеждения/ пер., вст. сл., прим. И ком. Л.Алмазовой. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2010.
33. Хайрутдинов А.Г. Муса Джаруллах Бигиев. – Казань: Издательство «Фэн» Академии наук РТ, 2005.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Купешов Канат Умиртайұлы – PhD докторант, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, (Алматы, Қазақста, e-mail: kanatkupeshov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5033-6897>).*

*Тлебалдина Сауле Алимгазиновна – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Дінтану кафедрасының оқытушысы, (Алматы, Қазақстан, e-mail: saukelek@mail.ru).*

*Жылкелді Мейіржан Маратұлы – Исламтану бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі, (Алматы, Қазақстан, e-mail: meyrizhan.zhylkeldi@mail.ru).*

#### **معلومات عن المؤلفين:**

*كوبيشوف كانات – طالب دكتوراه، الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك، (كازاخستان، ألماتي) (e-mail: kanatkupeshov@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5033-6897>).*

*تلبالدينا سول – الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك، (ألماتي، كازاخستان) (e-mail: saukelek@mail.ru) (e-mail: meyrizhan.zhylkeldi@mail.ru) – ماجستير الدراسات الإسلامية، (كازاخستان، ألماتي).*

#### **Information about authors:**

*Kupeshov Kanat – PhD Doctoral Student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, (Kazakhstan, Almaty, e-mail: kanatkupeshov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5033-6897>).*

*Tlebaldina Saule – Lecturer at the Department of Religious Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, (Kazakhstan, Almaty, e-mail: saukelek@mail.ru).*

*Zhylkeldi Meyirzhan – Master of Humanities in Islamic studies, (Kazakhstan, Almaty, e-mail: meyrzhan.zhylkeldi@mail.ru).*

**Сведения об авторах:**

*Купешов Канат Умиртайұлы – PhD докторант, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, (Казakhstan, Алматы, e-mail: kanatkupeshov@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-5033-6897>).*

*Тлебалдина Сауле Алимгазиновна – Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, преподаватель кафедры религиоведения, (Казakhstan, Алматы, e-mail: saukelek@mail.ru).*

*Жылкелді Мейіржан Маратұлы - магистр гуманитарных наук по исламоведению, (Казakhstan, Алматы, e-mail: meyrzhan.zhylkeldi@mail.ru).*

**Е. Қалмұрат<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті  
Алматы, Қазақстан

## **САЯСИ ИСЛАМНЫҢ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ: ИРАН ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЙТА ИСЛАМДАНУ ҮДЕРІСІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

### **Аңдатпа**

Бұл зерттеуде 1979 жылғы Иран революциясының идеологиялық бастаулары және олардың Қазақстандағы қазіргі қайта исламдану процесіне қатыстылығы талданады. Жұмыстың мақсаты – Рухолла Хомейни және Али Шариати сияқты негізгі тұлғалардың дәстүрлі діни ұғымдарды саяси құралдарға қалай айналдырғанын зерттеу. «Кербала парадигмасы» мен «Интизар» (күту) тұжырымдамасының қайта түсіндірілуін қарастыру үшін салыстырмалы-тарихи тәсіл мен герменевтикалық талдауды қолданады. Зерттеу бұл теологиялық қағидалардың пассивті рухани аза тұтудан қалайша белсенді революциялық доктриналарға ауысқанын айқындайды.

Зерттеу Ирандағы исламның саясиленуі солшыл социология мен діни догманың синтезі арқылы жүзеге асып, қуатты мобилизациялық құрал қалыптастырғанын көрсетеді. Атап айтқанда, мақалада жастарды радикалдандыру және әлеуметтік наразылықтарды діни күреске айналдыру үшін қолданылған механизмдер анықталады. Қазақстанның қазіргі діни жағдайымен параллельдер жүргізе отырып, автор бұл тарихи прецеденттерді түсіну қазіргі мемлекеттік-діни қатынастарды реттеу үшін өте маңызды екенін алға тартады. Зерттеу нәтижелері постсекулярлық қоғамдарда радикализацияның алдын алу үшін рухани жаңғыру мен сенімді саяси мақсатта пайдаланудың (инструментализациялаудың) аражігін ажыратудың маңыздылығын баса көрсетеді.

**Түйін сөздер:** саяси ислам, Иран революциясы, Али Шариати, Рухолла Хомейни, қайта исламдану, Қазақстан, Кербала парадигмасы, діни радикализм, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар, идеология.

**Y. Kalmurat<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak  
Almaty, Kazakhstan

## **IDEOLOGICAL FOUNDATIONS OF POLITICAL ISLAM: A COMPARATIVE ANALYSIS OF THE IRANIAN EXPERIENCE AND RE-ISLAMIZATION IN KAZAKHSTAN**

### **Abstract**

This study analyzes the ideological origins of the 1979 Iranian Revolution and their relevance to the modern process of re-Islamization in Kazakhstan. The paper aims to explore

how traditional religious concepts were transformed into political instruments by key figures such as Ruhollah Khomeini and Ali Shariati. The authors employ a comparative-historical approach and hermeneutic analysis to examine the reinterpretation of the «Karbala paradigm» and the concept of «Intizar» (waiting). The study investigates how these theological tenets shifted from passive spiritual mourning to active revolutionary doctrines. The research highlights that the politicization of Islam in Iran was driven by a synthesis of leftist sociology and religious dogma, creating a powerful mobilization tool. Specifically, the paper identifies the mechanisms used to radicalize youth and transform social grievances into religious struggle. Drawing parallels with the current religious landscape in Kazakhstan, the article argues that understanding these historical precedents is crucial for managing contemporary state-religion relations. The findings emphasize the importance of distinguishing between spiritual revival and political instrumentalization of faith to prevent radicalization in post-secular societies.

**Keywords:** Political Islam, Iranian Revolution, Ali Shariati, Ruhollah Khomeini, Re-Islamization, Kazakhstan, Karbala Paradigm, Religious Radicalism, State-Confessional Relations, Ideology.

ي. كالمورات<sup>1</sup>

<sup>1</sup>جامعة نور-مبارك للثقافة الإسلامية المصرية  
ألماتي ، كازاخستان

## الأسس الأيديولوجية للإسلام السياسي : تحليل مقارن للتجربة الإيرانية وإعادة الأسلمة في كازاخستان

### الملخص

تحلل هذه الدراسة الأصول الأيديولوجية للثورة الإيرانية عام 1979 وصلتها بالعملية الحديثة لإعادة الأسلمة في كازاخستان. يهدف البحث إلى استكشاف كيفية تحويل المفاهيم الدينية التقليدية إلى أدوات سياسية من قبل شخصيات رئيسية مثل روح الله الخميني وعلي شريعتي. يستخدم المؤلفون المنهج التاريخي المقارن والتحليل التأويلي لفحص إعادة تفسير «نموذج كربلاء» ومفهوم «الانتظار». تبحث الدراسة في كيفية انتقال هذه المبادئ العقائدية من حالة الحداد الروحي السلبي إلى عقائد ثورية نشطة.

يسلط البحث الضوء على أن تسييس الإسلام في إيران كان مدفوعاً بمزيج من علم الاجتماع اليساري والعقيدة الدينية، مما خلق أداة تعبئة قوية. وتحدد الورقة، على وجه الخصوص، الآليات المستخدمة لدفع الشباب نحو التشدد (الراديكالية) وتحويل المظالم الاجتماعية إلى صراع ديني. ومن خلال رسم أوجه التشابه مع المشهد الديني الحالي في كازاخستان، يجادل المقال بأن فهم هذه السوابق التاريخية أمر بالغ الأهمية لإدارة العلاقات المعاصرة بين الدولة والدين. تؤكد النتائج على أهمية التمييز بين الإحياء الروحي والتوظيف السياسي للدين لمنع التطرف في مجتمعات ما بعد العلمانية.

**الكلمات المفتاحية:** الإسلام السياسي، الثورة الإيرانية، علي شريعتي، روح الله الخميني، إعادة الأسلمة، كازاخستان، نموذج كربلاء، الراديكالية الدينية، العلاقات بين الدولة والدين، الأيديولوجيا.

**Е. Қалмұрат<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак  
Алматы, Казахстан

## ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОЛИТИЧЕСКОГО ИСЛАМА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ИРАНСКОГО ОПЫТА И РЕИСЛАМИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ

### Аннотация

В данном исследовании анализируются идеологические истоки Иранской революции 1979 года и их актуальность для современного процесса реисламизации в Казахстане. Целью работы является изучение того, как традиционные религиозные концепции были трансформированы в политические инструменты такими ключевыми фигурами, как Рухолла Хомейни и Али Шариати. Авторы используют сравнительно-исторический подход и герменевтический анализ для исследования переосмысления «парадигмы Кербелы» и концепции «Интизар» (ожидания). В исследовании рассматривается, как эти теологические постулаты эволюционировали от пассивной духовной скорби к активным революционным доктринам.

Исследование подчеркивает, что политизация ислама в Иране была обусловлена синтезом левой социологии и религиозной догматики, что создало мощный инструмент мобилизации. В частности, в работе выявляются механизмы, использованные для радикализации молодежи и трансформации социального недовольства в религиозную борьбу. Проводя параллели с современным религиозным ландшафтом Казахстана, авторы утверждают, что понимание этих исторических прецедентов имеет решающее значение для управления современными государственно-конфессиональными отношениями. Результаты исследования акцентируют внимание на важности разграничения духовного возрождения и политической инструментализации веры для предотвращения радикализации в постсекулярных обществах.

**Ключевые слова:** политический ислам, Иранская революция, Али Шариати, Рухолла Хомейни, реисламизация, Казахстан, парадигма Кербелы, религиозный радикализм, государственно-конфессиональные отношения, идеология.

### Introduction

The Islamic Revolution of Iran in 1979 was a historical turning point that reshaped the geopolitical architecture of the 20th century and brought the phenomenon of «Political Islam» to the global agenda. This event was distinguished not merely by a change in power, but by an ideological transformation achieved through a unique synthesis of religious dogma and social protest. Ideo-

logues such as Ruhollah Khomeini and Ali Shariati successfully transformed centuries-old eschatological and ritualistic concepts – such as the martyrdom of «Karbala» and the «Waiting» for the Hidden Imam – from states of passive mourning into instruments of active revolutionary struggle.

Currently, the process of re-islamization unfolding within the post-Soviet space, including Kazakhstan, is gener-

ating new debates regarding the role of religion in society. The risk of spiritual inquiries evolving into political ideologies, the utilization of religious symbolism for mobilization purposes, and the transformation of traditional values represent urgent issues requiring scholarly examination.

Therefore, the aim of this study is to uncover how religious terminology was politicized by analyzing the ideological structure of the Iranian Revolution and to assess the relevance of this historical experience to the current religious landscape in Kazakhstan. By examining the «mistakes and lessons» of history, we consider the importance of maintaining a balance between the secular state and religion.

### Methodology

**1. Research Design.** This study employs a **qualitative research design**, specifically utilizing a historical-analytical approach to examine the ideological transformation of Shi'a Islam prior to and during the 1979 Iranian Revolution. The primary objective is to deconstruct the mechanisms by which traditional religious concepts were reinterpreted into modern political tools.

**2. Data Collection.** The research draws upon two distinct categories of sources:

